

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№7 (174),
ҚЫРКҮЙЕК
2019 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев,
Т.Омарбеков, — т.ғ.д. акад.;
Б.Аяған, Ә.Мұқтар — т.ғ.д.,
проф.; Д.Сәтбай, С.Сымағұ-
лова, Ұ.Ысмағұлов — т.ғ.д.
доц.; Н.Әлімбаев, А.Жұмаділ,
Ж.Әшірбекова, М.Ноғайбаева,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина —
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен — п.ғ.к.,
Қ.Қарамандәев — тарихшы-
зерттеуші.

С.Әбішқызы — тұңғыш бас
редактор. Б.Матекова — ұстаз-
әдіскер. Ш.Таңмамбетова,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
— озат ұстаздар.

Басуға 27.09.2019 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. — 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы — 1500.
Индекс — 75748.
Тапсырысы —

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми теориялық
мақала авторлары орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспей де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Эльмира Телеуова, Зибәгүл Илиясова. Дәстүрлі өркениеттегі әдеттік құқықтың әмбебаптық сипаты.....	2
Алмас Тоқсанбаев. Дәстүрлі қоғамдағы билеушінің қасиетті бейнесі.....	5
Фархад Мұстафин. Ойраттардың Батыс Сібірге қоныс аударуы.....	8
Қ.Тауенов, М.Рақымжанова, Т.Тіленова. Орта Азия хандықтарының Сыр бойын отарлауы.....	9
Гүлбану Жүгенбаева. Азаттық үшін күрес тарихының ауызша деректемелері.....	12
Назира Нуртазина. Историческая рефлексия в литературных произведениях тюркских кочевников XV-XVIII вв.	15
Г.Бижанова, Т.Бошыбаев, Л.Байбосын. Әлеуметтік қызметті реттеудің құқықтық негіздері.....	21
Balnur Yerzhanova. Features of the cities of Zhetysay region.....	23
Айжан Исаянова. Этномәдени сәйкестілік феноменін түсіну.....	25
А.Бексейітова, А.Әлібекова. Дала өркениеті түсінігі мәселесі.....	27
З.Айткенов, Б.Абдрахманов, С.Раздықов. Академик С.Бейсембаевтың "Ленин және Қазақстан" атты еңбегіне бүгінгі көзқарас....	29
Қарлығаш Жылқышыбаева. Шығыстың қос жұлдызы.....	31
Дархан Жумағалиев. О деятельности Есет батыра.....	34
Галина Матвеева. Имя Момбек би хуже чем "Қарасу"?.....	36
А.Кистаубаева, Г.Жапакова. Великий ученый земли Казахской.....	37
Өтеген Исенов. Жер мәселесі және Ахмет Байтұрсынұлы.....	39
Л.Рсымбетова, Э.Мырзақұлова, А.Талман. Қазақ халық ағарту институты.....	42
Бағдат Кәрібозұлы. Базар жырау толғаулары.....	45
Ләззат Серікова, Бақытгүл Мырзабаева. Академик Рамазан Сүлейменов.....	48
Куаныш Аканов. Материалы по истории Казахстана в архивах Оренбурга.....	51
Арайлым Мұсағалиева, Баршагүл Исабек. Оңтүстік Қазақстанға Белорустардың жер аударылуы.....	54
Аққайың Балықова. Еңбек көші-қоны туралы.....	56
Айман Жұманова. КСРО тіл саясаты — ұлт саясатының бөлігі.....	58
К.Смагулова, Л.Котиева. Культура и языки народов северо-восточной Азии.....	60
Самат Есқалиев. Рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі — Отан тарихы.....	64
Мәди Рахимов, Зүлиха Марданова. Ертіс өңірінің киелі орындары.....	65
Айгүл Абдилдабекова. Проблемы адаптации казахов-репатриантов.....	68
Гүлжанар Абдыкулова, Гүлнар Мусабалина. Негативные тенденции в повседневной жизни женщин Акмолинской области.....	71
Сауле Бағдатова. Ретроспекция переноса столицы Казахстана.....	73
Жапсарбай Куанышев. Правовая реформа в Республике Казахстан.....	76

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Лариса Қожахметова. Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы.....	79
Салтанат Жұмаділова. Тың игеру жылдарындағы Қазақстан.....	80

УДК 94 (930.85)

ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕГІ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҢ ӘМБЕБАПТЫҚ СИПАТЫ

Эльмира ТЕЛЕУОВА,
 тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы
 ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
 Зибәгүл ІЛИЯСОВА (Ильсоева),
 тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Гумилев атындағы
 Еуразия Ұлттық университеті профессорының міндетін атқарушы

Мемлекеттің қоғамдық қатынастарындағы жетістігінің айғағы – құқықтық әділеттілік. Қоғам ішіндегі құқықтық әділетсіздік әлеуметтік қайшылықтардың туындауына әкеледі. Көшпелілердің өркениеті құқықтық мәдениеттің жеке индивид құқығымен ұштасып жатуы арқылы ерекшеленді. Бұл көшпелілер қоғамындағы құқықтың «шынайылық» принципі және «әділеттілік» іздеушінің ақиқатқа қол жеткізу қағидалары жеке билеушілердің мүдделерінен жоғары тұруын айғақтайды. Көшпелі қоғамдағы «тәуелсіз бақылау билігі» институт ретінде қалыптасуы және оның көлбеу болуының маңызы «ақиқатқа» жету жолындағы әдеттегі құқықтың заңдастырылуына ықпал жасады.

Көшпелілердің әдеттегі құқығы өзінің реттеушілік қызметін ғасырлар бойы жалғастырды. Көшпелілердің әдеттегі құқығына қатысты: протоқұқық, моноереже, әдет-ғұрып ережелері ұғымдары жиі қолданылады. Тарихи тұрғыдан қарағанда әр халықтың әдеттік құқығы жазылмаған, жазылған ережелер кезеңінен өтті. Көшпелілердің мемлекеттілігінің қалыптасуында заңдық тіректің болуын және оның қоғамдық сұранысқа қатысты түрленуі мен өзгеріске ұшырауын ерекше назарға алған жөн. Көшпелілер құрған мемлекеттер құқықтық ережелердің аясында өмір сүрді. Дәстүрлі өркениет нақты құқықтық қатынастардың шеңберінде қалыптасып, дамыды. Көшпелі ортада бейберекетсіз іс-әрекеттерге жол берілмеді. Қоғам ішінде әр көшпелінің жауапкершілігі мен міндеттері әдеттегі құқық арқылы анықталды. Сондықтан болар жеке билеушілер әдеттегі құқықты жаңартуды емес, жаңғыртуды көздеді.

Бүгінгі таңда батыстық құқықтық үлгі, құқықтық мәдениет өзге елдің рухани құндылықтарын басшылыққа алған заң шығармашылығын қалыптастырып отыр, біздің ділімізге қайшы құндылықтарды заңды тұрғыдан күштеп табу орын алуда. Батыстық құқықтық үлгі меншікке табынушылыққа негізделген. Ал, дәстүрлі өркениеттегі көшпелілердің құқығы – адамгершілік құндылықтарынан бастау алады. Оның басты айғағы көшпелілерде абақтының болмауы, қылмыс ұғымының «күнә» ұғымымен қатар жүруі. Ол, әрине, қылмыс болмады деген пікір емес, бірақ барлық Дала заңдарында қылмысты оқиға (прецедент) бойынша атауы көшпелі қоғамның өзіне тән өмір сүру ортасы болуының айғағы.

Дәстүрлі өркениеттің түркі-моңғол халықтарының әдеттегі құқығын құрайтын мұраларын жүйелі түрде зерттеу қажеттігі туындап тұр. Оны ғылыми деңгейде зерттеп, таныту бағытындағы жұмыстарды жүзеге асыру қажет. Халық, мемлекеттің тарихы құқық тарихымен ұштасуы заңды құбылыс. Дәстүрлі өркениеттің әдеттегі құқығын жүйелі түрде зерттеу арқылы оның өзара сабақтастығын көрсету

және насихаттау мүмкіндігі туындайды. Евразия кеңістігіндегі халықтардың рухани және адамгершілік құндылықтарының көтеруде әдеттегі құқықты басты идея ретінде қолданған жөн. Бұл идея аясында қоғам ішінде өзара қатынаста ашықтық, ойда ортаға салу тәжірибесі және жеке басының қасиеті бойынша құқықтық салаға маман даярлауға мүмкіндік туғызады.

Қазіргі ғылыми ортадағы әдет және әдеттік құқық ұғымына қатысты қалыптасқан түсініктер: тарих, этнология, әлеуметтану және юриспруденция бағыттарындағы зерттеулерде дәйектелген. Әдеттегі құқықты қоғамдық сананы қалыптастырудағы феномен ретінде қарауға болады. Осыған орай әдет және әдеттегі құқық түсінігінің ортақтығы туралы мәселелер туындайды. Әдет – түрлі сыртқы сипатта көрініс тапқан ережелерге, өзінің қайталануы мен тұрақтылығына негізделсе, әдеттегі құқық қағидалар мен жауапкершілік дәрежесін алғышарт ретінде қабылдайды. Әдеттегі құқық – «белгіленген тәртіпке» қатысты орындалатын іс-әрекеттер жиынтығы болды. Әдеттік құқықтың пайда болуында моральдік ережелердің қоғамдағы сұранысқа ие болуымен қатар жүрді.

Әдеттегі құқық – ережелер жиынтығы және ол мемлекет тарапынан бекітілген (санкцияланған) дәстүрлі мононормаларды құрайтынын А.И.Першиц атап өтеді [1]. Әрине, көп жағдайда жеке билеушілер әдеттегі құқықты туындаған жағдайларға байланысты (de facto түсінігі) мемлекеттік деңгейде бекітіп, мойындайды. Бірақ әдеттегі құқықта юриспруденциялық ережелер толық көрініс таппайды.

Көшпелілердің әдеттегі құқығының түсінігін мына ұғымдар құрады:

- құқықтың қасиеттілігі;
- адамгершілік өлшем («адал» және «адал емес» іс-әрекеттер);
- идеялық ұстанымдар «әділеттілікке жету», «жеңіп шығу емес жеңілдеп шығу», «ақиқатқа жету»;
- абстракты емес, құқықтық ережелердің нақты сипаттарының болуы (болжау, диспозиция, санкция);
- жазылмаған ережелердің сақталуы.

Көшпелі қоғамдағы әдеттік құқықтың болуын архаикалық қатынастың сипаты ретінде қарау дұрыс емес. Бұл пікірлер мемлекеттіліктің қалыптасу тарихындағы әдеттегі құқықтың үнемі қоғамдық дамуды тежеді деген пікірлерге арқау болып отыр. Әрине, бұл жерде көшпелі қоғамның өзіне тән әлеуметтік ұйымының ішкі қатынастарына әдеттік құқықтың тиімділігі ескеріле бермейді. Әдеттегі құқықты дағдылы құқық ретінде қарауға болмайды. Себебі, этикалық және этикеттік мононормалар әдеттегі құқықтың қайнар көзі болды. Әдеттегі құқық туралы

концепцияны Ю.И.Семенов ұсынады [2]. Оның көрсетуі бойынша қоғамдық еріктілік және шектеулер, мораль мен жеке құқықты қамтитын ұғым әдеттегі құқықты құрайды.

Әдеттегі құқық заңның пайда болуынан кейін өзінің қызметін жалғастыра берді. Оның өміршеңдігі көшпелі қоғамдық санамен байланыстырылады. Әдеттегі құқық және әдет бұл дәстүрлі қоғамдағы екі түрлі унификацияланған және идентификацияланған тәртіп ретінде қарастырылады.

Көшпелілердің әдеттегі құқық түсінігін В.М.Викторин [3] екі деңгейге бөліп қарайды: жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген және көшпелі мемлекеттің тарапынан реттеушілік қызметті жүзеге асыратын әскери әкімшіліктің тірегі тұрғысында. Заң саласы мамандары тарапынан әдеттегі құқық ұғымының анықтамасы нақтыланған. Мұнда қоғам ішінде тәртіпке негізделген ережелер жиынтығы ретінде айтылады. Мемлекеттің қалыптасу тарихында әдеттегі құқықтың түрленуі жүреді. Жеке билеушілер өз тарапынан кейбір ережелерді заңдастырса, ендігілері қоғамдық сұраныстың болмауынан тарихи жадыда сақталып отырды. Бірақ ол мүлдем жойылып кетпеді. Оның «өнегелі құқыққа» айналуына ықпал жасады. Көшпелі қоғамның дүниетанымында «өнегелі құқықтың» сақталуының жазылмаған қағидаттарына қатысты туындады. Кейбір мемлекеттерде заңдар жазылып сақталғанына қарамастан прецеденттік құқықта қатар жүргізіледі. Әдеттегі құқық ұзаққа созылған іс-әрекеттердің қайталануынан туындады. Жиі қайталануы оның ережеге айналуына ықпал жасады. Ол көшпелі қоғамның сұранысынан туындап отырды. Құқықтық қатынастардың күрделенуі құқықтық мәдениеттің дамуымен қатар жүрген үрдіс болды. Осы жағдайда әдеттегі құқықтың толығымен қоғамның ішкі құқықтық дамуына жауап бере алмауының себептерін анықтауға болады:

- іс-әрекеттің шектеулілігі;
- ортақтықтың болмауы;
- субъективтілігі.

Көшпелі қоғамдық қатынастарда XX ғасырдың басына дейін әдеттегі құқықтың реттеушілік қызметті атқаруы, жеке билеушілердің көп жағдайда әдеттегі құқықты жоюды көздемеуі, керісінше оның заңдық негізде бекітілуіне жағдай жасауының себепшісі болды. Қазіргі таңда әлемдегі заң шығарушылық құрылымы алдыңғы қатарлы мемлекеттердің өзінде де әдеттегі құқықтың кейбір түсініктері азаматтық, сауда, конституциялық құқықта көрініс тапқан. Дәстүрлі құқықтық жүйедегі мемлекеттерде әдеттегі құқық өзінің өмір сүруін жалғастыруда.

Әдеттегі құқық ұғымы «протоқұқық», «моноереже», «құқықтық әдет» тұрғысындағы ұғымдармен қатар қолданылады. Ғылыми бағыттардағы зерттеулерде «әдеттегі құқық» ұғымының түрлі аспектіде қолданады. Бұл жағдай тарихшылар, заңгерлер мен әлеуметтанушылар арасындағы түрлі ұстанымдардың болуына қатысты туындап отыр.

«Орталық Азияның түркі халықтарының адаты мен заңнамасының бастауы ертеде жатыр, ауызша құқық барлығына ортақ болып, кеңістікпен уақыт межесінде кейбір тетіктері түрленіп, өзгеріске ұшырап отырды», – деп көрсетеді Н.Гродеков [4]. Сондықтан болар, көшпелілердің әдеттегі құқығын өзара байланыста қарау, салыстыру, ықпалын талдау арнайы зерттеушілер арасында үнемі кездесіп отырады. Мысалы XIX ғасырдың авторы Ф.Леонтович [5] қазақ құқығының шығу төркінін моңғол құқығымен байланыстырады. Оның пікірі бойынша «Ұлы Жасақ» қазақ қоғамында сақталып, реттеушілік қызметін

«Жеті Жарғының» баптарында көрініс табуына тоқталады.

Бірақ XX ғасырдың авторлары, оның ішінде С.Фукс бұл пікірді жоққа шығарады. Ол өзінің зерттеулерінде «Ұлы Жасақты» орталықтанған мемлекеттің заңы ретінде дәйектеп, оның баптары мемлекетті нығайтуға бағытталған нормаларды құрайтынын және оның кодификацияланған әдеттегі құқық ретінде қарастыруға қарсы болды [6]. Сонымен қатар, Қазақ хандығының орталықтанған мемлекет ретінде өмір сүруінде әдеттегі құқықтың қолданылуы мемлекеттік институттардың қалыптасуында кедергі болуы туралы көзқарастар кеңестік тарихнамада орын алды.

Осыған қарамастан деректер қазақ билеушілерінің «Ұлы Жасақтың» баптарын, әдеттегі құқықты, шариатты қатар қолдануын көрсетеді. Мысалы Рузбеханның мәліметінен қазақ сұлтандары «Жасақ» бойынша Жошының тұсындағыдай жерді иелену құқығын сақтағаны белгілі. Дәстүрлі құқыққа тән ортақ институт бұл – құрылтай болды. Оның тарихи бастауы сайын даланың алғашқы көшпелі мемлекеттерінің кезеңінен басталады.

Көшпелі қоғамның құрылымын әдеттегі құқық нормативтері арқылы танып білуге және оның өзіндік түсініктері болуын ерекше атап өткен Б.Я.Владимирцов болды [7]. Сондықтан көшпелілердегі әдеттегі құқықтың мемлекеттегі реттеуші қызметінің маңызын жоққа шығаруға болмайды. Әрине, түрлі тарихи кезеңдерде ол түрленіп, ықпалдық тетіктері ауысып отырғанымен басты мазмұны сақталып қалды.

Дәстүрлі өркениеттің құқықтық мәдениет құндылықтары мемлекеттіліктің даму тарихымен тікелей байланысты. Кез келген қоғамның ішкі біріктіруші сипатын құқықтық ережелер құрайды. Көшпелілердің дәстүрлі құқығы өте ұзақ үрдістен өтіп, дамыды. Әдеттегі құқықтың дәстүрлі өркениетке тән қасиеттері болды; қысқа, оңай есте қалатын, сонымен бірге ұтымды сөз тіркестерінен құралған ережелерден тұрды. **Дәстүрлі өркениеттің әдеттегі құқығының мазмұнын ашатын, жазылмаған, ғасырлар бойы жалғасын тапқан тұжырымдар болды:** «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы»; «Айғақтың тазасы күмәнмен мойынға салынады»; «Сөз шынына тоқтайды, пышаққынына тоқтайды»; «Әділ төрелік ортақ»; «Құнды қылышпен алмас, қисынмен алар»; «Заманына қарай – заңы, тоғайына қарай – аңы»; «Заң адамды бағындырады, заңды ақыл бағындырады»; «Болмайтын істің басында болма, бітпейтін даудың қасында болма»; «У ішкен бір өледі, ант ішкен мың өледі»; «Барымтамен келген мал, қарымтамен кетеді»; «Ханды құдай ұрғаны – халқымен жау болғаны, Биді құдай ұрғаны – билігі даулы болғаны»; «Жамандықты жазаламаған адам – оның дем берушісі»; «Ұлы би қылжың болмас, әділ би мылжың болмас»; «Әділ бидің өлгені – сөзінің болса жалғаны»; «Әділ адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды». Жазылмаған осы қағидалар көшпелі қоғамның күнделікті өмірінің шындығы болды. Дала кеңістігінде жасаған ісіңнің жауабы сүйекке түскен таңбадай қалып отырды. Халық жадында ол ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Сондықтан бас қосқан жерде әр қазақ «арымның алдында тазамын, тегімде сүйекке түскен таңба жоқ» деп мақтанатын болған. Егер бей әдеп орын алған жағдайда бүкіл ру, бүтіндей елдің намысы тапталады. Осы тұста ерекше назарға алатын мәселе ол ұжымдық құқықтың басым болуы, оның құн, айып төлеу үрдісінде анық көрініс тапқан. Бірақ дәстүрлі өркениетте индивидтік құқтың басымдылығы да орын алған. Жеке адамның өзінің

іс-әрекетінің алдында жауаптылығы, ел алдындағы абыройын қалыптастырды. Конус тәрізді үйде дүниеге келген индивидтің дүниетанымында өзі жасаған ісінің сұрауы, жамандық жасасаң оның айналып келуінің шарттылығын көрсетті. Шаңырақ пен кереге дала кеңістігіндегі ақпараттың жасырын қалуының мүмкін еместігінің айғағы болды. Сондықтан көшпелі қоғамдағы жеке тұлғаның өмірлік таңдауы үнемі еріктілік пен ашықтықтан тұрды. Тұлғалық қасиетті дала құқығы жоғары бағалады. Қазақ билерінің моральдік сипаты осының дәлелі болады.

Дәстүрлі өркениеттің құқықтық нысана билік парасатты тұлғаның қолында болуы, жеке басының қасиеттерін тірнектік байлықтан жоғары қоя білген. Оның ішінде ақыл категориясын ерекше бағалаған. Кең мағынада алып қарасақ, ақыл – адамның адами болмысының түп-тамыры, түпнұсқа бітімі, адам субстанциясының маңызды бөлігі әрі оның айқындаушы белгілерінің бірегейі деп қарауға болады. Ал тар мағынада қарасақ – ақыл адамның пайымдау және ойлау қабілеті, танымдық тұрғыдағы талдау және қосынды жасау, қорытындылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін оның сапалық қасиеті. Қазақ билер сотының жүйесі жағдайында теориялық ақылды ақиқатқа, әділдікке жету құралы ретінде қарастыру мәселесі қойылды. Осы тұрғыдан қазақ билер сотының нағыз ақиқатқа, әділдікке негізделген түп-төркінін біздің ұрпаққа дейін мирас болып жеткен халқымыздың шешендік сөз өнерінен және мақал-мәтелдері арқылы көзге елестетіп, көңілге түюге болады. Бұл орайда «*Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз*» деген мақал бар. Қазақтардың «сөз» деген түсінігінің астарында кез келгенді көндіре алатын алғыр және нанымды нағыз шешендік өнері жатыр. Сондай-ақ «*Ақыл – жүректің суаты*» – деп келетін шешендік сөзден ақыл адамның рухани әлемінің қайнар көзі, рухани тіршілігінің әміршісі және өлшемі деген пайымдауды аңғарамыз. Ақылдың осындай ерекше қасиеті туралы қазақ шешендік өнерінде өз көрінісін тапқан. Мәселен, «*Сөзіңді тіліңе билетпе, ақылыңа билет*» десе (Бөлтірік шешен), Әйтеке бидің: «*Ақыл деген дария, алдын тоссаң тоқырар*», – деген шешендік толғамы ақылдың танымдық болмыс-бітімін айқындайтын ерекше сипатын көрсетеді. Сонымен, ақыл кез келген адамның таным жолында ізденуге деген құмарлығын арттырып, оны зор ықыласпен әрі құштарлықпен зерттеуге жетелейді, адамның зерделеу, талдау, жинақтау сезімдерін жетілдіреді деген түйін жасауға болады. Қазақтың әдеттегі құқығының қайнар көзін жүзеге асыратын тұлғалардың рухани келбеті уақыт пен дала кеңістігіндегі ақпараттық желіде сақталып, дәріптеліп отырды.

Дала өркениетіндегі құқықтық құндылықтарды қалыптастыруда, дәстүрлі құқықтың ұстанымдарын толықтырған Ислам діні болды. Ислам діні бойынша Құран кәрімде ақыл Алланың адам баласына берген ең ұлы қасиеті болып есептеледі. Адам діни ережелерді орындауы үшін ақыл-есі бүтін, толық болуы шарт. Осы тұрғыдан Ислам діні бойынша, ижтиһад концепциясы ақылдың қызметіне сүйенген дүниетаным әрі көзқарас болып табылады. Сонымен бірге ақыл – пайымдау, саралау және ой қорыту объектілерінің адам санасында орнығу мүмкіндігін көрсетеді. Осы тұрғыдан қазақ би-шешендері ақылдың көмегімен адам жақсы мен жаманды, адалдық пен зұлымдықты ажырата алады деп көрсетіледі. Мәселен, «*Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос*», «*Ақылшы болса, ағайын жақын*» (Қазыбек би), – деген салмақты сөздер соның дәлелі. Демек, халықтан шыққан шешендер мен ділмарлар ақылдың этикалық қыз-

метін анықтап, оның моральдық нормаларға сәйкес қызмет жасау мүмкіндігін көрсетіп берді. Адам өзіне қажеттілерді өз ақылымен шешу керек, яғни ол тек қана ақылға жүгінуді жөн көруі керек ойды негіздеді. Халық даналығы бойынша адам біреуге қиянат жасау үшін ақылын жұмсайтын болса, онда ол ақылсыз адам болады. Мысалы, «*Естіге айтқан ақыл сөз – шыңға тіккен тумен тең, ессізге айтқан ақыл сөз – құмға сіңген сумен тең*», «*Хан қасында ақылды би болса – қара жерге кеме жүзеді*» (Майқы би), – деп айтылған мәнді де, мағыналы сөз саптаулары бұған дәлел бола алады. Дәстүрлі өркениеттің құқытық мұраларын ауызша тарихнаманың мазмұны ерекше ашып бере алады. Нақты тәртіпке жүгінген, бейәдеп іске бармайтын, ашық, өзіне дұрыс талап қоя білетін «ақыл мен парасатқа», «ар мен ожданға», «адалдық» құндылықтарын бойына сіңірген көшпелі қоғамның әр мүшесі әдеттегі құқықты қадірледі және шын мәнінде оның баптарына сәйкес өмір сүрді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается обычное право кочевников, обычное право обеспечивало социальное благополучие и функционирование хозяйства кочевников, выражая волю и интересы не только и не столько привилегированных групп, но и большей части рядовых членов кочевого общества. Этим объясняется и консерватизм, устойчивость норм обычного права, просуществовавших до конца XIX – начала XX веков. Многие же из норм семейно-брачного права и обязательств в той или иной форме сохранились и до наших дней, несмотря на полное разрушение традиционного экономического уклада.

Ключевые слова: традиционность, меритократия, иерархия, обычное право.

The Kazakh laws originate from Turkic times, and were enriched by the legal practices and cultures of other peoples. Secondly, Kazakh laws borrowed and interpreted adapting to their needs the best samples and models of legal cultures of other peoples. Customary law was designed to address the solution of the complex needs of Kazakh society. Within various historical periods the legal systems aimed to regularize relations between and within nomadic states, have much in common. State structure of Kazakh khanate, system of political governance, legal relations, cultural evolutions originate from early times. Tribal confederations and their legal practices left a rich legacy for Kazakh nomadic society.

Key words: traditionality, meritocracy, hierarchy, customary law.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Першиц А.И. Мононорматика и начальное право. Статья 1, 2-ая // Государство и право. 2000. № 1; 2001. № 9. 66-б.
- 2.Традиционная нормативная культура, организация власти и экономика народов Северной Евразии и Дальнего Востока / Сост. и ред. Ю.И.Семенов. М., 2000; Степной закон. Обычное право казахов, киргизов и туркмен / Сост. А.А.Никишенков; Ред. Ю.И. Семенов. М., 2000.
- 3.Викторин В.М. Обычное право в истории кочевой жизни ногайцев // Обычное право в России: проблемы теории, истории и практики. Ростов н/Д., 1999. 99-б.
- 4.Гродеков Н. Киргизы и кара киргизы Сырдарьинской области. Ташкент, 1889.-Т. 1. 22-б.
- 5.Леонтович Ф. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взысканий. Древний мир казахов.2003 г. 412-б .
- 6.Фукс С. История казахского права по русским источникам XVIII-XX вв. Древний мир казахов. 2003.423-б.
- 7.Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934. 3-б.

Алматы қаласы.

Қазақ тарихы

№7 (174), қыркүйек, 2019

ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІНІҢ ҚАСИЕТТІ БЕЙНЕСІ және оған қатысты зерттеулер мен олардың маңызы

Алмас ТОКСАНБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих
мамандығы бойынша II курс докторанты

Кіріспе. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері көне дәуірден бүгінге дейін жүріп өткен жолының тарихын дәріптеуге кең ауқымды мүмкіндіктер жасалып келеді. Қазақ мемлекеттілігі ұзақ уақыттық әрі күрделі тарихи үдерістердің нәтижесінде қалыптасып дамығандығы белгілі. Осы ретте Қазақ мемлекеттілігінің басы, түрлі саяси-экономикалық және тарихи-мәдени оқиғалардың түрткісі болатын билік және билеушінің алатын орнын, оның ішінде дәстүрлі билік құрылымының бастауларын, қалыптасу үдерістері және қазақ қоғамындағы билеушілердің қасиетті бейнесін зерттеу мәселелері өзінің өзектілігін көрсетіп отыр. Дәстүрлі қоғамдағы билеушінің қасиетті бейнесінің қалыптасуы мен дамуын зерттеу – отандық тарихнамадағы маңызды аспектілердің бірі. Оны талдауда зерттеу жұмысының теориялық аспектілерін айналып өту мүмкін емес. Дәстүрлі қоғамдағы идеологиялық шеңберінің түрленуінің негізгі түбірін логикалық тұрғыдан талданып түсіндірілуінің жеткіліксіз екендігін тарихи ғылымдардың дамуы көрсетіп отыр. Зерттеушілердің алдына өз ішінде күрделі түрде жүйеленген көшпелі қоғамдағы өзара қарым-қатынас кешенін тарихи реконструкциялаудың, зерттеудің біркелкі емес міндеттерін қояды. Соңғы жылдары тарихнамалық зерттеулерде дәстүрлі қоғамдағы билеушінің алатын орнына, көшпелілердегі саяси-әлеуметтік құрылымының өзгеру үдерістеріне ерекше назар аударылып келе жатқаны байқалады. Мақала барысында қарастыратын мәселелер негізінен дәстүрлі қоғамдағы билік жүйесі, биліктің берілу мәртебесі, билеушінің алатын орны, әлеуметтік ортадағы құрметтелуі, басқару формасының діни ұғымдармен астасуы жөніндегі зерттеулерді талдау және кезеңдері бойынша саралап, объективті көзқарастарды анықтау.

Зерттеу әдістері. Мақаланың теориялық негізі – дәстүрлі қоғамдағы билік құрылымы, билеушінің құрметтелуі, халық алдындағы беделге ие болуы, діни түсініктер негізінде қасиеттілік ұғымдарға астасуы секілді мәселелердің зерттелу тарихнамасына талдау жасау.

Әдістемелік негіз ретінде негізінен дәстүрлі зерттеу әдістері қолданылды, оның ішінде мәліметтерді жүйелеу, салыстырмалы талдау, пікірлер мен ой қорытындыларды топтастыру, қасиеттілік ұғымының пайда болуындағы белгілі себептерді айқындауға, тақырыпты кеңейтуде бұрын зерттелмеген мәселелерді шығаруға, жаңа идеяларды, пайымдауларды, қорытындыларды талдауға қажетті алғы шарттарды іздеуде нақтыландыру әдістері қолданылды.

Сонымен қатар, билеушілердің қасиетті бейнесі туралы тұжырымдамалардың, көзқарастардың, идеялардың хронологиялық сабақтастықтығын қарастырғанда хронологиялық баяндау тәсілдері жиі қолданыс тапты. Зерттеу тақырыбын бірнеше ықшам проблемаларға бөліп қарастыруда проблемалық-мерзімдемелік зерттеу әдісі қолданылды. Тарихнамалық деректер мен тарихи еңбектерді кезеңдерге бөліп талдауда тарихнамалық мерзімдеу әдісі де қатар қолданылды. Өз кезегінде аталған проблемалық-мерзімдеу және тарихнамалық-мерзімдеу әдістері зерттеудің тереңдігі мен құндылығына оң әсерін тигізді.

Тақырыптың мазмұнын ашуда кейбір зерттеушілердің ғылыми тұжырымдары мен ой-пікірлерін қазіргі кезеңнен өткенге қарай жүруін зерттеу мәселесі орын алды. Осы мақсатта мақалада ішінара ретроспективті зерттеу әдісі де пайдаланылды. Зерттеу жұмысымыздың Қазақстан тарихындағы өзекті мәселенің бірі болуымен қатар, мемлекеттік саяси билікке, идеологияға және қоғам дамуындағы сұраныстарға тығыз байланысты болғандықтан мақала барысында тарихнамадағы перспективтілік зерттеу әдісі де қолданылды. Мақалада қарастырылған бірнеше арнайы тақырыптар мен проблемалардың зерттелу жағдайын көруде, олардың өзара байланыстарының басты элементтерін анықтауда тарихнамалық жүйелеу әдісі кең қолданыс тапты.

Билеушілердің қасиетті бейнесіне қатысты деректер қоры мен зерттеу жұмыстары көп болғанымен, отандық тарихнамада аталған мәселе жеткілікті және объективті түрде қарастырылмаған. Өрине кейінгі ортағасырлардағы мемлекеттілік, билеушілер институты мәселесі отандық ғалымдар тарапынан біршама зерттеу нысанына айналып, түрлі пайымдаулар қалыптасқанымен, қазақ мемлекеттілігінің түп-негізі болатын көне замандардағы алғашқы тайпалық бірлестіктердегі тайпа көсемдері, түркі дәуіріндегі билеушілердің қасиетті бейнесі секілді мәселелер әлі толық ашылмаған күйі қалып келеді. Жалпы билеушінің қасиетті бейнесі, оның ішінде қоғамдағы беделі, ерекше құрметке ие болуы әлемдік деңгейде әртүрлі ғылыми бағыттар бойынша зерттеу нысанына айналып, көп жағдайда бір-бірін толықтыратын, кей кездері бір-біріне қарама-қайшы келетін ғылыми тұжырымдар қалыптасқан. Мақала аясында біз белгілі философ, теолог, әлеуметтанушы, тарихшы және археологтардың зерттеулеріне жеке тоқталып, ондағы ой-тұжырымдардың тірегіне айналған мәселелерге кейінгі жылдары қалыптасқан тарихнамалық зерттеу әдістерінің көмегімен талдау жасауға тырысамыз.

Билеушілердің қасиетті бейнесін әлеуметтік қатынастар аясында алғаш зерттеген ғалымдардың бірі – Роберт Маррет. Алғашқы қауымдық құрылыстан кейінгі өтпелі кезеңдердегі адамдардың ортақ билікке ұмтылу әрекеттерін зерттеген Роберт Маррет, адамның діни ұғымдардың негізінде дамуының алғашқы сатылары туралы өзінің болжамдарын келтіреді. Марреттің пікірі бойынша адамдар дамуы бұл сатысында тылсым күштерге сеніп, өзінің жеке мүмкіндіктерін пайдаланбай, сезім күштеріне назар аударады (Маррет, 1998: 99-108). Р.Маррет діннің – билік құрылымында билеушінің қоғамдағы бейнесін ерекшелік тұратын тағы бір функциясына назар аударады. Оның ойынша, психологиялық тұрғыдан алып қарағанда, діннің негізгі қызметі билеуші қиын кризистік жағдайларда қалғанда бойына сенімділік қалыптастыра алады (Marett, 1912: P.94). Енді бір зерттеулерінде адам қорқақтық танытқан кезде, психологиялық әлсіздік орын алғанда, оны жеңуге жетелейді деп түсіндірген (Marett, 1915: P. 107).

Р.Маррет билік құрылымындағы діни көзқарастың алатын орнына талдау жасауда, ғылымда орныққан анимизм теориясына сын көзбен қараған. Р.Марреттің пікіріне қарағанда, алғашқы қауымдық қоғамда доминантты билік түрі болмаған, әрі анимистік сенімді кейінгі интеллектпен шатастыру орын алған дейді (Marett, 1915: P. 105). Сондай-ақ, Р.Маррет адамзат қоғамындағы діннің алатын орнын анықтауда бастапқыда сыртқы ықпалына яғни әлеуметтік белгілеріне назар аударса, кейінірек ішкі яғни психологиялық әсеріне көңіл аудара бастағанын көреміз. Р.Марреттің бастапқы кездегі көзқарастары, кейінірек алған бағытынан аздап ауытқығанын көруге болады. Біздің ойымызша, Р.Марреттің кейінгі пікірлері зерттеулерін қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік статусты адамдардың, оның ішінде қарапайым адамнан билеушіге дейінгі аралықтағы индивидтерде байқалатын психологиялық сезімдерді зерттеумен байланыста қалыптасқан.

Р.Марреттің зерттеулерін толықтыратын зерттеушілердің тағы бірі – Рудольф Отто. Қоғамдағы билеушінің ерекше жағдайға ие болуына талдау жасаған Р.Отто «қасиетті» ұғымы өзінің маңызын жоғалтқанын, XIX ғасырдың өзінде-ақ еуропа тілдерінде артық сөздердің қатарына енгенін айта келе, «қасиетті» түсінігінен моральды және рациональды компоненттерді бөліп қарау керек екендігін айтқан. Мұндай «ақылға сыймайтын» ұғымдарды Р.Отто «нуминозды» деп атайды (Отто, 2008: 116). Бірақ Оттоның бұл пікірі Ф.Фейгель, А.Лемэтр және Р.Дэвидсон секілді философтар тарапынан сынға ұшыраған (Boozer, 1981: 13-15). В.Бэтке өзінің «Көне германдық қасиет» атты еңбегінде Р.Оттоның зерттеулеріне қатысты өзінің көзқарасын білдірген. Оның ойынша Р.Отто діни ұғымның аясындағы «қасиеттілік» қоғамдық түсініктегі «күштілік» ұғымымен синонимдік негізде қараған. Бұл діни түсініктердің генезисіндегі гетерогенді теориямен байланысты болуы мүмкіндігін алға тартады. Ал, дінтанушы М.А.Пылаеваның пікірінше, Рудольф Оттоның көзқарастары заманауи ғылыми-психологиялық білім парадигмаларының қалпына сыймайды.

Қазақ жерін мекендеген көне тайпалардағы билеушілердің қасиетті бейнесі сол кезеңдегі авторлардың еңбектерінде де сипатталып, әр қырынан қарастырылған. Ежелгі грек авторы Геродоттың айтуынша көне замандағы дәстүрлі қоғамда билеушілерінің қолында жоғарғы басқару құрылым және діни билік болады. Скифтердің билеушілері қайтыс болғанда арнайы жерлеу құрылысы салынып, денесін балызамдап, халық болып қоштасу рәсімін өткізген (Геродот, 1972: 71). Көне дәуір авторларының бірі Помпей Трог сақтардың қоғамында әйел билеуші туралы, оның соғыстағы қолданған әдістері, әскерді артынан ертіп, елді басқару тәсілдері, қарсылас елдің билеушісімен қарым-қатынаста өзін ұстау харизмалары туралы жазады (Юстин, 2005: 56). Грек авторы Ктесий сақтардың дәстүрлі қоғамындағы әйелден шыққан билеушілер туралы, олардың қоғамдағы беделі, әлеуметтік ортадағы құрметке ие болуына назар аударып: «... Сақ әйелдері ер жүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсетіп, ұрысқа араласады», – деген мәлімет береді (Боннар, 1992: 86). Чжан Цянь көне дәуірде үйсіндердің Құдай деп күнге табынғандығын, билеушілерін Гуньмо (Күнби) деп атайтынын, әрі үйсін билеушілерін Құдайдың жердегі өкілі деген мәлімет қалдырып, үйсіндердің қоғамындағы билеушінің ерекше қасиет иесі болуы мүмкіндігін, оның қасиетті бейнесінің

маңыздылығы туралы ой туындатады (Бичурин, 1950: 235-346). Византия елшісі Прииск ғұн билеушісі Еділ күнделікті тұрмыс-тіршілігі, оның билеуші ретіндегі рөлі, жеке ұстанымдары, жалпы ғұндардың қоғамындағы билеушіге деген сенім, құрметтің жоғары екендігін жазған (Боннар, 1992: 145). Байқап отырсақ, антикалық кезеңдегі қазақ жерін мекендеген ата-бабаларымызда да биліктегі қасиетті сенімдер кең таралғанын көреміз. Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, билеушінің қасиетті бейнесі оның соғыстағы ерліктері мен жеңісіне тікелей байланысты секілді.

Отандық тарихнамада билеушілердің қасиетті бейнесі бұл ракурс бойынша аса көп зерттелмеген дүниенің бірі. Осы мақсатта археолог, архив мамандары және тарихшылар тарапынан жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жинақталып, қордаланған қазақ халқының бүгінгі және белгілі тарихи кезеңдерге тән дәстүрлі қоғамындағы билеушілердің қасиетті бейнесі турасындағы материалдарды терең зерттеу маңызды болып табылады. Орталық Азияның ерте темір дәуіріндегі көшпелі тұрғындарында саяси-әлеуметтік бірігу күрделі құрылымнан тұрды. Көшпелі тайпалар өзара қырқысып жатқанымен де, көшпелілер империя немесе қоғамдық ұйымдасудың өзге формасында яғни дәстүрлі қоғамда «билеуші» (көсем, шаньюй, қаған, хан, сұлтан, би және т.б.) маңызды орынға ие болды. Көшпелілер қоғамындағы билеушілердің қасиетті бейнесінің ерекше көрінетін тұсы, оның жерлеу орындары. Ондағы жүргізілген ғұрыптық жоралғылар, салттар-дәстүрлер, жерлеу орнының таңдалуы мен құрылыстық ерекшеліктері әлеуметтік ортада билеушінің ерекше мәнге ие болғанының дәлелі бола алады. Мәселен, сармат ескерткіштерін зерттеуде билеушінің жанынан соғыс қарулары, алтын бұйымдармен қатар абыздарға тән аса таяқтың табылуы, көне сарматтардың дәстүрлі қоғамындағы билеушінің аса үлкен құрметке ие болуымен қатар, оның жаратушының жердегі өкілі секілді түсініктермен ортақ көрініс беруі, билеушінің қасиетті бейнесін көрсететінін археолог З.С.Самашев жазады (Самашев, 2007: 15-121). Сармат халықтарындағы билеушінің билік тұтқасын ұстауымен қатар абыз қызметін атқаруы оның қоғамдағы беделінің орасан зор болғандығын көреміз. Әрине халық арасында билеушінің бейнесін діни наным сенім арқылы жоғары етіп көрсету, биліктің халықаралық саяси аренадағы позициясына да көп әсер ететіні анық. Осыған ұқсас мәселені Шілікті даласын зерттеген Ә.Т.Төлеубаевтың зерттеулерінде көрініс тапқан. Шілікті даласындағы сақтардың қоғамындағы билеушінің рөлі, жалпы сақтардың мемлекеттілігі жөнінде Ә.Т.Төлеубаевтың зерттеп, жерлеу қорымдарынан табылған көп мөлшердегі алтын бұйымдар, оның ішінде «бес жұлдызды» алтын жүзктің биліктің белгісі екендігін, сақ қоғамындағы билеушінің қасиетті бейнесінің өте жоғары деңгейде болғандығын айтады (Төлеубаев, 2004: 326-334). Ә.Т.Төлеубаевтың зерттеулерін талдау барысында, сақ қоғамындағы мемлекеттіліктің нышандары оның сол кездегі қоғам алдындағы беделімен тікелей байланысты екендігіне назар аударғанын көреміз. Яғни сақ билеушісінің тірі күнінде алтынмен апталып, өте жоғары деңгейде көрсетілуі, сонымен қатар қайтыс болғаннан кейін де оны ақырғы сапарға шығарып салуда басқа қатардағы адамдарға қарағанда, әлдеқайда үлкен құрмет көрсетілуінің негізгі мазмұны халық арасында билеушінің ерекше қасиетке ие екендігін, оның жаратушымен байланысы

бар немесе ерекше жаратушының құрметіне ие болған адам деп көрсету ұғымдары жатқан секілді. Тура осы пікірлердің біз З.С.Самашевтің Берел қорымдарын зерттеудегі нәтижелерінен тағы да көре аламыз. З.С.Самашев Берел қорымынан (№11 оба) табылған 13 жылқымен бірге жерленген ер мен әйелдің барлық инвентарлары олардың билеуші екендігін, әрі айнасына қойылған заттар мен ақыреттік бұйымдары жерленген адамдардың тірі кезінде үлкен билікпен қатар діни ғұрыптық ұғымдарында үлкен рөлге ие болғандығын айтады. Оның негізгі дәлелі ретінде табыттың басына қойылған билеуші символының бірі болатын самұрық құсының ағаштан ойған бейнесі, арнайы ғұрыптық ыдыстар мен жылқылардың билеушінің немесе өз иесін жорыққа алып бара жатқандай кейіпте жерленуі және басқа да көптеген мысалдары билеушінің қасиетті бейнесін анықтап тұрғанын байқатады (Самашев, 2000: 20-36.). Бесшатыр қорымдарын ұзақ жылдар зерттеп, ондағы жерлеу ғұрыптарының өзіндік ерекшеліктері жерленген адамдардың билеушілер типінен болғанын және оған арнап салынған ірі көлемдегі обаны ағаш үймен байланыстырып, космогониялық түсінік негізінде салынуынан көруге болады деп К.Ақышев айтып өткен. Сонымен қатар, онда үлкен обалар тайпа көсемдері, қолбасшыларға, орташасы – белгілі аты шыққан жауынгерлерге, ал кішілері – қатардағы әскерлерге тиесілі болған. Жетісу өңіріндегі билеуші-көсемдердің мұндай ірі көлемдегі жерлеу орындары оның атқарған қызметімен қатар, қасиетті бейнесінің де ерекше мәнге ие екендігін көрсететінін айтады (Ақышев, Кушаев, 1963: 271-281). Сонымен қатар, Есік қорымындағы обаларды зерттеген К.А.Ақышев, археологиялық қазба барысында табылған сақ ханзадасының үстіндегі алтын киім, руникалық жазуы бар күміс табақша, жазуы бар алтын жүзік және басқа да жерлеу ғұрыптарындағы кездескен ірілі-ұсақты мысалдар, сақ қоғамындағы билеушінің ерекше рөлге ие екендігін, барлық ақыреттік заттар сол қоғамдағы билеушінің қасиетті орынын білдіретінін айтып өткен (Ақышев, 1978: 40-61).

Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, адамзат қоғамындағы билеушілердің қасиетті бейнесін психологиялық тұрғыдан зерттеуде жоғарыда біздің тарапымыздан ғылыми талдауға түскен Р.Отто секілді аздап радикалды көзқарасты ұстанған зерттеушілердің қатарынан Э.Дюркгеймді де көруге болады. Э.Дюркгейм пікірі бойынша нақты білімнің негізі сырттай бақылаудан емес, адамның өзінің ішкі табиғатында дұрыс түсінуден тұрады. Аталған пікірдің негізінде Э.Дюркгейм қасиетті және тотемді концепцияларды тұжырымдайды (Апполонов: 2018: 46-51). Бірақ Э.Дюркгеймнің ұстанған бағыты мен ғылыми көзқарастары кейінгі зерттеушілер тарапынан көп сынға ұшырағаны белгілі. Әрине Дюркгейм академиялық деңгейдегі тұлға болғаны рас. Ол өзінің көп танымалдылығының негізінде ғалымдар мен ойшылдардың әлеуметті ортасында де үлкен беделге ие болған. Дегенмен Дюркгеймнің сакральды ұғымының астарында тотемдік сенімдердің жатқаны туралы айтқан ойларының кейбір тұстарына Ресейлік ғалымдар тарапынан қарсы пікірлер айтылды. Мәселен, әлеуметтік қоғамды қалыпты және патологиялық деген түсінікпен қарауының ғылыми негізі жоқ. Оның үстіне Дюркгейм жалпы және объективті көзқарастарды шатастырып жібергендей көрінеді. Біздің ойымызша әлеуметтік қоғамда билеушілер тарапынан орын алатын қылмыс түрлерінің мәңгілік болатыны жөніндегі пікірлері толық дәлелденбеген теория секілді.

Сонымен қатар, қоғамның дамуына міндетті түрде қылмыс орын алып тұруы қажет деп Дюркгейм ұсынған теориямен толықтай келіспейміз. Әрине бұл жерде біздің ұстанған позициямыз локальды аймақтық ерекшеліктерге де қатысты шығар, бірақ қоғамның дамуындағы билеушілер тарапынан арнайы орын алатын қылмыстар жалпы қоғамды дамытады деген секілді кейбір пікірлерінің әлі күнге сынға ұшырап жатуы кездейсоқ емес.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің ғылыми ізденіс бағыттарын жетілдірген зерттеушілердің бірі – Макс Вебер. Ол – мемлекеттілікті анықтауда өзінің теориясын төмендегідей теориясын ұсынған: *«мемлекет бұл өзінің түрлі әрекеттерін іске асыруда халықтың келісімін алып, одан әрі зорлық-зомбылыққа дей бара алатын институт»* (Вебер, 1994: 186). М.Вебер саясат мемлекеттік билікті әртүрлі топтарға бөлу үдерісін көрсетеді, ал билеуші осы іс-әрекетті жүргізуші деп жазады. М.Вебердің пікірінше дін бұл үлкен күш. Билік құрылымында қоғамдағы билеушінің статусын сақтап тұратын бірден-бір құрал. Бірақ Вебер өзінің пікірлерін протестантизмнің мысалында түсіндіруге тырысқан. Ол өзінің теориясында билік құрылымындағы бюрократияның билік құрылымындағы құбылысын алғаш рет қарастырғандардың бірі деп айтуға толық негіз бар.

М.Вебер ұсынған теорияда харизматикаға негізделген билеуші бейнесі Құдайдың өзімен теңестіріледі. Дегенмен, М.Вебердің ғылыми көзқарастары мен ұсынған теориялары өзі тірі кезінде ақ аз сынға ұшыраған жоқ. Бүгінгі таңда М.Вебердің пікірлерін сынаушылар саны артып келеді. Біздің ойымызша Вебердің діни догматикадан басқа пікірлері мен ұстанымдары ойдан шығарылғандай әсер қалдырады. Біздің бұл пікіріміз бүгінгі зерттеушілердің көзқарастарымен бір арнада тоғысады.

РЕЗЮМЕ

Исследования о сакральном образе правителя в традиционном обществе и их значении.

В статье определены исследования сакрального образа правителя в традиционном обществе и определена их значимость. Установлено, что священный образ правящего правителя в обществе древних кочевников связан с религиозными представлениями, и эти явления явно отражаются в похоронных церемониях. В ходе исследования в статье были выявлены и использованы различные принципы и подходы к исследованию ключевых аспектов структуры власти в традиционном обществе.

Ключевые слова: Традиционное общество, кочевники, структура власти, правление, сакральность, религиозные верования, святость, уважение, золотой человек, социальная классификация, аристократия.

Research on the sacral pattern of the governor in a traditional society and their value.

The article identifies the study of the sacral image of the ruler in traditional society and defines their significance. It has been established that the sacred image of the ruler in the society of ancient nomads is associated with religious ideas, and these phenomena are clearly reflected in the funeral ceremonies. During the study, the article identified and used various principles and approaches to the study of key aspects of the structure of power in a traditional society.

Key words: Traditional society, nomads, power structure, government, sacredness, religious beliefs, holiness, respect, the golden man, social classification, aristocracy.

(Соңы жұрналдың келесі санында).

ОЙРАТТАРДЫҢ БАТЫС СІБІРГЕ ҚОНЫС АУДАРУЫ

(XVII ғасырдың басы)

Фархад МҰСТАФИН,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің тарих докторанты

XVII ғасырдың басындағы ойраттардың Орталық Азиядан Батыс Сібірге қоныс аударуы тарихта ерекше орын алады. Себебі бұл тарихи кезең Орталық Азия халықтарының тағдырына әсер етті. Дәл сол уақытта ойраттардың батыс бағытына көшуінің белсенді кезеңі басталып, халықаралық қатынастарда едәуір рөл атқара бастайды. Тарихи әдебиеттерде XVII ғасырдың басындағы ойраттардың Орталық Азиядан Батыс Сібірге қоныс аударуына себептері туралы түрлі пікірлер мен көзқарастар орын алады. Сондықтан бұл жұмыстың мақсаты: XVII ғасырдың басындағы ойраттардың Орталық Азиядан Батыс Сібірге қоныс аударуының барлық себептерін қарастыру болып табылады.

XV – XVI ғасырлар арасында Батыс Моңғолия мен Жоңғария (қазіргі Синьцзянь-Ұйғыр автономиялық ауданы) территориясында «дүрбен ойрат» атымен белгілі батыс моңғолдардың әскери-саяси одағы болған. Оның құрамына торғауыттар, хошоуттар, дүрбеттер, хойттар, чоростар (чоростар) кірген. XVII ғасырдың басында бұл саяси-әскери одақ бөлек топтарға бөлініп, нақты саяси жағдайларға қарап, өз мүмкіндігінше басқалармен бірігіп немесе өзара қимылдауға тырысты. Бірақ ортақ сыртқы қауіпті жағдай туғанда ойраттар өз қимылдарын бір-бірімен координациялауға тырысты. Мұндай жағдайда тайшалардың съезі («чулган» немесе «хурал») саяси институттың және оның жұмысын басқаратын адамдардың рөлдері артады. [1, с 250, 251].

Түрлі деректерге сүйене отырып XVII ғасырдың басындағы ойраттардың Орталық Азиядан Батыс Сібірге қоныс аударуының төрт негізгі себебін айтуға болады.

Табиғи-климаттық (экологиялық). Көшпелі халықтардың өмірінде табиғи құбылыстар үлкен рөл атқарды. Климаттың күрт өзгеруі, мысалы құрғақтану, салқындау, жұт және т.б. жайылымды нашарлататын құбылыстар көшпелі халықтарды жақсы жайлымы бар аумақтарға қоныс аударуға мәжбүрлейді. Егер далада осындай тарихи оқиғалар орын алатын болса, сәтті және қабілетті көшбасшы табылып, көшпелілердің басын біріктіріп, олармен көрші халықтарды жаулап алу жолына алып, әскери экспансиялар басталады [26, 63, 64-66.]. XVII ғасырдың басында Орталық Азияда суық түсу кезеңдері басталып, мал қырылып, ойраттардың жаңа жайылымдар іздей бастағаны туралы орыс деректері куәландырады.

Экономикалық. Ойраттардың моңғолдар мен қазақтардың көшбасшыларымен қарсы әскери қақтығыстары Қытай және Орта Азияның нарықтарына шығуға мүмкіндік қалдырмады. Мал саны өсу кезеңінде көшпенділердің экономикалық өмірінде сауданың рөлі артады. Сондықтан ойраттар кейінірек орыстармен байланысқа түскенде, біріншіден олар мал мен мал шаруашылық бұйымдарын орыс нарығына сату құқығын алуға келісімге келді [36, 66-6].

Ішкі саяси себептер. И.Я.Златкиннің ойынша Қара-Құла тайшы ойраттарды XV ғасырда Тоғон мен Есен тайшылар заманында болғандай чорос

үйінің басшылығына біріктіруге тырысты. Бірақ басқа тайшылар чоростарға бағынғысы келмей, өз ұлыстарымен Батыс Сібір аумақтарына қоныс аударуға мәжбүр болды [3, 139-6.]. Қара-Құланың негізгі қарсыластары Далай-Батырдың басқаруымен дүрбет тайшылары болды. Дәл солар Батыс Сібірге қоныс аударуға бастамашы болып, торғауыт тайшыларымен бірігіп, жоңғар тайшыларына қарсы тұра алатын саяси орталық жабдықтауды жоспарлаған. Кейіннен оларға хошоут тайшылары қосылып, Далай-Батыр тайшының позицияларын күшейтті. Тек XVII ғасырдың ортасында жоңғарлар саяси және әскери қимылдардың нәтижесінде Жоңғар мемлекетін құрып, ойраттардың үлкен бөлігін өзіне бағындыра алды.

Сыртқы саяси себептер. Қарастырып отырған кезеңнің қоныс аудару себептерінің бірі сыртқы қауіп болды. XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында ойраттардың қоныстары шығыстан Баркөлден батысқа қарай Жетісуға дейін жетіп Қазақ хандығымен шекараласып, оңтүстігінде хошоуттар Шығыс Түркістанмен, солтүстікте дербеттер Қара Ертіс өзені мен Жайсан көліне дейін мекен еткен. Тарбағатай тауларының оңтүстік қапталдарында торғауттар мекендеген [1, 252-6.]. Алтын хан өзінің сыртқы саясатында ойраттарды Алтайдан батысқа қарай ығыстыруды көздеген деген пікір бар [4, 195-6.]. Бірақ Алтын ханның негізгі мақсаты ойраттарды бағындыру және өз мемлекетінің құрамына енгізу болды. XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында ойраттар Алтын ханның әскерлерінен бірқатар жеңілістер тапқаннан кейін Батыс Моңғолиядан қоныс аударуға мәжбүр болды. Алтын ханның Хотогой мемлекеті қазіргі Моңғолияның солтүстік-батысындағы Ұбсы-Нұр және Құпсұғыл көлдердің арасын алып жатты. XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында сол көшпелі мемлекеттің негізін қалап, бірінші билеушісі болған Алтын хан Шолой Убаши қонтайшы болған. Ол барлық ойраттардың көшбасшысы болуға талпынды [1, 252-6.]. Бір ғасырға созылған ойраттардың Алтын ханға қарсы күресі шекаралық оқиғалардан шығып, үлкен соғысқа айналып, бірте-бірте барлық ойраттардың сол соғысқа қосылуына алып келді [3, 70-6.].

Батыс Моңғолиядан қоныс аударған ойраттар Жоңғария аумағына әрине сыймады. Ойраттардың кейбір топтарын Алтын хан өзіне бағындырды. Ойраттардың бір бөлігі (көбінесе хойттар) оңтүстікке қоныс аударып, Шығыс Түркістанның (Қашғар) мұсылман халқымен байланысқа түсті. Ойраттардың басқа бір бөлігі (көбінесе дербеттер мен торғауыттар) солтүстік-батысқа бағыт алып Батыс Сібірге қарай Ертіс өзені бойымен көше бастады.

Көшпелі халықтардың Орталық Азиядан батысқа қарай қоныс аударуы көне заманнан байқалады. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысып өздерінің өндіріс тәсіліне байланысты олар кең көлемді кеңістіктер қажет етеді. Сәтсіз аяқталған соғыстар жайылымдардың көлемі азайуына соқтырып, ойраттардың XVII ғасырдың басында батысқа қарай қоныс аударуына мәжбүр етті.

XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында ойраттар орыс деректерінде «калмак» деген атымен белгілі [5, 225-б.]. XVI ғасырдың екінші жартысында калмақтар қазақтардан бір неше рет жеңіліп Қазақ хандығының құрамында болды.

Батыс Моңғолиядан қоныс аударған калмақтардың ұлыстары Ертіс, Ом өзендері мен Қамыстыкөл аумақтарында орналасты. XVII ғасыр бойы бұл аумақтар ойраттардың тұрақты мекеніне айналады.

Сонымен, қортындылай келгенде, деректердің аздығын ескере отырып ойраттардың Орталық Азиядан Батыс Сібірге қоныс аудару себептерін түсініп, XVII ғасырдың басындағы ойраттардың саяси тарихының мәселелерін кешенді қарастыруға болады. Өз кезегімен бұның бәрі ойрат мемлекеттерінің пайда болу себептерін түсінуге мүмкіндік береді.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает причины миграции ойратов в начале XVII века из Центральной Азии в Западную Сибирь. В историографии этот вопрос мало изучен из-за недостатка данных.

Ключевые слова: ойраты, калмыки, монголы, казахи, Центральная Азия, Западная Сибирь.

In the article, the author examines the causes of the Oirats' migration at the beginning of the 17th century from Central Asia to Western Siberia. In historiography, this issue is little studied due to lack of data.

Keywords: Oirats, Kalmyks, Mongols, Kazakhs, Central Asia, Western Siberia.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. История Калмыкии с древнейших времен до наших дней. Элиста, 2009. 846 с.

2. Дробышев Ю. И. Человек и природа в кочевых обществах Центральной Азии (III в. до н.э. – XVI в. н.э.). М.: 2014. 605 с.

3. Златкин И. Я. История Джунгарского ханства. 1635 – 1758. М.: Наука, 1964. 333 с.

4. Бембеев В. Ш. Ойраты и калмыки на евразийском пространстве (XIII – 60-ые гг. XVII века) Элиста: АПП «Джангар», 2007. 496 с.

5. История Казахстана в Русских источниках Алматы «Дайк Пресс» 2005. 721 с.

ОРТА АЗИЯ ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ СЫР БОЙЫН ОТАРЛАУЫ: әрекеттерінің негізгі бағыттары

Қанатбек ТАУЕНОВ,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университетінің докторанты,
Манар РАХЫМЖАНОВА,
Толқын ТІЛЕНОВА,
Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық
университетінің аға оқытушылары

Бүгінгі таңда зерттеушілер кез келген тарихи оқиғаның белгісіз қырларына немесе тарихи оқиғалардың жалпыдан гөрі жалқы және оқиғаның жекелеген тұстарын ашып көрсетумен қатар, оның жалпы тарихи оқиғадағы алар орны мен әсерін анықтауға жиі ұмтылыс жасап отырады. Мысалы, Орта Азия хандықтарының қазақ даласындағы отарлық саясатын ашуда оның жекелеген аймақтардағы көрінісін айшықтау маңызды. Сондықтан Сыр бойындағы Орта Азия хандықтарының отарлық саясатының бағыттары мен әсеріне баға беріп, талдау да өзекті мәселелер қатарына жатады.

Қазақ хандығының басынан бақ тайып, іргесі шытынаған тұста Кіші жүз бен Орта жүз патшалық Ресейдің құрамына қосылып кеткені белгілі. Ал Ұлы жүз территориясы Орта Азия хандықтарының ықпалында қалды. Сол себепті Орта Азия хандықтары шекаралас жатқан аймақтарға өз үстемдігін орнатып, әрқашан ықпалында ұстауды көздеп отырған. Міне, осындай ықпалдастық XIX ғасырдың 20-жылдарында Сыр бойы мен Арал теңізіне тие бастады. Осы өңірдің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған Хиуа, Қоқан хандықтары 1830-1840 жылдары жергілікті халыққа өктемдігін одан әрі күшейте түскен болатын. Мысалы, Хиуа хандығының әскерлері Жаңадария, Қуаңдария, Қызылқұмнан өтіп, Қосқорған, Арал теңіздеріне дейінгі аралықтағы Сыр бойындағы қазақтарға

шапқыншылықтар жасап, малын барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды. Сыр бойы қазақтарына қатты ықпалы байқалған қоқандықтар шекара бекітіп, әкімшілік құрып, 1817 жылдан салына бастаған бекіністерінен әркез жасақтар шығарып, бейбіт елді шауып, алым-салық жинап тұруды біз қарастырып отырған уақытта әдетке айналдырған болатын. Орта Азия хандықтарының Сыр бойы қазақтарының осылайша алым-салықтар арқылы өз ырқына көндіріп, қанау әрекеттері уақыт өте жүйелі жұмысқа айналған. Мысалы көшпелі қазақ халқынан алынатын алым-салықтар уақыт өте белгіленген бір уақытта, әдетте қазан, қараша және желтоқсан айларында жиналып отырылды. Тек ерекше жағдайда, салық жинаудағы қиындықтар негізінде ғана жеңілдік мерзімдері берілетін. Ол 1 қаңтардан 1 наурыз аралығында беріліп отырған болатын [1, 18-25-бб.].

Мысалы, «Ақша бұлтты Ақтан батыр» атты еңбекте: «1812 жылы қыс айында Хиуа ханы Мұхаммедрақым (1806-1825 жж. хан болған) өзі бастап Сырдария мен Қуаңдария өзендерінің бойында қыстап жатқан бейбіт елге шабуыл жасайды. Бұл өңірдегі Кіші жүздің шөмекей рулары талан-таражға түсіріліп, 100 мың қойдан, 40 мың түйеден айырылады, 500-дей қыз-келіншек тұтқынға әкетіледі. 1815 жылы Мұхаммедрақым 5000 әскерін тағы да Сырдың төменгі ағысы

бойындағы қазақ руларын тонауға аттандырады. Бұл жолы Кіші жүздің шекті рулары жапа шегеді. Хиуа әскері мол олжамен кері оралады. 1816 жылы хиуалықтардың келесі жорығы тағы да осы өңірге бағытталады. Бұл жорықта тек қазақтар жағынан өлгендер саны 2000-нан асады» деген мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар, «Хиуа ханы Мұхамед-Рахымның кезінде 27000 қазақ отбасын бағындырды. Оның 10000 – әлімұлы, 7000 – жетіру, 8000 – байұлының қазақтары болған. Сондай ақ патшалық ресейдің тонаушылық әрекеті де қазақтардың Хиуа хандықтарына көшуіне себеп болды. Мәселен, Есет Көтібаров руымен, адайлардың үлкен бір бөлегі Хиуа шекарасына, ал бір бөлегі хандықтарға ішкерілей енді. Ресей армиясының жорығы жөніндегі материалдарда 1839 ж. Хиуаға Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы көшіп-қонып жүрген халықтар (адайлар) түркімендер сияқты Хиуа билігіне өтті. Сөйтіп, Әмудария өзені мен Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы көшіп-қонып жүрген түркімендер мен қазақтар Хиуа ханына қарады. Қазақтардың бұл өңірлерді бірнеше атадан бері мекендеп келе жатқандығын ел арасынан жинаған материалдарда жоққа шығармайды. Мәселен, Елемесов Жақсымұрат өздерінің аталарының Кенесары көтерілісіне қатысып, көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан соң өзбектердің ортасында қалуды мақсат еткен», – деген мәліметтер кездеседі [2, 64-67-66].

Демек, Орта Азия хандықтарының отарлық әрекеттері жергілікті қазақ халқының аймақ ауыстырып, көшуіне де түрткі болған деген тұжырым жасауға болады. Ең бастысы көшпелі қазақ халқының дүниетанымында қыз намысы жоғары бағаланған. «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл сөз де қыз намысы үшін бүтіндей ру болып жауап беретіндігін білдірген. Мал мен дүниені тәркілегенімен, қазақ қыздары мен келіншектерін олжалаған Орта Азия хандықтарының бұл әрекеттері бүтіндей халықты қорлау еді. Бұл жайт осы кезеңдегі қазақ халқының дәрменсіздігі мен жуасылғандығының шегіне жеткен шыңы деп баға беруге болады.

Әрине, мемлекеттік саясаттың мүддесіне сай Орта Азия хандықтарының Сыр бойына, Ұлы жүз жеріне жақындауы олар үшін қажет болды. Өйткені орыс үкіметінің Сырдарияға жақында бастауы, отарлық саясаттың таралым аймағын ұлғайтып келе жатқандығынан Орта Азия хандықтары қазақ жеріне өз билігін орнатуға тырысты. Осы патша үкіметінің жымсық саясатынан толық хабардар Хиуа ханы Мұхаммедрақым баласы Аллақұлы мемлекет шекарасын бекемдеу үшін Жаңадария мен Қуандария, Сырдарияның төменгі етегіне бекіністер салуды одан әрі жалғастырып, бекіністерге хан өкілдері арқылы ел басқарып отыруды дұрыс деп тапты [3, 12-15-бб.]. Орта Азия хандықтарының Сыр өңірінде салықтың, яғни шарифат бойынша салынған негізгі салықтың түрлері мынандай болды:

а) зекет. Ш.Уәлиханов: «зекет қой басына салынады және 40 қойдан – 1, түндік зекет – түтін басына салынады, ол бір үйден бір қой. Харажастық зекет, әр қырманнан 3 қой салық, қол-пұл-әскер қаражаты, әр үйден 3 қой» деген мәлімет береді [4, 52-53-бб.];

б) таһап – бау-бақшалар мен плантациялардан алынатын салық;

в) харадж салығы.

XIX ғасырдың II жартысында Орта Азия хандықтарының ішінде 1858-1862 жылдары ел басқарған

Қоқандық Мәли-хан тұсында салық жүйесі жаңа сипатқа ие бола бастады. Өйткені өз басқаруының бастапқы кезеңінде іскерлігімен, әділдігімен көзге түскен болатын. Өйткені ол салықтың біраз түрін жойған болатын. Ал тіпті кейбіреуін жеңілдеткен болатын. Мысалы некехана салығын айтуымызға болады. Мәли ханға дейін бұл салықтың мөлшері қыз үшін бір алтын, жесір үшін жарты алтын теңге төленетін болған. Сонымен қатар – тархана салығы. Бұрын өлген кісінің мүлкінің қырықтан бірі қазынаға түсетін болса, ал тараздар салығы бойынша одан түскен пайданы әдетте үкімет өз қажеттілігіне ұстайтын болған. Сол себепті де өлшенген бір батпан астық үшін 1 теңгенің төрттен бірі алынып отырған. Бұның бәрі Мәли хан тұсында түп-тұқиянымен жойылған еді. Мәли хан харадж салығын қайта қарап, харадж, яғни жер салығы жеңілдетті. Егер де осыған дейін суармалы жерден алынған 5 пұт астықтан бір пұт салық алынып келсе, оның тұсынан бастап ол 10 пұттан алынатын болды. Бұрын тәлімі жерден өндірілген 10 пұт астықтан бір пұты алынып келсе, Мәли хан бұл салықтың түрін мүлдем жойды [5, 42-45-бб.].

Орта Азия хандықтарының салықшылары қамалдан алыс аудандарға бір топ қарулы жасағымен ақ жалау ұстап барған. Олар қазақ ауылдарында отаршылдық өктемдікпен халықты тонаған: малдарын табынымен айдап кетіп, мүліктерін алуымен бірге, қазақ әйелдерін, қыздарын және балаларын қолға түсіріп, оларды Қоқанның әскери басшыларының құлына айналдырған. Сөйтіп мұндай зекетші отрядтың жорығы жаудың шабуыл жасауымен бірдей болды. Сондықтан қазақта «*Әзрейіл барда – жаным бар деме, Ақ жалау барда – малым бар деме*» деген мақалдың шығуы кездейсоқ нәрсе емес еді. 1840 жылдың шамасында Түркістан маңын көптеп қоныстанып жүрген тама руының басшысы Құрбан бидің жалғыз баласын салық төлемегені үшін қоқандық бектер азаптап өлтірсе, мұндай азапты атақты Сарман бек де кешеді. Өйткені осы салық төлемегені үшін ол өлтірілді [6, 4-б.].

Сыр бойы қазақтарының жеріне өзіндік ықпал ете алған Орта Азия хандықтары жергілікті қазақ халқын басқарудың жаңа жүйесін де ойлап таба бастайды. Осы мақсатта арнайы лауазым иелерін де қызметке белсенді түрде тарта бастаған. Әсіресе, Ұлы жүз жерін басқарудың өзіндік бір белгілері осы аймаққа да тарала бастаған. Мысалы қазақ халқын басқару үшін Орта Азия хандықтары «датқа» лауазымын да ойлап табады.

Бұл «датқа» сөзі парсы тіліндегі тілек, әділдік иесі деген ұғымнан шыққандығы белгілі болып отыр. Орта Азия хандықтары, яғни Бұқара, Қоқан хандықтары кезеңінде хандық тарапынан биік лауазым, жоғары атақ ретінде беріліп отырған. Орта Азия хандықтары енгізген бұл лауазым иесі хандық билік тұсында төртінші дәрежелі лауазым болып табылған еді. Билерден, аға сұлтандардан жоғары тек хан әміріне бағынышты басшы қызмет адамы болып есептелген. Кей кезеңдерде «датқа» лауазымы ру басыларына, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді, ислам шарифатын жақсы білетін би-шешендерге, ел арасындағы абыр-ойлы басшы адамдарға да берілетін де болған. Онда олар елдің ішінен хан атына келіп түскен өтініш-тілектерді, арыз-шағымдарды қабылдап, оған ханның берген жауабын жұртшылыққа жеткізіп отырған. Бұқара хандығы тұсында датқа сөзі әскербасы, хакім мағынасында қолданылған екен. Бұл «датқа» лауазым ел арасындағы қайраткер адамдарға Бұқара

шейхулисламының пәтуасымен берілген [7, 9-б.].

Қазақ қауымы арасынан датқа лауазымына ие болған: Байзақ, Шойбек, Момынбек, Қасымбек, Әкімқұл төре, Құдайберген, Батырбек, Қожабек, Шоқай, Сапақ, Қоныс, Мұсабек, Тұрлыбек, Бекмұрат сынды «датқа» лауазымын иеленген тұлғалардың есімдері белгілі. Демек осындай жаңа басқару жүйесіне Сыр бойы қазақтарын да икемдей бастауы бұл отарлық саясаттың жүйелі әрі жоспарлы түрде жүргізіле бастағандығының анық көрсеткіші болып табылады.

Осындай жүйелі түрде енгізілген отарлық саясаттың салдары қазақ және өзге де көршілес елдердің халық ауыз әдебиетіне де арқау болып отырған. Мысалы Орта Азия хандықтарының билігі тұсында қазақ халқының басынан өткен ауыр жағдай тұрасында:

*Алдияр хан, елді естіңіз жабыққан,
Құрайға да салық салып жатырсыз,
Құрап бітті бұт-бұқара салықтан.
Барлығынан күшті қару ел болар,
Ел толқыса тау қопарар сел болар,*

Тасты дағы, тақты дағы ағызған, – деп отарлық саясаттың ауыр жақтарын түсіндіре келе, мұның соңы халық толқуларына алып келетіндігін және халықтың толқуы ханды тағынан да тайдыратындығын қатаң ескертіп отырған [6, 4-б.].

Тұтастай келгенде Орта Азия хандықтарының отарлық саясаты Сыр бойы қазақтарының күнделікті өміріне айтарлықтай өзгеріс әкелді. Момбек Әбдәкімұлының «Естемес би» атты романында Орта Азия хандықтарының жалпы отарлық саясатын ашуда мынандай баға береді: *«Қоқан хандығының билігі – оңтүстік қазақтарының отаршылдықта көрген қиянатының ең бір сорақы беттері. Адамды кісілік қасиеттерінен айыратын, азаматтың жазықсыз қанын төгетін, әйелдерге деген зорлықтың неше түрлі айуандық түрлерін қолданған, қолындағысын тартып алып, жалпы жұртты зар еңіреткен жемдет тәртіп орнатқан бұл хандықтың сыры тарихтан белгілі»* [7, 5-б.]. Байқағанымыздай отарлық саясат жекелеген батырлар мен лауазым иелеріне, діндарлар мен ақсүйек өкілдеріне ғана жеңілдетілгенімен, жалпақ қарапайым жұрт Орта Азия хандықтарының ауыр да азапты әрекеттеріне тап болып отырды. Олай дейтініміз XIX ғасырдың басынан басталған бұл отарлық әрекет XIX ғасырдың орта шенінде де қызу жүріп жатты. Осы кезеңде Орта Азия хандықтары қазақ ауылдарына нөкерлерін шығарып тонаушылықпен айналысып, жергілікті халықтың малдарын айдап кетіп отырды. Осы қиыншылығы мол әрекетке қарсылық көрсеткендерді өлтіріп, үйлерін өртеп, әйелдері мен қыздарын зорлап, қорлады. Мысалы 1847 жылы 5-6 наурыз күндері Уайсния бектің 500 адамдық қолы Атанбаш, Ақирек, Қарабұғаз, Қамысты бас атты мекендерге және Сырдың екі жағасына шығып 1400 қожалықты тонап, 400 адамды өлтіріп, көптеген қыздар мен әйел адамдарды тұтқынға алып кеткен [5, 69-70-бб.]. Бұл жерде біз жоғарыда атап өткеніміздей қазақ қыздары мен әйелдерін ғана олжалауы, қазақ халқын шын басынып, намысын жерге таптауы деп баға беруге болады.

Осы XIX ғасырдың орта шенінде қазақ жеріне салынған Хиуа және Қоқан бекіністері төңірегіндегі қазақ ауылдары үшін жақындауы отарлық саясатты одан ары ушықтыра түсті. Мысалы, ұзындығы 400 метр, ал көлденеңінен 200 метрден сәл ғана асатын, ішінде 2 зеңбірегі, 25 мылтығы бар Қуандариядағы Қожанияз бекінісінде

200 хиуалық нөкерлер орналасты. Бекініске жақын маңдағы 20 жуық «кедей қазақ ауылдары» хиуалық нөкерлерді отынсумен, пішенмен және басқа қажетті заттармен қамтамасыз етуге тиіс болды [5, 35-б.]. Осы сияқты бекіністерден қазақ ауылдарына шағын әскер қолдары шығып зекет және басқа салық түрлерін жинаумен айналысты. Хиуа бектері қазақ билері мен батырларынан ауылдарымен Сырдарияның сол жақ бетіне өтіп, уақытында хан қазынасына зекет төлеп отыруды талап етті. Ауылдары талауға түскен билер шекаралық әкімшіліктің Сырдариядағы өкілі сұлтан Сүйеуғалинге жазған шағымында: *«Біздің өңірдегі қазақтарды тонаушылық жыл өткен сайын ұлғая түсуде, байғұстар қазірдің өзінде үш рет тоналды»* деген мәлімет кездеседі. Осы мәлімдемеде *«ал түйесі барлары Орынбор жаққа көшіп-қонуда, ал көліксіз кедей-кепшіктері қамыстан баспана салып, балықпен күнелтуде, егер де Сырдарияда балық болмағанда биылғы жылы олар түгелдей қырылып қалмақ еді»* [5, 39-40-бб.] деп көрсеткен болатын.

Қоқан және Хиуа хандықтарының жергілікті халыққа жасаған бұл қиянаты оңтүстік және оңтүстік-шығыс қазақ жерінде жателдік билікке қарсы азаттық қозғалыстың өріс алуына қозғау салды.

РЕЗЮМЕ

Основные направления колониальной политики среднеазиатских ханств при Сырдарье.

Колониальная политика среднеазиатских ханств относится к числу приоритетных действий политического и колониального характера, направленных на уничтожение всех ценностей, характеризующих казахскую государственность и своеобразную национальную специфику. Авторы проанализировали ход колониальной политики среднеазиатских ханств, доказывали, что он стал важной частью формирования системы грабежа и самобытности казахского народа.

The main directions of the colonial policy of the Central Asian khanates in the Syrdarya.

The colonial policy of the Central Asian khanates is one of the priority actions of political and colonial nature, aimed at the destruction of all the values that characterize the Kazakh state and a kind of national specificity. The authors analyzed the course of colonial policy of the Central Asian khanates, proved that it has become an important part of the formation of the system of robbery and identity of the Kazakh people.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Галузо П.Г. Туркестан колония (Очерк истории Туркестана от завоевания русскими до революции 1917 г.). Москва, 1929. – 147 с.
2. Якунин А., Шахматов В. Восстания в Казахстане в 50-х годах XIX в. // Известия Казахстанского филиала Академии Наук СССР. Серия историческая. – Москва, 1940. – Вып. 1. – С. 63-94 сс.
3. Шахматов В. Есет Котибаров // Известия Казахского филиала Академии Наук СССР. Серия историческая. – № 2 (27). – Москва, 1946. – 237 с.
4. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. А-Ата, 1962. – 374 с.
5. Сыр өңірі тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін Алматы: Атамұра 1998. – 185-б.
6. Б.Сманов. Молда Қошық датқа // Ана тілі газеті. – Алматы, 2011 жыл 28 қазан.
7. Қирабаев С. Естемес би // Егемен Қазақстан. – № 9 қаңтар (№ 5-6). – Астана, 2009.

АЗАТТЫҚ ҮШІН КҮРЕС ТАРИХЫНЫҢ АУЫЗША ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ (Деректанулық талдау мәселелері)

Гүлбану ЖҮГЕНБАЕВА,
тарих ғылымдарының докторы, Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының тарихнама, деректану
және заманауи методология бөлімінің бас ғылыми қызметкері

Қазақ халқының тарихи жады фольклорлық мұраларында сақталған. Халықтың тарихи жадына мән беру, оны жергілікті дерек көзі ретінде қабылдауға шын мәнісіндегі бетбұрыс соңғы жылдары жүзеге аса бастады. Халықтың тарихи өткенінің тұтас деректемелік қоры және тарихи санасының белгісі болып табылатын бұл мұралардың ғылымдағы орны мен ғылыми бағасының өзіндік тарихы қалыптасты. Империялық билік тұсында қазақ рухани мұраларына мән беру үрдісі, кеңестік билік тұсында тіптен тағдырлы болды. Соның бір көрінісі азаттық үшін арпалысқан жаңа дәуірдегі тарихи кезеңнің фольклорлық мұралары болып саналады.

Мақалада осы мәселенің қысқаша тарихнамасы және зерттелу, деректемелік тұрғыдан талдау мәселесіне баса назар аудардық.

Маркстік методологияның кеңестік ғылымдағы эксперименті бойынша өткеннің барлық мұрасын таптық тұрғыдан зерттеу, ұлтшылдықпен күрес, одан социалистік реализм, түрі ұлттық, мазмұны советтік әдебиет «жасау» науқандары қазақтың тарихи зердесіне, оның ұлттық рухына жасаған шабуылдарға айналды.

Рухани мұраларға және дәстүрлі қазақ қоғамының тарихи даму үдерісін ұрпаққа жеткізу аманаты жүктелген тұлғаларға қатысты үкіметтік қаулы-қарарлар аз емес еді. Соның нақты дәлелі – 1947 жылдың 1 ақпанындағы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» өктем қаулысы болды[1].

«Қазақстан К (б) П Орталық Комитеті Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысы туралы мәселе қарады. Орталық Комитет тіл және әдебиет институтының жұмысы қанағаттанғысыз екенін, қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мәселелерін ғылыми жолмен шешу жөнінде алдына қойылған міндеттерді институт атқара алмай отырғанын атап көрсетті. Институттың ғылыми жұмыстарының жоспарлары үнемі орындалмай келеді.

БК (б) Орталық Комитетінің «XVIII ғасырдың аяқ шеніндегі және XIX ғасырдың бас кезіндегі неміс философиясының тарихын баяндаудағы кемшіліктер мен қателер туралы», «Татар партия ұйымдарындағы көпшілік-саяси және идеологиялық жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы», «Украин партия ұйымындағы кадрлар арасындағы жұмыс туралы» қаулыларынан, сол сияқты Қазақ ССР тарихының мәселелерін баяндау жөніндегі идеологиялық, ұлтшылдық елеулі қателерді айқын көрсеткен ҚК (б) П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР тарихын» екінші рет бастыруға даярлау туралы» қаулысынан тіл және

әдебиет институты тиісті қорытынды шығармады.

Институт көбінесе өткен заманға көңіл бөлді, ал қазіргі тақырыптағы жұмыс, шын мәнінде жүргізілмей келді.

Институттың өткен заман мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеу еңбектерінде саяси өрескел қателерге, ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға жол берілді.

Тіл және әдебиет институтының ғылыми еңбектерінде, орта мектептерге арналған әдебиет оқу кітаптарында қазақтың XIX және XX ғасырлардағы көп ақындары мен жазушыларының творчестволық қызметіне біржақтылықпен, тек жақсы жағынан баға берілген. Өткендегі әдебиет өкілдері жалпы халық қайраткерлері болды деп көрсетілді, ал олардың творчествосы тап күресіне байланыстырылмай, онан тыс тексеріледі, сөйтіп олардың шығармаларындағы феодалдық-реакциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық сарындар қағажу, бүркеуде қалдырылады (Базар, Мұрат, Шортанбай, Шаңғерей, О.Қарашев, С.Торайғыров және басқа ақындар)» [1].

Мұның алдында қазақ халқының тарихын зерделеу, оның тарихи деректерін қалыптастыруға талпыныстар болғаны рас. Руханиятымызды ел арасынан арнайы жинап, жазып алу жұмыстары кеңес үкіметі орнағаннан кейін 20-жылдары басталды. Қазақстандағы өлке тану қоғамы бұл іске ұйытқы болады. 1933 жылы қазақтың ұлт мәдениетін зерттемек Ғылыми-зерттеу институты құрылды. Институт ел ішінен ауыз әдебиетін жинау мақсатында арнаулы экспедициялар жіберуді қолға алған. Мұндай аса маңызды шараларға М.Әуезов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ө.Тұрманжанов, С.Кеңесбаев, Е.Ысмаилов, т.б. ұлт жанашырлары белсене ат салысады [2, 26-б.].

Қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға мемлекеттік деңгейде баса көңіл бөлу Қазақстанда Ғылым Академиясының филиалы (1946 жылдан бастап Қазақ ССР Ғылым Академиясы) құрылуымен тығыз байланысты. Ғылым Академиясы ұйымдастыруымен жыл сайын жер-жерге экспедициялар шығарылып, халық әдебиетін жинау жүргізілді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы Президиумының 1948 жылы 1 желтоқсанда қабылданған «...Тарихи маңызы бар құнды халық мұрасын жинап сақтау үшін Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазбалар бөлімін ашу туралы шешімінің» маңызы зор еді. Мұнда іріктеліп, жиналуы тиіс қолжазбалардың қатарында «...д) Қазақстан тарихын жан-жақты зерттеуде өзіндік құны бар қолжазбалар; е) ескі қолжазба кітаптар» аталды [3, 3-б.].

Ұлттық рухани мұраларды жинақтау, іздестіру

нәтижесінде Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында ұзын саны 20-40 мың шамасында қолжазба түрі жинақталып, библиографиялық көрсеткіштері, ғылыми сипаттамалары жасалынды [3, 4-б.].

Бұл істің ең салмақтысы әр жылдары жарық көрген – аталған кітапхана мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры бөліміндегі араб, латын және кириллица әріптерімен жазылған қолжазбалардың «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» [4-5].

Кеңестік тарих ғылымындағы рухани мұраларға қатысты елеулі пікірді Қазақстан тарихының 1943 жылғы басылымынан көреміз [6]. Кітап авторлары қазақтың руханиятына тоқталып, оның сол кездегі ғылымдағы жай-күйін айта келе, мұраны тарихи тұрғыдан зерттеудің қажеттігін ескеріпті. Еңбектің «Қазақстан халықтары тәуелсіздік тұсында» деп аталатын тарауында: *«Қазақ халқының көне заманнан бергі тарихы қазақтардың ауызша аңыздарында көрініс тапты. Бұлар ұрпақтан ұрпаққа поэтикалық шығармашылық пен тарихи фактілер бірге өрілген аңыздар арқылы жетті. Аңыздар халықтың өз тарихы туралы поэзияланған түсінік-ұғымы, таза тарихтың өзі емес. Бұл аңыздар бай тарихи дерек бола алады, алайда олар терең зерттеуді, талдауды қажет етеді, сонда ғана поэзияланған аңыздардан нақты тарихи фактілер анықталмақшы. Мұны жалпы қазақ фольклорына қатысты да айту қажет.*

Өкінішке орай, маңызды сараптамалық және сыни жұмыстар әлі күнге жүргізілмей қалуда, мұның өзі фольклорлық материалдарды тарихи дерек ретінде пайдалануды шектеп отыр. Негізінен, бұл материалдар қазақ халқының саяси тарихына емес, мәдениетінің тарихына жатады» [6, 17-б.].

Сонымен қатар жекелеген тарихи зерттеу еңбектерде де халық мұрасына деректемелік тұрғыдан талдау әрекеттері орын алды. Кәсіби тарихшы, көрнекті ғалым Ермұқан Бекмаханов «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» деген атақты еңбегінде ұлт тарихының осы бір ауыр кезеңін сол халықтың түсінуінде, өз қабылдауында танып-білуді дәлелдеп, объективті, ғылыми тұрғыдан терең зерделеді [7]. Ол халықтың тарихын зерттеуде дәстүрлі ауызша тарих туындыларына ерекше мән берді. Ғалым одан халықтың тарихын және оның тарихи дерегін көрді, таныды. Оны өз зерттеулеріне тарихи және тарихнамалық дерек ретінде тиімді пайдаланды, сонымен қоса өз тұжырымдарымен бірнеше методологиялық мәселелер көтерді.

Бұл еңбекте дәстүрлі ұлттық ауызша деректер жазба деректермен (мұрағаттардағы) бірдей пайдаланылды. Мұрағаттардағы ресми құжаттарды ғылыми айналымға қағатпен енгізген зерттеуші, халықтың асыл мұраларын байыпты түрде талдауға алып, еңбегінде сәтті қолданды. Ғалым өз кітабында «Фольклорлық деректер» деп аталатын арнайы бөлім жазып, қазақ тарихын зерттеу үшін оның орнын (деректемелік және тарихнамалық сипатын) көрсетіп берді: *«...Қазақстан тарихын зерттеу кезінде аса маңызды дерек ретінде фольклордың маңызы айрықша зор. Мұның бұлай болатын себебі, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ халқының жазба әдебиеті болмады. Сондықтан тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі және т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы*

және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан.

Фольклорлық материалдың маңызы сонда, ол тарихи оқиғалар мен жеке адамдарға дәл және көбінесе дұрыс бағасын береді, себебі тарихты жасаушы және суреттеліп отырған оқиғалардың тікелей қатысушысы халықтың өзі болып табылады.

...Қазақ фольклорын егжей-тегжей сипаттап жатпай-ақ айта кететін бір нәрсе: сан алуан оқиғалардың бірін қалдырмай баяндайтындықтан, талайлардың атын атап, түсін түстеп беретіндіктен, іші не қилы деректерге толы болатындықтан бұл фольклор дегеніңіз тарихшы үшін, әсіресе, қоғамдық қатынастар саласын зерттейтіндер үшін шын мәнінде баға жетпес қазына» [7, 42-б.].

Зерттеуші бұл пікірімен дәстүрлі қоғамды зерттеудегі ауызша рухани мұралардың салмағын, олардың ішкі бітім-болмысын, ерекше табиғатын қозғаған. Кәсіби тарихшылардың аға ұрпағының мұндай көзқарасы осы мәселеге қатысты ұлттық тарих ғылымында күні бүгінде өзекті сұрақтарды қозғайды.

Тарихи өткенін ауызша сипаттағы фольклорлық мұраларында сақтауға мәжбүр социумның оған деген сенімі, ұстанымы және көзқарасы айқын болды. Фольклордың эпос, тарихи жырлар туындылары және ауыз әдебиеті саналатын жыраулық толғаулардың тарихи білімдік рөлі, халықтың тұтас тарихи жады ретіндегі салмағы жоғары деңгейде.

«Халықтың рухы жоғалған дәуірінде» олар халық жадында күшейе жаңғырып, бейбіт, мамыражай замандағыдай қоғамның эстетикалық, рухани деңгейін көтеруден өзінің әлеуметтік және тарихи танымдық функциясына ауысады. Кезінде М.Әуезов талдап, айқындаған қазақ халқының орыс отаршылдығынан еңсесі түскен «Зар заманында» аталған тарихи білім түрлері осындай «өзгеріске ұшырады».

Атақты «Зар заман» дәуірін зерттеген Е.Бекмаханов, империялық отарлау кезеңінің куәгері Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) мұраларынан сол қоғамды, дәуірді таныды [7]. Ғалым Кенесары Қасымұлы бастаған азаттық үшін көтерілістің (1837-1847) [8, 217-б.] тарихи алғышарттарын, себептерін талдау барысында, бұқара халықтың өз билеушілері мен отаршыл әкімшілік биліктің қыспағында қалғанын Шортанбай өлеңімен көрсетті.

*Заман қайтып оңалсын,
Адам қайтып қуансын.
Жанарал болды ұлығың,
Майып болды сыпайың,
Айрылмайтын дерт болды,
Кедейге қылған зорлығың.
Князьды көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің биіңдей,
Дуанды көрдің үйіңдей
Абақты тұр алдыңда,
Қазылып қойған көріңдей
Байлар зорлық қылады
Мал көзіне көрінбей.
Билер жейді параны,
Сақтап қойған сүріңдей.
Ойлағаны жамандық
Жарадан аққан іріңдей.
Замана түрі бұзылды
Текеметтің түріндей (Шортанбай) [7, 143-б.].*

Қазақ фольклорында тарихи жырлардың дамыған, кемелденген кезеңі сол отаршылдық кезеңі, XVIII-XX ғғ. басы [4].

«Ақтабан шұбырынды» оқиғаларынан бастап, орыс отаршылдығына қарсы күрестер, сондай-ақ

тарихи тұлғалар Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Өтеген, Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Жанқожа, Бекет, Досан, Иса, Мырзаш, Бекболат, Аманкелді және т.б. халық өміріндегі түрлі жағдайлардағы іс-әрекеттері, қоғамдық-саяси белсенділіктері тарихи жырлардың негізгі тақырыптары және олардың туу мезгілдерін айқындайтын фактілер. Мұнда халықтың тұрмыс-тіршілігі толық көрініс табады.

Тарихи жырларға бүгінгі тарихтанудың талабымен қарау, одан тек саяси оқиғаны, немесе билік үшін күресті, қандай да бір соғыстың болған-болмағанын анықтау үшін емес, жалпы халықтың аталған кезеңдегі өмірін тұтасымен алып қарауға мүмкіндік беретін деректемелік қырын тану. Жырды шығарушылардың идеясы – халықтың сол тұстағы тарихи тағдырын ұрпаққа қалдыру, жеткізу мақсаты – оның тарихнамалық сипаты.

Аталған кезеңнің жазба деректері орыс, қытай мұрағаттарында сақталған ресми құжаттар екені мәлім [9, 10-60-бб.]. Бірыңғай жазба ресми деректерге сүйеніп жүргізілген зерттеу жұмысының ғылыми салмағын, оның деңгейін дәстүрлі ауызша тарих арқылы тексеріп алуға болады. Сонда ұлттық мүдде тұрғысынан баяндалатын ауызша тарих пен билік етуші ұлт өкілдері, немесе сырт көздің қолтаңбасымен туған «тарихтың» (деректің) ара-жігін анықтай аламыз. Ал оларды керісінше, бірдей дәрежеде сыни көзқараспен пайдалану аталған кезеңдерге қатысты тарихымыздың күрделі, шешімі табылмаған тұстарын тануға, зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазақ тарихнамасында тарихи жырларды дәстүрлі ауызша тарих (тарихи және тарихнамалық деректігін) ұғымында қарастырған жұмысты жоғарыда аталған кәсіби тарихшы (Е.Бекмаханов) жүзеге асырды. Ғалым Нысанбай ақынның «Кенесары туралы жырын» еңбегінде осылай талдаған.

Ғалым Кенесары мен Наурызбайға арналған тарихи жырлардың арасынан Нысанбайдың «Кенесары туралы жырының» шоқтығы биік туынды деп, шығарушысымен таныстырады. «Бұл жырдың авторы жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет жоқ. Нысанбайдың өзі туралы айтқандары ғана белгілі:

Нәсіл атым сұрасаң,

Ашамайлы керейтпін...

Он бес жасқа келген соң

Кенесары-Наурызбай

Төрені іздеп келгенмін [7, 46-б.].

Көтеріліске қатысушы Нысанбай Кенесарының қырғыз манаптарымен күресін егжей-тегжейлі суреттейді және Кенесарының өзінің қалай қаза тапқанын баяндап береді.

...Жырда жекелеген маңызды тарихи оқиғалар да дұрыс баяндалған. Мысалы, Кенесарының қырғыздармен келіссөз жүргізу үшін Жеке батырды бас етіп өзінің өкілдерін жіберуі, Кенесарының шабуылдап келе жатып жауға қарсы бірлесіп күресу үшін бірігейік деп қырғыз манаптарына үндеу тастауы. Бұл фактілердің бәрі шын болғанын архив материалдары растайды» [7, 46-47-бб.].

Зерттеуші тарихи жырдың ауызша дәстүрдегі туынды болуы себепті, фольклорлық мұралығына байланысты өзіндік сипаттарына тоқталады: «...Алайда Нысанбай жырының құндылығымен қоса оның кемшілігін де айта кету қажет, атап айтқанда – нақты тарихи фактілерді баяндауда дәлдіктен ауытқуы және жекелеген ерлердің рөлін өсіріп көрсетуі. Наурызбайдың және басқа батырлардың ерлігі қиял-ертегіде болатындай етіп суреттелген, ал Наурызбайдың «Қызыл ауыз» деп

аталатын тұлпары тіпті адам кейпіне еніп кете жаздаған».

Тарихи дерек болып отырған жыр мәтіні, оның түпнұсқалығы туралы автордың тексеруі, талдауы назар аударарлық: «...Нысанбайдың жырлары сұлттан Жантөриннің орыс тіліне түп-түгел сөзбе-сөз аударуымен «Орыс Географиялық Қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» 1875 жылы басылған. Бұл нұсқаның кемшілігі сол: онда патша билеп-төстеушілерінің қылығына ашына айтылған неғұрлым саяси тұстары түсіп қалған. Нысанбай жырларының Жүсіпбек Басығарин редакциялап, 1924 жылы жарияланған нұсқасында жыр тексі одан бетер бұрмаланған. Жырдың Кенесарының жақтастары туралы айтылатын тұсына Басығарин өз жанынан мынадай қосымша енгізген:

«Өңкей бір қарақшылар – қанішерлер,

Жылмаңдап, ұрыға ұқсап соңына ерді.

Басқа бір тұсында былай делінген:

Кенесары батыр еді,

Халық ішінде ол жалғыз.

Құлдары мен нөкерлері –

Қағынған өңкей жалмауыз».

Тарихи мәтін астарын түсіндіруге сол кезеңдегі кеңестік ресми идеология, Алашордаға қатысты саяси қуғынның зардабы теріс әсерін тигізгені түсінікті: «Нысанбай жырын Басығаринның әдейі бұрмалау себебі бәрінен бұрын оның қазақтардың халық-азаттық қозғалысын жек көрген Алашорда идеологтарының бірі болуынан деу керек. Басығаринның атасы Алтыбай Көбеков Жаппас руының ру басы болған адам, Кенесарының ізіне түскен патшаның жазалаушы отрядтарына талай рет қатысқаны үшін оны көтерілісшілер өлтірген. Оның бір атасының – заурыд-Хорунжий Жанғабыл Төлегеновтың ауылдарын да Кенесарының жақтастары бірнеше рет талқандаған екен. Ж.Басығаринның жыр авторы – Нысанбайды – көтерілістің басшысына және көтеріліске қатысушыларға мүлде қарсы қою себебі осыдан» [7, 47-48-бб.].

Соған қарамастан маман тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов тақырыпқа тікелей қатысты мәселелерді терең талдап бере алғанын мойындаймыз. Қазақ қоғамында көтеріліс туралы түрлі көзқарастардың болғаны жете ашыла түседі.

Тарихи деректің жиналуы, сақталуы, жариялануы жайында зерттеуші ізденістері: «...Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорында Нысанбай жырының бұдан басқа екі нұсқасы сақтаулы. Оның бірін Жүсіпбек Шайхысламов қазақ тілінде 1912 жылы Қазанда басып шығарған, ал соңғы нұсқасын институт қызметкерлері Торғай облысында ақын Қашқынбай Қараевтың аузынан 1939 жылы жазып алған. Бұл екі нұсқа өздерінің толықтығы және оқиғалардың шыншылдықпен баяндалуы жағынан ұқсас. Тек қана Шайхысламов нұсқасында, әсіресе, нұсқаның кіріспе бөлімінде және соңында ондаған жол қосылған және әредік татар сөздері кездесіп қалады, бірақ бұлар жырдың негізгі тексінің мәнін бұрмалап тұрған жоқ» [7, 47-б.]. Жырды шығарушы, яғни деректің авторлығы мәселесін де қозғаған. «Кенесары қаза тапқаннан кейін Нысанбай ұзақ жылдар бойы Орта Азияда қаңғырып жүрді де, ақыры 1870 жылы қайыршылықта өлді» [7, 47-48-бб.].

Аталған жырды тарихнамалық дерекке балаған Е.Бекмаханов жұмысының қорытындысында оны нақты көрсеткен. Отаршылдыққа қарсы халықтың азаттық күресінің жеңіліс табуының ішкі, сыртқы себептері:

«...Кенесары көтерілісінің жеңіліс табуы себептерін тыңғылықты зерттеу айрықша маңызды, өйткені сөйткенде қозғалыстың сипатын және оның сөзсіз жеңілетінін айқындаушы әлеуметтік-экономикалық және саяси жәйттардың бүкіл жиынтығы айнадан көргендей көз алдыға келмекші.

Шындығында, 1847 жылы жазда Майтөбе маңында көтерілісшілер әскерлерінің талқандалуы және Кенесарының өзінің өлтірілуі, шын мәнінде, көтерілісті жеңіліске душар еткен себептер тізбегінің соңғы буыны болып табылған-ды. Көтерілістің жеңіліс табатынының тарихи сөзсіздігінің негізгі себептері бәрінен бұрын көтеріліс болған кездегі ішкі саяси жағдайда, орталықтандырылған тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруға кешігіп барып кіріскендікте жатыр» [7, 359-б.]. Қазақ елінің сол кездегі бытыраңқылығы, руаралық күрес, патша тыңшыларының әрекеттері қосылып, қозғалысқа кесірін тигізген. «Мұны Кенесары да, оның ең жақсы серіктері де жақсы түсінген» [7, 359-360-бб.].

Одан әрі зерттеуші көтерілістің жеңілу себебін даланың ауызша тарихы – Нысанбай ақын жырының алты жол шумақ өлеңімен түйіндейді:

«Ойда Қоқан, қырда орыс,
Хакім болды қаласы.

Кімнен таяқ жегендей

Біздің қазақ баласы,

Алдырып жүрген дұшпанға

Өзді-өзінің аласы...» [7, 360-361-бб.]

Бұдан жырдың тарихи шындықты айнытпай бейнелегеніне куә боламыз.

Қазақ халқының рухани мұраларының аса молдығы, оның сан түрлері дамығандығы және олардың әр кезеңнің жағдайына байланысты ерекшеліктері көрінеді. Оның тарихилығы белгілі бір тарихи кезеңнің объективті болмыс-шындығын көрсетіп суреттеп беруінен ғана көрінбейді. Ол халықтың өз тарихына деген бағасы мен тұжырымынан айқындалады.

Бодандық – халқымыздың тарихи жадында «Зар-заман» атанған қасіретті, күрделі кезең болды. Бұл кезеңге қатысты сан алуан рухани мұраларды тарихи тұрғыдан игеріп, оларды жергілікті дерек көздері ретінде бағалап, ұлттық тарихнамада қалыптастыру аса маңызды іс.

Ауызша дәстүр барынша берік дамыған қоғамда сөз өнері өткен күннің ең басты белгісі болып қабылданды. Көшпелі халықтың тарихи жады мүлдем

басқа арнада, басқа ұстанымда зерделенді.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает материалы казахского фольклора, возникшего в период Нового времени, как документальных источников по истории. Изучение эпохи «Зар заман», по мнению автора, без анализа фольклорных источников, будет неполным. Свои выводы автор иллюстрирует на конкретных примерах из источников.

Ключевые слова: фольклор, колониализм, казахи, традиционное общество.

In article the author considers materials of the Kazakh folklore which has arisen in the period of Modern times as documentary sources on history. The study of the era of «ZAR Zaman», according to the author, without the analysis of folklore sources, will be incomplete. The author illustrates the conclusions on concrete examples from sources.

Key words: folklore, colonialism, Kazakhs, traditional society.

ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы // Социалистік Қазақстан. – 1947. – №23 (7303). – 1 февраль.

2. **Ғабдуллин М.** Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1996. – 368-б.

3. Қазақ ССР Ғылым Академиясы Орталық Ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы қолжазбалар жинағының библиографиялық көрсеткіші. Бірінші бөлім. – Алматы: АН КазССР, 1975. – 192-б.

4. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Тарихи жырлар. – Алматы: Ғылым, 1981. – Т.3. – 220-б.

5. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. XV-XIX ғасырлардағы ақындар шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1985. – Т. 4. – 360-б.

6. История Казахской ССР. С древнейших времен до наших дней / Под ред. М. Абдыкалыкова и А.М. Панкратовой. – Алма-Ата: Каз ОГИЗ, 1943. – 671 с.

7. **Бекмаханов Е.** Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416-б.

8. Жеті ғасыр жырлайды / Құрастырған Е. Дүйсенбайұлы. Екі томдық. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400-б.

9. Қазақстан тарихы. (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Т.3. – Алматы: Атамұра, 2010. – 768-б.

ИСТОРИЧЕСКАЯ РЕФЛЕКСИЯ В ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ТЮРКСКИХ КОЧЕВНИКОВ XV-XVIII ВВ.

(Наследие казахских поэтов-жырау)

Назира НУРТАЗИНА,
доктор исторических наук, профессор кафедры
истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби

История изучения средневековых казахских (также и ногайских) поэтов-жырау Сыпыра жырау (Сыбрайырау), Асан Кайгы (Кайглы), Шалкииз Тленши, Доспамбет (Досмаммет Азаулы), Казтуган (Казы Туган) Суйиниш и др. берет свое начало еще с исследований Ч.Валиханова, В.Радлова, Я.Лютша, М.Османова, Габдоллы Муштака (Г.Караш), К.Ха-

лиди, Х.Досмухамедова и др. В 1883 г. в Петербурге Магомедом Апенди Османовым был опубликован сборник «Ногайуа кумык шигырлары». «Алашская» интеллигенция нач. XX в. продолжила дело собирания образцов фольклора и литературы древности. В дальнейшем, хотя были тяжелые для филологии годы советского прессинга, особенно с 70-х гг. XX века

усилиями тюркских ученых, в том числе А.Сикалиева, тема поэтов-жырау значительно продвинулась. Из многих работ следует отметить, конечно, бесценный вклад Мухтара Магауина [1].

И все же несмотря на определенную исследовательскую традицию [2], опубликованные сборники иантологии [3], существуют «белые пятна», в том числе относящиеся к анализу в поэзии жырау темы истории и исторической памяти. Ввиду тесной связи древней поэзии с традиционной этнокультурой современные исследования должны осуществляться в комплексном подходе с учетом данных этнографии, религиоведения, эстетики, философии, фольклористики, ибо творчество тюркских жырау «в ряде аспектов выходило за пределы вербально-эстетической традиции, вторгаясь и в сферу исторического действия (жырау нередко выступали как вожди племен, родов)....» [4, с.-126].

Историками недостаточно используется потенциал текстов традиционной поэзии казахских сказителей XV-XVIII вв. как источников по устной истории кочевников. Современные подходы, которые позволяют рассматривать памятники фольклора как своеобразные, во многом альтернативные источники по культурной истории, актуализируют обращение к теме коллективной памяти тюркских номадов кыпчако-ногайлинской эпохи в фольклоре. На самом деле несмотря на поэтический стиль и художественный язык толгау (баллады, рапсодии – по Ч.Валиханову), они достаточно богаты исторической информацией.

Наследие известных жырау относится главным образом к казахской, ногайской и кумыкской, но и каракалпакской, башкирской и кыргызской культурам. При междисциплинарном анализе данного вида источника под углом зрения исторической памяти и этнического самосознания можно выделить такие блоки историко-культурной информации, как внутренняя и внешняя политика ханов, этническая история, историческая география, реалии кочевого скотоводства и быта, религия, ментальность, военные предприятия, походы, переселения, персоналии (портреты ханов и батыров). В этой связи также немаловажно определение исторического контекста возникновения тех или иных произведений жырау в связи с данными шежира [5].

Особенно актуальна интерпретация тех или иных исторических событий, особенно кризиса, военных поражений, утраты земель, предложенная самими носителями традиционной культуры; проецируемый в их сознании образ кочевой цивилизации и образ «другого», национальная картина мира ихронотроп (образ пространства-времени). Вплоть до настоящего времени отечественные исследователи неохотно берутся за анализ таких вопросов, как восприятие тюркским сознанием кризиса и падения Золотой Орды, военно-политического противостояния с Россией.

Например, недостаточно рассмотрена предметными темами миграций и поиска земель в поэзии жырау. Как правило, в этом вопросе всегда были недосказанность и однобокие комментарии из-за идеологической ангажированности, стремления советских авторов затуманить проблему противостояния тюркского мира свеликим северным соседом, многовековое миграционное давление русской империи, прибегая к объяснению всех невзгод внутренними «междоусобицами» и калмыками.

Требуется изучить и особенности кочевой мен-

тальности в эпоху духовного перелома, связанного с утратой номадами военно-технического господства в Евразии, когда распространились пессимистические уmonoстроения, коллективная тревога за настоящее и будущее. Из этого комплекса идей, мотивов и настроений вытекает эсхатологические предощущения и переживания, ритуальный плач («зар») [6, с.-129].

Недовольство и осуждение экспансии иноверцев в лице Джунгарии, России и Китая усиливаются в поэзии тюркских жырау на протяжении XVII-XVIII в.; порой звучат открытые предостережения о «кафирах», живущих в «деревянных домах», китайцах («шуршит»/ от этнонима «чжурчжень»), с приходом которых следует ожидать осквернения могил мусульман [7, с.19]. Также многозначительны слова Бухар-жырау: «Ежелгі дұшпан ел болмас Көңілінде тұтқыр кірі бар...» (в другом варианте: «көңіліндекір-даты бар»). Характерно понятие «исконного врага», как синоним традиционного выражения «ата жау» («враг предков» или «главный враг»). «Ата жаудан қорғадық Мұсылманның баласын» (Кожабеген жырау) [8, 12-б.].

Если затронуть вопрос огенезисе и роли «жырау» (в ногайской поэзии – «йырау»), то в советский период фигура жырау неправомерно сужалась рамками поэзии и импровизаторства. Безусловно, еще в «Диван-и лугат ат турк» Махмуда Кашгари слово «йырагу» означало певца, сказителя. В то же время правомерно говорить о полифункциональности жырау, обусловленной синкретизмом кочевой культуры казахов. Еще Е.Исмаилов предположил, что жырау напоминают древних жрецов, хотя он же считал их предтечей акынской традиции [9, 39-41-бб.]. Многие авторы прототипом жырау считают Коркыт Ата – мудреца, певца, сказителя и советника ханов. Также ставится вопрос о преемственности и типологической связи между жырау и абызами, у последних синкретизм был более выражен [10, 117-б.].

Таким образом, жырау (йырау, йыравшы) – условный термин, который употребляется в отношении координаторов духовно-идеологической и даже политической жизни средневековых кочевых сообществ. Типична в этом отношении миссия Бухар-жырау, советника и медиатора при Абылай-хане. Маргаска-жырау был в числе сподвижников Есим-хана, а Жиёмбет показал себя оппонентом ханской власти.

Синкретизм был характерной чертой тюркской кочевой культуры, близкой к архаическим формам. Многогранность, характерная для модели номада-аристократа получила свое обоснование в казахском идеале «сегіз қырлы». При этом согласно нашим исследованиям, прежнее представление о неграмотности и шаманской идентичности акынов-жырау и биев является некорректным; жырау были носителями исламо-ориентированной кочевой культуры [11, с.-316].

Многие жырау (как Доспамбет, Казтуган, Ақтамберды и др.) были в молодости воинами, полководцами; в зрелые годы выполняли дипломатические поручения, занимали должности правителей родовых объединений, выступали знатоками и творцами эпических сказаний (Сыпыра-жырау), хранителями и трансляторами религиозных знаний и практик (шаманизма, суфизма, шариата), зачастую в народе их знали и как предсказателей и целителей.

В творчестве поэтов-жырау в едином комплек-

се предстают синкретизм искусства, а также полководческая, государственная, законодательная и духовно-сакральная деятельность (синкретизм функций), поэтому жырау – это «целостное и многомерное культурно-историческое явление» [12, с. 12]. Дар предсказания, красноречия и поэтического импровизаторства относились к сакральному аспекту духовной жизни Великой Степи. Тематика толгау (баллад) жырауотражала монументальные, морально-дидактические, религиозные и общественно-политические темы. И, как отмечал еще А.Маргулан, эпические певцы появлялись на публике не в повседневной жизни, а в сложные, критические моменты.

Итак, для примера анализа исторической информации и этнической памяти можно взять проблему миграций и откочевок. Известный мотив поиска Асаном Кайгы (Кайгылы, Хасан Сабитулы, XV в.) «земли обетованной» (Жеруык/Жеруiek, Жидели Байсын) нуждается в более внимательном анализе на предмет поиска в нем исторически достоверного «ядра». С литературно-философской стороны мифологема Жеруык изучалась, предложены разные версии и интерпретации. Однако мы полагаем, что знаменитые странствия «философа кочевников» и его топонимические интересы чересчур мифологизированы.

Если же подойти к наследию Асан Кайгы, а также другим материалам из устной историологии фольклора с точки зрения конкретной истории тюркской Евразии XV-XVI вв., то возникают основания для гипотезы о том, что Хасан Сабитулы как реально существовавшая и политически активная личность, советник многих ханов, притом образованный и просвещенный представитель тюркской элиты, в сложное время, когда на глазах тюркомусульманского сообщества стремительно и трагически перекраивалась политическая карта Евразии из-занаступления на восток России, что, в свою очередь, вызвало рост напряженности между самими тюркскими сообществами (бывшими субъектами Золотой Орды, потом Ногайской Орды, Казахского ханства), занимался вполне реальным, историческим вопросом государственной значимости – подготовкой плановой крупномасштабной миграции кочевников и переносу столицы, резиденции казахских ханов в более безопасную область к юго-востоку от Едилы.

Из памятников традиционной устной истории известно о том, что старец Асан Кайгы объездил на своей верблюдице Желмая многие уголки Дешт-и Кыпчака; при этом оставил емкие и образные характеристики разных регионов и областей, подходя весьма критически к выбору «земли обетованной». Искомая территория получала в народе эпитет «Жеруык» (или «Жеруiek»). Многие авторы, в том числе М.Магауин, связывают земельный вопрос, поднятый Асаном Кайгы, с откочевками первых казахских ханов в область Чу. Однако ввиду того, что Асан Кайгы был одним из легендарных долгожителей, проживший более 100 лет, надо полагать, что дискуссия по вопросу политически мотивированных дальних переселений началась в более ранние периоды истории тюркской Евразии.

Несомненно, ногайлы-казахский жырау смотрел шире, будучи озабочен не только пристанищем для новорожденного казахского ханства, но и общей геополитической судьбой тюрков, вынужденных откочевывать все дальше и дальше от Едилы и Яика вследствие давления Русского государства, одерживавшего все больше побед, а также политики

1. **Купласть А.П.** Семиреченская область /- Полтава: Бюро Обл. зем. переселенч. орг., 1910. - 26 с.
2. **Румянцев П.П.** Уезды Жетысу. / Сост. Ж.Кариев., Алматы: ТОО «Жалын баспасы», 2000. – 336 с.
3. **Ахметжанова А.Т.** Реформы Российской империи 60-90-х годов XIX века в Казахстане. Алматы, Қазақ университеті, 2013.-222 с.
4. **Тулекова М.К.** "Жетісу өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы": Тарих ғыл. докт. диссерт. / Ғыл. кеңесші: Асылбеков М.Х. – Алматы, 2003.-395 б.
5. Обзор Семиреченской области за 1913 год.
6. Материалы по обследованию туземного и русско-сторожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Под.рук П.П.Румянцева. – Лепсинский уезд.-СПб., 1910. - 820 с.
7. Материалы по обследованию туземного и русско-сторожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Под.рук П.П.Румянцева. – Верненский уезд.-СПб., 1913. - 112 с.
8. Материалы по обследованию туземного и русско-сторожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Под.рук П.П.Румянцева. –Джаркентский уезд.-СПб., 1912.Том III – 826 с.
9. **Джусупбеков С.Д.** Город Верный: (Страницы истории).- Алма-Ата: Казахстан, 1980. – 215 с.

ЭТНОМӘДЕНИ СӘЙКЕСТІЛІК ФЕНОМЕНІН ТҮСІНУ: тарихи контексті және теориялық алғышарттары

Айжан ИСАЖАНОВА,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, магистр

Көп жағдайда этномәдени сәйкестіліктің концепциясы отарлық әлемдегі геосаяси жағдай мен экономикалық тұрғыдан дамыған мемлекеттердегі аз этностардың саяси жандануы арқылы антропологиялық теорияда жоғары маңыздылыққа ие бола бастады және уақыт өте келе көп таралды. Сонымен қатар сол немесе басқа ғылыми дәстүрлерге қатыстылығына байланысты ғалымдар әртүрлі түсіндіре бастады. Жаһандану объективті процесс, көбінесе болашақ әлемнің шекарасын анықтап, оның белсенді бірігу және коммуникативті процестері толық есептіліктің арқасында қалыптасып келе жатқан әлемнің субъектілеріне мәселелер туындатты. Осыған байланысты ұлттық мемлекеттер «тіршілік бірлігі» статусын ғана жоғалтпайды, сонымен қатар әлемдік саяси, экономикалық және мәдени процестердің доминантты субъектілерін де жоғалта бастады; бұл функциялар әскери-саяси, экономикалық одақтар, желілік ұйымдастыруларды өзіне белсенді түрде ала бастады. Әлемде болып жатқан өзгерістерді ұғыну гуманитарлық дискурс аясында жаңа әлемдік тәртіпке қатысты бірқатар болжамдардың пайда болуымен түсіндіріледі.

Жаңа заман зерттеушілері әлемдік саясатқа «жаһандық жауынгерлер» қайтып келетінін болжайды. Олардың меңзеп отырғандары: діни бірлестіктер мен трансұлттық корпорациялар (Э.Тоффлер) [1]; «өркемиеттер қақтығысын» болжай отырып жаһандық адамзаттық бірлестіктің жаңа «монополиялық» субъектілері пайда болады дегенді ұстанады (С.Хантингтон) [2] және «фундаментализм қақтығысы» (Т.Али); индустриалды кезеңге дейінгі, әлемді ұлттық-мемлекеттік принцип бойынша бөлуге дейінгі, саясат субъектісі тек мемлекет емес, шіркеу бірлестіктері, діни ордендер және тауар бірлестіктері де болған гетерогенді әлемдік жүйесіне қайта бет алу үдерісін атап көрсетеді (Ф.Бродель) [3]. Белсенді кіріктірілген және коммуникативтік процестер кейбір жағдайларда адамзаттың ары қарай дамуы ұлттық ерекшеліктердің қысқарып және әлеуметтік-мәдени (тек-тіл-топтық, кәсіби) ерекшеліктердің жоғарылауы жолымен жүреді деген шешімге негіз болады (В.Хилл). Аталған процестердің кері жағы маңызын төмендету жеке тұлғаның бірегейлігінің ұлттық өзіндік негіздерінің төмендеуі, жеке тұлғаның белгілі бір мемлекетке, қоғамға және мәдениетке тиесілілігі туралы сезімінің төмендеуі болатыны анық; трансұлттық және екі азаматтық туралы жиірек естуіміз мүмкін. «Әлем адамы» идеясы тағы да құнды болып жарияланады. Сонымен қатар «жоғары ұлттық» немесе «трансұлттық» бірізділікті қалыптастыру өте ауыр және қарама-қайшылыққа толы болады, оған ХХ ғасырдың екінші жартысында таныс болған этноұлттық ұрыстар дәлел бола алады. Бұл объективті бірізділік ұрыстары, соның ішінде жасырын формалары бүкіл әлемде кездеседі. Мультимәдениетті жариялау мен оның танымалдылығына қарамастан түрлі елдердегі ұлттық мәдениетті күзету тенденциясы пайда болды және нық

бекіді. Францияда этникалық қарсылық негізінде, мемлекет ұлттық тілдің тазалығын сақтауға байланысты бағдарламалар қабылдады. Австрия мен Австралияда ксенофобияның артқаны байқалады. Еуропа азиялық және шығыс еуропалық мигрантарға өз шекарасын жабуға тырысуда (Шығыс Еуропадағы «ашық қоғам» идеологиясына анық қарсылық). Еуропалық елдердің бірқатарында ұлттық валютадан бас тартып (ұлттық нышан) евроға (трансмәдени нышан) ауысу және ұлттық Конституциядан жалпы еуропалық Конституцияға ауысу халықтың назарылығына тап болды. Соған қарамастан, б.з. үшінші мыңжылдығының басында адам көптеген әлеуметтік және мәдени әлем «шекарасында» қалғанын мойындау керек, оның шекарасы мәдени кеңістіктің жаһандануынан, жоғары коммуникативтіліктен, мәдени тілдер мен кодтардың әртүрлілігінен «өше бастағанын» мойындауға тура келеді.

Адам өзінің макротоптық көпшілікке тиесілілігін негізге ала отырып күрделі көп бірізділікті тасымалдаушы болып шықты. Бұған дәлел, заманауи адамда белгілі бір әлеуметтік бірлестікті «бөтен», жау ретінде қабылдауға негізі өте аз, алайда, сәйкестікті «жоғалту», «дрейф», кризис мәселесі талқыланады, бұлар теориялық және эмпиризмдік зерттеудің маңызды тақырыбы. Аталған процестердің актуалды жағдайын ғана көрсетуді емес, олардың мақсатты дамуының негізгі қажеттіліктерін анықтау, соның ішінде нәтижелі әлеуметтік болжамдар жасаудан туындаған осындай зерттеулердің қажеттілігі өз жолында біріктірілген процестердің концептуалдық негізінің анық еместігінен, әсіресе, этноұлттық аспектіде кедергілерге ұшырайды. Соңғы жылдары ғылыми және публицистикалық айналымға кеңінен енген «сәйкестілік» түсінігі өзінен өзі анық, айқын болып қабылданып жатқанын атап өткен жөн.

Этимологиялық тұрғыдан ескі латын тілінен енген *identifico* (сәйкестендіру), *identicus* (бірдей, бірдей, сәйкестік, екі нысанның немесе тұжырымның сәйкестігі) ұғымдары қазіргі заманғы ғылыми және күнделікті лексикадағы «сәйкестендіру» термині [4] «өзін-өзі тану» және «өзін-өзі анықтау» деген дәстүрлі ұғымдарды едәуір ығыстырды, бірақ соған қарамастан семантикалық эквиваленттері ретінде жиі кездеседі. Ерекше танымдық жағдай туындатып отырған бір мәселе, оның мәнінде болып отыр, яғни «қосылыстар дұрыстығының әсері»: шет тіліндегі терминін шамадан тыс қолданумен байланысты көбінесе ерекше тұжырымдаманы дұрыс пайдаланбауға әкеп соғады.

Дегенмен, біз «терминологияны кеңейтуді» өздігінен түсінуге кедергі келтіретін шағылыспайтын құбылыстар мен үрдістерді қамтитын «сәйкестік» терминінің эвристикалық ресурсына үлкен мән беріп, оны байланыстыруға тырысамыз. Бүгінгі күні «сәйкестендіру» және «сәйкестік» терминдерін қолданып, топтық және этникалық сілтеме құбылыстарын, құндылықтардың сәйкес келуін, өзін-өзі тануды интроспективті түрде тү-

сіндіреміз және «басқа сезім» мен «сана сезім» концепцияларына сілтеме жасамай, өзін-өзі анықтау мен түсінудің ұтымсыз механизмдерін көрсетеміз. Дегенмен, жеке басын зерттеу бұл құбылыстың дәстүрлі ғылыми талдау әдістерін алға тартқандығымен қиындай түседі. Х.Хантингтон заманауи сарапшылардың біріне сілтеме жасай отырып, «сәйкестік» дегеніміз «міндетті емес, себебі ол анық емес» дейді. Ол оны «қатаң анықталмаған және стандартты өлшеу әдістеріне бағынбайтын жабық жиын» деп көрсетеді. Қызығушылық құбылысына қолданылатын, «құбылыс» және «тұманның» өзара қасиеттерін пайдаланатын ең беделді сәйкестендіру зерттеушісі Эрик Эриксонға тиесілі пікір осы бағалауға жақын [5]. Философия, жалпы және әлеуметтік психология, әлеуметтану, антропология және басқа да ғылыми пәндер шеңберіндегі өзіндік құбылыстың айтарлықтай дамуына қарамастан, оның мәнін түсіну нақтылыққа жете алмай тұр. Мүмкін себептер ретінде екі негізгі жағдайды келтіруге болады.

Ең алдымен, мамандардың пәнаралық айырмашылығы ықпалын тигізеді. Түпнұсқалық мәселенің пәнаралық сипатын мойындай отырып, кез келген жалпыланған, пәнаралық зерттеулер қиындықтармен айтарлықтай байланысты екенін толық білеміз. Әрине, ғылымның әрқайсысы жинақтаған деректердің толық арсеналын қамту мүмкін емес. Жеке ғылымдар жасайтын проблемалар бір-бірімен байланысты, бірақ бірдей емес. Концептуалды аппараттардағы айырмашылықтар, зерттеу әдістері мен ойлау стилі өздерін салыстыруға және нәтижелерді салыстыруды өте қиындата түседі. Сонымен қатар, көп немесе аз талдау жасау белгілі бір ғылым маманы үшін маңызды болып табылатын кейбір нюанстарды жоғалтуға алып келеді. Сонымен бірге, зерттелетін құбылыстың ерекшеліктерін, функцияларын, қалыптасу механизмдерін және оларды ұсыну әдістерін анықтауға мүмкіндік беретін пәнаралық әдіс. Екінші жағынан, «этномәдени сәйкестік» терминінің астарында күрделі әлеуметтік-психологиялық мазмұнды, терең мәдени және тарихи тамыр жатыр. Әлеуметтік-мәдени динамиканың әр кезеңі жеке тұлғаның өзіндік нысандарын қалыптастырумен қатар жүрді, және өз заманында П.Бергер мен Т.Лукмандар айтқандай, белгілі бір тарихи-әлеуметтік құрылымдар тиісті сәйкестік түрлерін тудырады [6]. Бірақ тарихи мән мәтін мен сәйкестену құбылысын түсінудің теориялық негізі қаншалықты маңызды болса да, оның негізі, әлемдегі өзінің жеке көрінісін көру үшін тек адамға тән екендігін көрсететініне сенеміз, ал тарихи формалар мен типтердің сәйкестілігі адамның қоршаған ортада бейімделуін анықтайды.

Этномәдени сәйкестік – бұл ортақ мәдениетке негізделген жергілікті топпен бірлікті түсіну, сондай-ақ осы қауымдастықтың психологиялық тәжірибесі және оның көрінісіндегі жеке және ұжымдық нысандары туралы хабардар болуын білдіретін кешенді әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Біз көрсеткен анықтамада «әлеуметтік сәйкестік», «этникалық сәйкестік» және «мәдени сәйкестілік» ұғымдарының «қиылысуы» байқалады және семантикалық жақындығы мен бағынуы айқын және олардың ғылыми және журналистік әдебиеттерде жиі әрі тұрақты болмауын түсіндіреді. Сондықтан, терминологиялық ауыстыруды болдырмау үшін, біз осы тұжырымдамаларды ажырата білуіміз керек. Әлеуметтік және этникалық сәйкестік арасындағы қарым-қатынас туралы айта отырып, біз, бір жағынан, олардың өзара байланысын және өзара тәуелділігін байқаймыз. Этникалық сәйкестік әлеуметтік сәйкестік аспектілерінің бірі екендігін дәлелдеудің қажеті жоқ. Этникалық негізде сәйкестендіру – бұл әлеуметтік ерекшеліктерді, атап айтқанда, кәсіби, жылжымайтын мүлік, меншік және

басқа да себептер бойынша қалыптастырудың көптеген басқа жолдарының бірі. Екінші жағынан, этникалық сәйкестік жүйесінде адамның өзін-өзі анықтауы мен оның әлеуметтік мәртебесі тұрғысынан этномәдени иерархиядағы ұстанымы тұрғысынан басқалармен сәйкестендіруі соңғы орында тұрған жоқ. Осылайша, этникалық және әлеуметтік сәйкестілік қарым-қатынасы екі жақты болып табылатын бағыныстылық қатынастары ретінде қарастырылуы мүмкін. Этникалық және мәдени сәйкестік тұжырымдамаларының арасындағы қарым-қатынасқа келетін болсақ, әртүрлі көзқарастар да бар. «Этномәдени сәйкестік» терминін фундамент ретінде қолдану арқылы, біз назарымыздың негізгі нысаны этникалық негізде қалыптасатын әлеуметтік идентификацияның бір түрі болып табылатындығын көрсетеміз. Ғылымда, белгілі болғандай, этникалық және ұлттық құбылыстардың өзара байланысы туралы бірыңғай көзқарас жоқ. Кейбір жағдайларда оларды анықтайды, ал басқаларында олар бір құбылыстың дамуында дәйекті және өзара байланысты кезеңдер деп саналады, үшіншіден, қарсылық білдіреді. Біздің одан әрі талдауымызды болжап отырғанымыздай, этникалық құбылыстың тарихи ерекшеліктерімен бөлісеміз, онда этнос және ұлт этногенездің ортақ «мәдени негіз» байланыстыратын дәйекті кезеңдері ретінде қарастырамыз. Бұл этностың әртүрлі тарихи түрлерін «этно-мәдени бірлестік» тұжырымдамасымен бірге біріктіріп, біз әлеуметтік сәйкестілік нысандарын талдай отырып, «этномәдени сәйкестік» түсінігін ең лайықты және ішінара ымыра ретінде қолданамыз. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, этномәдени бірлестік философиясын оның онтологиялық, морфологиялық және динамикалық аспектілерінде тұтастандыру – өнімді болжау мен тиімді басқару мақсатында заманауи этномикалық процестерді түсіну өзекті қажеттілік болып саналады.

РЕЗЮМЕ

В статье проанализированы различные подходы к исследованию феномена этнической идентичности в современной зарубежной и отечественной литературе. На основании проведенного анализа автор делает вывод, что исследования концептуальных оснований феномена этнокультурной идентичности имеют очевидный исторический контекст и интерпретируются особенностями осмысления современных этнонациональных процессов.

The article analyzes the different approaches to the study of the phenomenon of ethnic identity in the modern foreign and domestic literature. Based on the analysis the author concludes that the conceptual basis of the study of the phenomenon of ethnic and cultural identities are obvious historical context and interpreted understanding of the features of modern ethno-national processes.

ЛИТЕРАТУРА

1. Тоффлер Э. Третья волна. – М.: АСТ, 2010. – 784 с.
2. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – М.: АСТ, 2003. – 603 с.
3. Бродель Ф. Что такое Франция? (в 2 кн.). Кн. 1. Проспект и история. – М.: Изд-во им. Сабашниковых, 1994. – 406 с.
4. dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/vocabulary.ru/dictionary/9/word/identichnost
5. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис / пер. с англ.; общ. ред. и предисл. А. В. Толстых. – М.: Прогресс, 1996. – 342 с.
6. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания. – М.: Медиум, 1995. – 323 с.

Талдықорған қаласы.

Қазақ тарихы

№7 (174), қыркүйек, 2019

ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ ТҮСІНІГІ МӘСЕЛЕСІ

А.БЕКСЕЙТОВА,
А.ӘЛІБЕКОВА (Алибекова),
Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау мемлекеттік университеті

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған соң ел тарихы заман талабына сай қайта зерттеле бастады. Осыған байланысты әлемдік кеңістіктегі дала өркениетінің алатын орнын айқындау тарихы қазіргі таңдағы еліміздің тарихшыларының алдында тұрған мәселелердің бірі. Көп жылдар бойы отаршылдық саясаттың және жалпы еуроцентристік көзқарастардың салдарынан еліміздің тарихы бұрмаланып жазылып келгенін білеміз. Мысалы, еуроцентристік бағытты ұстанған Арнольд Тойнби сияқты батыс зерттеушілері көшпелілер тарихын әлемдік өркениеттен тыс дүние деп қарастырған, ал қазақ жерінен табылған көне түрік руна жазуын зерттеген орыс ғалымдары сол уақыттағы идеологияның талабына сай, руна жазуы қазақтардікі болуы мүмкін емес, ол басқа бір тайпалардың жазуы деп түсіндіруге тырысқан.

Көшпенді қоғам өркениеті – қазіргі Қазақстан тариханамасындағы өзекті мәселелердің бірі. Аз уақыт бұрын көшпелі қоғам тарихының методологиялық мәселелері негізінен "көшпелі халықтарда өркениет болды ма, болмады ма?" деген сұрақ төңірегінде өрбіді. Көшпелі қоғамның өркениетті дамуы мәселесіне байланысты жауап шешімі әлемдік тарих ғылымында қалыптасқан унитарлық – кезеңдік және эмбебап – плютаристік бағыттағы формациялық және өркениеттік негізгі ғылыми теориялар негізінде қарастырылды. Тарихи процесті өлшеудің бұл категориялары, әрине, батыс әлемінің қоғамдық ойының эволюциясының нәтижесі болғандықтан еуропалық социумға бағытталған. Көшпелі қоғам тарихының методологиялық мәселелерінің мәні, өзінің мазмұны жағынан евроцентристік болып табылатын жалпы қабылданған классикалық әлемдік тарихи үдеріс жүйесіне сәйкес келмейді, сондықтан да қазіргі таңда өркениет мәселесіне байланысты жалпы «өркениет» түсінігі мәселесіне байланысты көзқарастар әр алуан.

Көшпелілер немесе Дала өркениеті – түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы, этномәдени жүйенің қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпаты, десек, адамзат тарихын зерттеу барысында өркениет атауының өзіне әр түрлі, кейде бір-біріне қарама-қайшы анықтамалар берілген. **Солардың бірнешеуіне тоқталайық.** Америка тарихшысы Л.Морган (1818-1881) мен Ф.Энгельс оны адамзат дамуындағы жоғары, жазу сызуды енгізу кезеңі («тағылық – жабайылық – «өркениеттілік» ұштағаны арқылы) ретінде сипаттады. Орыс ғалымы Н.Данилевский өркениетті «мәдени тарихи» тип деп санап, П.Сорокин «үлкен мәдени жүйе» деп қарайды, ал неміс философы К.Ясперс оны «айналма дәуірлер» деп тұжырымдайды [1].

Белгілі бір кеңістіктегі «мәдени», не болмаса «өркениет» дамуы туралы концепция XX ғасырдың аяғында батыста кеңінен таралды. Мысалы, американдық ойшыл Френсис Фукиама социалистік жүйенің құлауы, коммунистік идеологияның шектелуі әлемде Батыс либерализмнің (саяси демократия мен

нарықты экономиканың) толық жеңген заманасын орнатуға әкелді. Әлем көз алдымызда тұтас бір өркениетке айналуға, – деп пайымдайды. Ал американдық басқа бір ойшыл Сэмюль Хантингтон «ақыр заман», «біртұтас өркениет» идеяларына қарсы шығып, «өркениеттердің түйісуін» («соқтығысуын») жақтап шықты. Хантингтон концепциясының түйіні – болашақта біртұтас өркениет қалыптаспайды, әлем бір-біріне ұқсамайтын бірнеше өркениеттерден тұрады. Ғалымның пікірінше өркениеттің әрқайсысы бір-бірімен қатар өмір сүруді үйретуге тура келеді [2]. Кейінгі кездері бұл термин адамзат дамуының аймақтық, салыстырмалы түрде бір-біріне тәуелсіз жетілген пішімдерін бейнелеу үшін қолданылып жүр. Еуропаға әсіре табынушы кейбір ойшылдар өздігінше жетілген мәдени-тарихи аймақтардың санын түгендеп, кейде – 8 (О.Шпенглер), кейде 36 өркениет ошағына (А.Тойнби) жеткізіп қойды. Әйтсе де, осы тұжырымдаманы жақтаушылар Алтайдан Карпат тауларына дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте көшпелі-отырықшы тұрмыс кешкен түркі тектес халықтардың өткеніне астамшылықпен қарап, «тарихи дамудан тысқары қалған қауым» ретінде көрсетуге тырысты. Соған қарамастан, өркендеп-өрбу негізі, географиялық-табиғи аясы далалық болып саналатын, көшпелі шығыс жұртының өзіндік өркениеті хақында дәйекті пікір түйген ғалымдар аз емес. Белгілі орыс археологы, академик А.П.Окладников (1908–1981) зерттеу еңбектерінде далалықтардың этномәдени жүйесін *«Батыс Сібір өркениеті шығысқа қарағанда батыспен тығыз байланыста болған сияқты»*, – деп атап көрсеткен. Ө.Марғұлан, К.Ақышев, К.Байпақов, т.б. ғалымдар «көшпелілер өркениеті» атауын жиі қолдана, Л.Н.Гумилев, О.Сүлейменов б.з.б. IX ғасырдан б.з. XI ғасыр аралығында көшпелілер мәдениетінің өрлеу дәуірі, Жерорта теңізі жағалауы және Қиыр Шығыс елдерімен салыстырғанда «жасампаздық эволюцияны» бастан өткергенін дәлелдеді. Соның нәтижесінде кеңестік тарихнама жоққа шығарған Еуразия кеңістігіндегі тарихи-мәдени ерекше құбылыс, ғылымға «Дала өркениеті» – деген атпен ене бастады. **Оның әлемдік өркениетке қосқан үлесіне үндінің саяси қайраткері Д.Неру «Әлемдік тарихқа көзқарас» атты еңбегінде әділ баға беріп, былайша атап көрсетті: «Атлас картаны ашсаң, алып Азия құрлығының қойнына кіріп жатқан кішкентай Еуропаны көресің. Ол өз алдына дербес құрлық емес, Азияның жалғасы сияқты. Ал тарихты оқитын болсаң – ұзақ уақыт бойы, белгілі бір кезеңде Азияның үстемдік құрғанына көзің жетеді. Еуропаны жермен-жексен еткен де, өркениетке жеткізген де солар. Азияның әлде-бір өңірінен шыққан арийлер, сақтар, ғұндар, моңғолдар, түркілер Азия мен Еуропаға қанат жайып, жаппай қоныстанды. Еуропа ұзақ уақыт Азияның отары сияқты болды».** Азия мен Еуропа арасындағы алып кеңістік – ежелгі Дешті Қыпшақ төсінде эволюция жолымен қалыптасқан мәдени-экономикалық, рухани тұтастықты, жартылай

көшпелі, жартылай отырықшы тұрмыс кешкен дала тұрғындарының этнотарихи жүйесін Дала өркениеті деп атауға толық негіз бар. Климат құбылмалылығына жаппай әрі тікелей тәуелді күйдегі көшпелі мал шаруашылығы далалықтардың геоэкономикалық, геосаяси, геомәдени икемділігін белгілі бір дәрежеде шектегенімен, тұйыққа қамай алмады; керісінше, бұл солтүстік-еуразиялық кеңістік тұрғындарының өзіндік ерекшелікке толы әлеуметтену үрдісі мен нәсілдік-генетикалық бірігуіне жол ашты. Жабайы жылқылар мен түйелерді қолға үйретіп, осыған орай арба мен әбзел ойлап табуы көшпелілерді өркениет даңқына жетелеген алғашқы, тың қадам болды. Металл өңдеу, қыш ыдыс жасау, мата тоқу, зергерлік кәсіп қарқынды дамып, «жұлдыз барлап, жол табу» арқылы алғашқы астрономия, ғарыштық түсініктері орныға бастады. Қандық-туыстық байланыстар мен әлеуметтік ұжымдасудың жан-жақты, қатаң түрде сатыланған жүйесі қалыптасты [3].

Еуразиялық көшпелі өркениет даму жолында үш сатыдан өтті. Осыған орай номадология көшпенділерді «ежелгі», «классикалық», «соңғы» деп үшке бөлінеді. «Ежелгі көшпенділерге» скифтер, сақтар, ғұндар мен еуразиялық дала тайпалары жатса, ал әдетте орта ғасыр моңғолдары мен түркілерін «классикалық» көшпенділер деп танымыз. Ал, қазақтар «соңғы» көшпенділер тобына жатады. Батыстың, сондай-ақ Ресейдің көшпелілер тарихымен айналысушы ғалымдары: Крадин Н.Н., Марков Г.Е., Хазанов түркі мемлекеттілігінің сипатын анықтағанда оны отырықшы – егінші халықтардың мемлекетке дейінгі саяси жүйесі болып табылатын тайпа бірлестігі, көсемдіктер деңгейіндегі саяси құрылымдар болды деп көрсетуге бейім [4,71 б.]. Ағылшын философы Арнольд Тойнби өзінің «Постижение истории» атты өркениеттер тарихына арналған еңбегінде көшпелілер қоғамы «кенже қалған қоғам», дамымаған өркениет дей келе, көшпелілер қоғамын «тарихы жоқ қоғам» деген тұжырым жасайды [5.181 б.]. Ал Н.Аристов, Н.Гродеков, Г.Потанин сияқты зерттеушілері көшпелі қоғамдағы жоғары мемлекеттік билікті мемлекеттің пайда болуының патриархалдық теориясымен байланыстырады [6].

Өркениет зерттеушілерінің бір тобы Еуразия даласындағы көшпенділерді тарихи даму процесінен бөліп алып қарауға болмайтынын ескертеді. Өйткені ол көшпенділер, **біріншіден**, басқа көршілес қауымдармен ара қатынаста болды, ал ол қауымдар болса отырықшы-егіншелер, қала мәдениеті дамыған өлкелерде тұрды. **Екіншіден**, көшпенділердің өз ішінде жартылай көшпенді, жартылай отырықшы малшылар тобы болды. **Үшіншіден**, көшпенділіктен отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениетпен ұштасу, түйісу тенденциясы тарихта орын алды. Таза көшпенділік Еуразияның сайын даласында болған емес, қала мен дала одағы, отырықшылық пен көшпенділік өзара ұштасып, бір-біріне кірігіп, байланысып жатты. Сондықтан да Еуразия сахарасында таза көшпенділер өркениеті емес дала мен қала мәдениеті ұштасқан Дала өркениеті дамыды [7].

Л.Гумилев: «*Көшпелілер мәдениеті 3000 жылға созылған даму барысында Жерорта теңізі мен Шығыс өлкесінің халықтарымен салыстырғанда шығармашылық эволюцияны бастан өткерді*» [8] дейді. Ғалымның пікірінше, көшпелілер әлемдік өркениет пен мәдениетке елеулі үлес қосты. Ал,

профессор Ә.Байбатшаның пікірінше: «*далалықтардың алғашқы мемлекеттері сақ тайпаларының бірігуі нәтижесінде қалыптасқан. Қытай жылнамаларынан белгілісі; шығыста – Сиуңну (Ғұн) мемлекеті, қазіргі қазақ даласында – Үйсін мемлекеті, ал Батыс – тарих атасы Геродоттың мәліметі бойынша скиф (сақ) тайпаларының елі болған. Қазақ даласындағы Үйсін мемлекеті екі жарым мың жылдай ұдайы даму жолынан өтіп, әр кездері Түрік, Түркеш, Қарлұқ, Қарахан және басқа мемлекеттер аталып, XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының негізі болып қаланды*» [9],– дейді. Осы пікірді Манаш Қозыбаев та негіздейді. [10]. Демек, қазақ өркениетінің бастауы тереңде жатыр.

Кез келген ұлттың өркениеттілігі, мәдени бітімі сол елдің тәуелсіздігі аясында өрбиді. Егемен ел – тәуелсіз Қазақстан жағдайында жалпы адамзаттық құндылықтарға қол жеткізіп, біртұтас мәдени жүйе қалыптастыру үшін өткен жолды, шыққан биікті бағалай білу шарт.

РЕЗЮМЕ

В статье цивилизация кочевого общества рассматривается как одним из актуальных вопросов истории Казахстана. Даны определения термина «цивилизация». Евразийская кочевая цивилизация проходит три этапа в своем развитии.

Ключевые слова: европейский центрист, кочевое общество цивилизация, цивилизация.

In the article, the civilization of the nomadic society is one of the pressing issues of the history of Kazakhstan. The definition of the term “civilization” is given. The Eurasian nomadic civilization passes around three stages of its development.

Key words: European centrism, nomadic society civilization, civilization.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казахстанская политологическая энциклопедия, А., 1998. С 382.
2. **С.Хантингтон.** Столкновение цивилизаций // Полис, 1994.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
4. **Крадин Н.Н.** Кочевые общества. Владивосток., -1992. Общественный строй кочевников: дискуссии и проблемы // Вопросы истории, 2001. 21-52 б. Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е доп. Алматы: Дайк-Пресс, 2002.-363-б.
5. **Тойнби А.** Постигание истории. –М.: Прогресс, 1991.-736-б.
6. **Аристов, Н. А.** Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности / Н.А.Аристов // Живая старина. вып. III-IV. СПб. 1881 298 с., Гродеков, Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт.– Ташкент , 1889. –Т.1.298,181.
7. **Қозыбаев М.** Өркениет және ұлт, Алматы, 2001, 14-б
8. **Гумилев Л.Н.** Хұндар. Алматы: Қазақстан. 1988. 13-б.
9. **Байбатша Ә.** Қазақ даласының ежелгі тарихы: Көмекші оқу құралы / Ә. Байбатша.- Алматы: Санат, 1998.-192-б.
10. **Қозыбаев М.** Тарихи сананы қалыптастырсақ, Алматы; 98.

АКАДЕМИК С.БЕЙСЕМБАЕВТЫҢ «ЛЕНИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН» АТТЫ ЕҢБЕГІНЕ БҮГІНГІ КӨЗҚАРАС

З.АЙТКЕНОВ, Б.АБДРАХМАНОВ,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің
доценттері, тарих ғылымдарының кандидаттары,
С.РАЗДЫКОВ,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Академик С.Бейсембаевтың ұзақ жылдар бойы тынымсыз еңбек етіп, дәйекті зерттеу жүргізген, кейін докторлық диссертацияға айналып, көзі тірісінде екі қайтара басылып шыққан күрделі де мәнді, әрі көлемді еңбектерінің бірі «Ленин және Қазақстан» атты монографиясы еді. Бұл кітабында автор пролетариат көсемі В.И.Лениннің бүгінгі айтылып жүргендей кертартпа бейнесіне емес, оның Қазақстанға байланысты қабылданған шешімдерін куәландыратын түпнұсқа құжаттарына баса назар аударады. Сол арқылы Қазақстанда большевиктердің Кеңес үкіметін қалай орнатқаны туралы нақты шындықты көз алдыңызға бұлтартпас деректер арқылы жайып салады. Мұның өзі автордың оңай жолмен кетпей, тыңнан соқа салып, осы тақырып маңында қажырлы да, жемісті еңбек еткенін байқатады. Сондықтан да болар автор бұл кітабына басты методологиялық негіз және дерек көз ретінде Қазақстан мен Түркістанға қатысты 400 Ленин қол қойған құжаттардан тұратын «Полное собрание сочинений В.И.Ленина» деп аталатын жинақты пайдаланғаны. Сондай-ақ, бұл зерттеуден бұрын-соңды еш жерде келтірілмеген, көпшілікке белгісіз болып келген Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан республикалары мен Ресейдің Омбы, Орынбор, Саратов, Новосибирск қалаларының мемлекеттік архивтерінде сақталған құнды деректер мен XIX-XX ғасырларда мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған өте бай материалды да кездестіресіз. Бұдан басқа автор осы тақырыпқа байланысты Ресей мен Орта Азия және Қазақстан ғалымдарының да кейбір зерттеулеріне дереккөз ретінде сүйенген. Соның нәтижесінде монографияда В.И.Лениннің Қазақстан сияқты Ресейдің бұрынғы бодан халықтарына көзқарасы, олар туралы ойлары алғаш рет жинақталып берілген деуге болады. Авторға тән тағы бір ерекшелік ол өз зерттеу жұмысында Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда болған түрлі жұмысшы, шаруа және ұлт-азаттық қозғалыстарын тікелей Лениннің есіміне және оның жүргізіп отырған іс-қимылы мен саясатына байланыстыра қарастырады [1]. Бұл шын мәніндегі «Ленин және Қазақстан» тақырыбының осыншама көлемде, нағыз ғылыми тұрғыда алғаш рет зерттелген еңбек болатын [1.3-14-бет]. С.Бейсембаев «Большевиктер партиясының шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарындағы ұлт мәселесі жөніндегі саясаты 1918-1920 жылдар (Қазақстан мысалында)» деген тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін барып, Қазақстанда лениндік идеялардың таралу тарихына ерекше мән беріп, осы мәселені тереңінен қарастыруға ден қойған.

Қазақстанда Ресей тарапынан отарлық саясат жүргізілді. Бұл кезде Қазақстанның бұрынғы саяси тәуелсіздігінің жұрнағы да қалмады. Қазақ жері түгелдей мемлекет меншігіне берілді. Өлке халқының ұлттық құрамын өзгерту мақсатында үнемі орыстандыру саясаты ұсталды. Алым-салық өсіп

отырды. Ұлттық қысым етек алды. Ол толып жатқан теңгермеушіліктер мен кемсітушіліктерден көрінді. Шоқындыру саясаты іске асырылды. Ең аяғы халықтың «қазақ» атауы өзіне бұйырмай, сырттан «қырғыз» деген ат таңылды. Осындай теңгермеушіліктен туындаған ашу-ыза халықтың көкірегіне, бірнеше ондаған жылдар ішінде шөмен болып байланды.

Қазақ халқы бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде бүкіл Ресей халқына түскен ауыртпалықты солармен бірдей көтеріп алды. Соғыс Ресей мемлекетінің онсыз да мықты емес экономикасын тұралатты. Ол өз тарапынан әлеуметтік жағдайға тікелей әсер етті. Бұрыннан шешім таппаған саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық мәселелерді одан әрі шиеленістірді. Осының барлық көрністері Қазақстанда да кең етек алды.

Осы мәселелер ондаған жылдардан бері тарихшылардың зерттеу объектісіне айналып, соның негізінде біршама ғылыми мақалалар, үлкенді-кішілі еңбектер жарық көрді. Дегенмен, сол зерттеулердің көпшілігіне бұрынғы кеңестік идеологиялық үстемдіктің, билеуші ұлы халықтың мүддесі тұрғысынан қарау сияқты көзқарастардың әсері мол тиген.

Күні кешеге дейін қоғамтану ғылымында үстем болып келген маркстік-лениндік қағидалар басқа зерттеушілер сияқты С.Бейсембаевты да Қазан төңкерісі мен азамат соғысы Ресейдегі азаттық күрестің қорытынды нәтижесі болды деген біржақты, ұшқары пайымдауларды ұстануға алып келді. Міне, осындай кеңестік саясатқа тән қағидалар ғалымның XX ғасыр басындағы тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістерге шынайы баға беріп, талдаулар жасауына қолбайлау болды. Алайда, осындай түрлі қиындықтарға қарамастан С.Бейсембаев өзінің қажырлылығы мен қайраттылығының арқасында өзіне дейін ғылыми айналымға түспей тың жатқан архив материалдарын пайдалану негізінде, қазақ халқының ғасырлар бойы қаналусипатын ғылыми тұрғыда нақты деректер келтіру арқылы алғаш рет ашып көрсеткен. Мұны айтып отырған себебіміз қазіргі кездегі кейбір албырт зерттеушілер XX ғасырдың басында қазақ ауылдарында сипатталған жағдайларды архив материалынан емес, керісінше кеңес кезінде орын алған маркстік-лениндік әдіснамадан іздейтіндіктері қынжылтады. Сондықтан олардың бұл тұрғыдан келгенде С.Бейсембаев сияқты ғұламалардың тәжірибелерінен үйрену керек деген қағиданы естен шығармағанын қалар едік.

Кеңес дәуірі кезінде Қазақстанның тарихи, саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты жазылған еңбектерде негізінен бүгінгі таңның ғалымдарына қажетті салыстырмалы тұрғыдағы бай материалдардың жатқанын ұмытпауымыз керек. Ол материалдар біздерге өткен қателіктерімізді қайталамауға, болашаққа нық сеніммен қарауымызға көмектесуге тиіс. Бұдан шығатын қорытынды, келешекте Кеңес кезеңінің проб-

лемаларын зерттеуге ден қойған зерттеушілер алдымен архив материалдарына, С.Бейсембаев сияқты жетекші ғалымдардың еңбектеріне, одан соң ғана сол кезде белең алған маркстік-лениндік әдіснамаға көңіл аударғандығы жөн. Сонда ғана біздер өткен тарихымыздың қыр-сырына қанығып, жетістіктерімізбен қатар кемшіліктерімізді де жан-жақты талдаудан өткізіп, тәуелсіз қоғамымызға пайдалы қорытындылар жасай аламыз.

1967 жылы Қазан төңкерісінің жүзеге асып, Кеңес үкіметінің орнағанына 50 жыл толды. Осыған орай Қазақстан КП ОК-нің және МЛИ-ты дирекциясының шешімімен С.Бейсембаев көлемі 30 баспа табақ болатын «Ленин және Қазақстан» атты күрделі еңбегін баспадан жарыққа шығарды. Осы монографияны жазу үшін автор 1964 жылдан бастап дайындық жұмыстарын жүргізе бастаған. Ол «Ленин және Қазақстанға» қатысты Одақтағы барлық архив қорларының материалдарын пайдалану үшін қажетті орындардан рұқсат алып, уақытының негізгі бөлігін дерек жинаумен өткізген. Өзінде бұрыннан жинақталып қордаланып қалған мол материалдың үстіне қосымша тың фактілер жинап алғаннан соң ғана зерттеуші жазу столына отырған. Оған дәлел көптеген архивтерде қажетті материалдарды қолдануға рұқсат сұрап жазған С.Бейсембаевтың қатынас қағаздары әлі күнге дейін сақталған [2].

Араға екі жыл салып, 1969 жылдың 15 қаңтарында С.Бейсембаев Москва қаласындағы КОКП Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының ғылыми кеңесінде тарих ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «Ленин және Қазақстан» атты тақырыпта диссертация қорғады.

Монографияны жазуға тарихи шығармалардағы дереккөздері мен Москва, Ленинград, Украина, Закавказье, Орта Азия және Қазақстан ғалымдарының осы тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектері де пайдаланды.

Бұл кітапты жазар алдында автор жан-жақты дайындық жұмыстарын жүргізді. Мысалы, ол 1960 жылы Өзбек филиалы ұжымымен бірлесе отырып «В.И.Ленин о Средней Азии и Казахстане» деген құжаттар жинағын бастырып шығарса, 1967 жылы басқа филиал ұжымдарымен бірлесе отырып «История коммунистических организаций Средней Азии» атты ұжымдық еңбекті, ал 1968 жылы «Они встречались с Лениным» естеліктер жинағын даярлауға қатысып қана қоймай өзі де осы тақырыпқа байланысты бірнеше ғылыми мақалалар жазған. Әрине, осының бәрі де кейінен ғалымды осындай еңбек жазуға алып келді. Оның үстіне зерттеуші ғалым осы тақырып төңірегінде марксизм-ленинизм институты ғалымдарымен, қоғамдық ғылымдар академиясы, жоғары партия мектебі және басқа ғылыми мекемелер ұжымдарымен көптеген ұйымдастырушылық жұмыстарын атқарды.

Автор бұл монографиясын 1924 жылдан бастап, ОК РКП/б/ жанындағы Ленин институты шығара бастаған бес томдық «Ленинаның» Одақтас республикаларда алғаш шығарылып отырылған заңды жалғасы болып табылатындығына баса назар аударуды сұрады. Сондай-ақ, тақырып бойынша әдебиеттерге тарихи шолу монографияның алғы сөзінде берілгендігін атап өтті. Бұл тұрғыдан келгенде зерттеуші өзіне дейін шығып үлгерген, осы тақырыпқа қатысты еңбектердің жетістіктерімен кемшіліктерін талдай келе, олардың барлығы кеңестік ленинаның құнды қорын құрайды деді. Әсіресе, КОКП-ның XX съезінен кейін бүкіл кеңестік Лениана сияқты республикалық дәрежедегі Лениана да

маңызды ғылыми зерттеулермен толыға бастады. Мұның өзі Кеңестік Шығыс республикалары үшін осы тақырыптағы ғылым саласында қол жеткізген үлкен табыс екендігінде шек жоқ. Өйткені, бұл ғалымдар өз зерттеулерінде В.И.Лениннің Түркістан мен Закавказье елдерінде Кеңес өкіметін орнатуға қосқан жеке үлесін жан-жақты ашып көрсетіп бере алған.

Осы мәселенің анық-қанығына жетуде Қазақстанның тарихшылары мен философтары және экономистері де көптеген жұмыстар атқарды. Олар «Қазақ КСР тарихы», «Қазақстан коммунистік партия тарихы очеркінде», жеке монографияларында партия жетекшісі Ленин идеясын өмірге енгізу жолында республика еңбекшілерінің күресін тарихи тұрғыдан көрсетуде бар күш-жігерлерін жұмсады.

Күні бүгінге дейін қоғамдық ғалымдары еңбектерінің ішінде В.И.Лениннің Қазақстанға қатысы туралы арнайы зерттеудің болмауы үлкен кемшілік екендігі белгілі. Сондықтан да, автор өз монографиясын осы тақырыпқа арнап, сол кемшіліктің орнын толтырып, бұл тақырыпқа тың леп беруге күш салып отырды.

Ең алдымен біз бұл еңбегімізде В.Лениннің 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде Қазақстанмен болған байланысы туралы айтамыз. Яғни, патшалық Ресей кезіндегі Қазақстанға Ленин идеялары мен шығармаларының таралуы жөніндегі нақты деректерге ден қоямыз. Өйткені, Ленин идеясы қазақ халқының және онда тұратын барлық еңбекшілерің өзіндік сана-сезімдерінің оянуына, ұлттық-бостандық қозғалысының пайда болып, оның жұмысшы табымен қосылып, социалистік революцияның жеңуіне әкеп соққандығы ақиқат.

Әрине, бұл кітапта «Ленин және Қазақстан» мәселесі толықтай шешілді деп айта қоюға болмайды. Сондықтан, автор келешекте осы тақырыпты одан әрі жалғастыратын болады [3].

Бұл монография 1987 жылы қайтадан толықтырылып басылып шықты. Енді жоғарыдағы еңгімемізді жалғастырсақ, ЖАҚ шешімі бойынша оған сол жылдың 5 қыркүйегінде тарих ғылымының докторы ғылыми атағы берілді [4]. Ол тұста Қазақстанда лениндік идеялардың таралу тарихын терең зерттеп, объективті баға беру түгіл, түйінді пікір айту да күрделі жай болатын. Осы тұрғыдан алғанда С.Бейсембаев Қазан төңкерісі мен азамат соғысы тарихының актуальды мәселелерін жан-жақты ғылыми талдаудан өткізіп ғана қоймай, оған сындарлы баға беруде де алдына жан салған жоқ.

Кеңес үкіметі тұсында бұл тақырыптың қаншалықты маңызды әрі қажетті болғандығын мынадан ақ байқауға болады. Аталмыш диссертация қорғауға ұсынылмастан бұрын С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің КОКП тарихы кафедрасының мәжілісінде, Түркімен КСР Ғылым Академиясының КОКП ОК жанындағы МЛИ филиалының ғылыми кеңесі мәжілісінде, Т.Г.Шевченко атындағы Душанбе Мемлекеттік педагогикалық институты КОКП тарихы кафедрасының мәжілісінде, Белоруссия КСР ҒА Партия тарихы кафедрасының мәжілісінде, ТашМУ жанындағы МАИ КОКП тарихы кафедрасының мәжілісінде, Қарағанды Политехникалық институты КОКП тарихы кафедрасының мәжілісінде, ҚазКСР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыдан өткен [5]. Сондай-ақ, бұл еңбек ҚазПТИ қоғамтану ғылымы кафедраларының біріккен ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде де талқылаудан өткізіліп, оған кеңестің 7 мүшесі, 7 философия кафедраларынан

22 оқытушы, КОКП тарихының 6 кафедрасынан, ғылыми коммунизмнің 4 кафедрасынан, саяси экономиясының 5 кафедрасынан өкілдер қатысып сөз сөйлеген. Олардың барлығы да С.Бейсембаевтың бұл монографиясын жоғары бағалап, оған осы еңбегі үшін тарих ғылымдарының докторы дәрежесін беру лайық деп шешім қабылдаған. Ол шешім көп ұзамай жоғарыда айтқанымыздай жүзеге де асқан [6].

Сөйтіп, бұл еңбек 1969 жылдың 15 қаңтарында Москва қаласында өткен біріккен ғылыми кеңестің мәжілісінде (төраға КСРО ҒА-ның мүше-корреспонденті Кукин Д.М., ресми оппоненттер тарих ғылымдарының докторы, профессор Обичкин Г.Н., Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Нүсіпбеков А.Н., Тәжік КСР Ғылым академиясының академигі Богоутдинов А.М., тарих ғылымдарының докторы, профессор Зевелев А.И.) комиссия тарапынан өте жоғары бағаға ие болды. Олар бұл зерттеудің талапқа сай ғылыми-теориялық және әдістемелік деңгейде, өте жоғары дәрежеде жазылғандығын атап өтіп, Қазақстан тарихының рөлін арттыруға қосылған мол үлес деп бағалады және автор тарих ғылымдарының докторы дәрежесін алуға лайық деп тапты. Ғылыми Кеңес ғалымдардың бұл ұсынысын қабыл алып С.Бейсембаевқа тарих ғылымдарының докторы дәрежесін беру туралы қаулы шығарды. Қорғауда құпия дауыс беруге қатысқан 30 ғылыми кеңес мүшелерінің барлығы да «келісемін» деп дауыс берді. «Келіспейтіндер» және «қалыс қалғандар» болған жоқ [7].

Өкімшіл-әміршіл жүйе кезінде қазақ тарих ғылымын сөз еткенде, оның кеңес заманында қалыптасуы қазақ тарихшыларының ауыр тағдырымен сабақтастып жатқанын байқаймыз. Кереғар сталиндік көзқарас саясатының ықпалымен партиялық идеологтар тарих ғылымын қатаң бақылауға алған. С.Бейсембаев осы аталмыш еңбегінде кейбір тұстарда саясатпен санасып, кейбір жағдайларда оның ойында пісіп жетілген тұжырымдарды толық айтуына мүмкіндік бермей, тек үстірт жанама түрде айтуына мәжбүр болды.

Дау жоқ, Лениндік тақырыпты ашып көрсетуде Қазақстанның тарихшыларымен қатар қоғамдық пәннің өкілдері де (философтар, экономистер, заңгерлер) айтарлықтай үлес қосты, олар өз еңбектерінде республика еңбекшілерінің арасында ұлт саясатын жүзеге асыру жолдарын қарастырды.

Бір сөзбен айтқанда XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының тарихын тереңірек білгісі келетін әр бір ізденуші, әсіресе саясаткер, тарихшы, қоғамтанушы ғалымдар осы айтылған «Ленин және Қазақстан» монографиясына қай бір жағдайда болмасын иек артатыны ақиқат. Себебі, онда өткен күннің тарихы, болашақтың бағыт-бағдары жатыр.

Сонымен, біз С.Бейсембаевтың «Ленин және Қазақстан» монографиясына бүгінгі көзқарас тұрғысында ғылыми жағынан баға беруге тырыстық. Әрине, бұл тақырыптың бүгінгі тәуелсіз Қазақстанға қатысы ерекше. Өйткені, ғасырлар бойы әуелі патшалы Ресейдің, одан соң Кеңестік Ресейдің боданы болып келген Қазақстан саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алғанда орыстарға барлық жағынан да тәуелді болып келді. Шындық тұрғысынан алғанда тәуелсіздік бастамасы Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған жылдардан бастау алған болатын. Қазақстанның автономия, одан соң тең дәрежелі республика атануы сол жиырмасыншы жылдардан, яғни Ресейде Қазан төңкерісі жеңіп, шет аймақтарда да Кеңес өкіметінің орнаған кезінен басталған болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **С.Бейсембаев.** Ленин и Казахстан. //Изд. Казахстан, А.1987, 392 с+30 с. с илл. (стр.15-44).
2. ҚРПА 811-Қ, 16-т, № 660, 56-57-п.
3. Объединенный ведомственный архив МОН РК л/ф. №107
4. Объединенный ведомственный архив МОН РК л/ф. №107, Стенограмма. Заседание Ученого Совета ИМЛ при ЦК КПСС.
5. С.Бейсембаевтың үйіндегі жеке архиві. Отзыв на книгу С.Бейсембаева «Ленин и Казахстан» зав. кафедрой истории КПСС КазГУ им. С.М.Кирова, А.Б.Турсунбаев; Отзыв на докторскую диссертацию С.Бейсембаева «Ленин и Казахстан, директор Туркменского филиала ИМЛ при ЦК КПСС, Ш.Ташлиев; Отзыв, кафедры истории КПСС Душанбинского педагогического института им. Т.Г.Шевченко, Зав.кафедрой С.Г.Гулямова; Отзыв на соискание ученой степени доктора исторических наук С.Бейсембаева, зав.кафедрой истории КПСС при ТашГУ Х.Т.Тусунов; Отзыв на соискание ученой степени доктора исторических наук С.Бейсембаева «Ленин и Казахстан», АН КазССР С.И.Покровский.
6. ҚРПА 811-Қ, 16-т, № 726, 5-13-п.
7. ҚРПА 811-Қ, 16-т, № 729, Стенограмма.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

ШЫҒЫСТЫҢ ҚОС ЖҰЛДЫЗЫ

İbrahim ÖZTÜRK,
Niğde ömer halisdemir üniversitesi,
Қарлығаш ЖЫЛҚЫШЫБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақ мемлекеттік
Қыздар педагогикалық университетінің доценті

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы Даланың 7 қыры», «Мәдени мұра» бағдарламасы және «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақалаларының тарихи маңызы өте зор. Онда кез келген халық, оның ұрпағы өзінің тарихын, адамзат дамуына қосқан үлесі туралы

білуі тиіс деп көрсетілген, әрбір азамат туған жерінің тарихын білуге, құндылықтарын қастерлеп, мемлекетінің дамуына өз үлесін қосуы қажет деген міндет қойылған. Осы міндеттерді жүзеге асыру ең бірінші тарихшы ғалымдардың құзырында.

Ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу – қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары болған.

Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: *«Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа аға дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғұбрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі – тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық»* [1].

Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан-байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен қас батырлар мен қыздар қаншама десенізші. Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ.

XX ғасырдың ғажайып ақындарының бірі Жұбан Молдағалиев:

Сарадай ақын болған, би де болған,

Динадай дана дархан күй де болған.

Найза алып, қол ұстаған жауға шапқан,

Бал – бұл гүл, бақта – бұлбұл, түзде балуан [2]– дегенде тарихи шындық жатыр.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ халқы ежелден елін-жерін қорғап күрескен халық. Жоңғарлар шапқыншылығы болсын, екінші дүниежүзілік соғыс болсын қазақ батырлары қасық қаны қалғанша ержүректілік танытып, тарихта өшпес іздерін қалдырып отырды. Мұндай ерлік тек ер азаматтарға ғана емес, қазақтың ару қыздарына да тән еді. Бұл ретте ойға бірден шығыстың қос шынары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың ерліктері түседі.

Ақын Т.Молдағалиев жырлағандай *«бірін-бірі көрмеген, білмеген»*, бірақ ерліктері егіз осы екі ару – Әлия мен Мәншүктің табиғи да, тарихи да жақындықтары күшті, олар – рухани егіз ұғымдар. Оларды айырып айтуға болмайды. Өзіңіз қараңыз, туған жерлері де алыс емес, Бұлақ пен Бөкей ордасы. Жас шамалары да жақын, мінездері де бірдей. Ең аяғы екеуінің ерлікпен ақтық демі таусылған жерлері де бір-бірінен алыс емес. Екеуі бір майданда Калинин майданында болды, тек бригадалары ғана басқа. Екеуі де өмірінің ақырғы сәттеріне дейін тайсалмай дұшпанға қарсы атылған от – жалындар.

Әлия мен Мәншүк есімдерінің халқымыздың тарихындағы алатын орны ерекше. Қазақтың қаршадай қыздары ел басына күн туған шақта үлкен жүректің иесі екендіктерін танытып, даңқы өшпес ерліктер жасады. Өмірде он екіде бір күлі ашылып үлгермеген бой жеткендер сындарлы сәтте өз Отанын қорғауға әзір болып қана қоймай, сол үшін жанын қиюға да дайын болып шықты. Жас жігерлері жалын атқан нағыз қыршын шақтарында құрбан болды. Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталғандар – қазақ қыздары: пулеметші Мәншүк Маметова мен 54-атқыштар бригадасының мергені (снайпер) Әлия Молдағұлова қазақтың қайсар қыздары еді. Бүгін де Қазақстанның егеменді ел атанып, отыруында сөз жоқ, Әлия мен Мәншүктің де өзіндік зор үлесі бар.

Жарық дүниеде бар болғаны 19 жыл ғана өмір сүрген Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың есімі қазақ үшін мәңгілік мақтаныш. Аққан жұлдыздай жарқ етіп жоқ болған қысқа ғұмырында ел сүйсінерлік ерлік жасап, артында

аңызға айналдырарлық із қалдырды. Соғыста Отан қорғауға аттанып, ерлікпен көз жұмған Әлияның қамшының сабындай ғұмыры туралы деректерге көз жүгіртейік: 1943 жылдың мамырында Әлия әскери комиссариатқа өз тілегімен майданға жіберуін етініп арыз берді. Әлияның Отанын қорғауға деген тілегін мына жыр жолдарынан байқауға болады:

Біз сендердей жаңа ашылған гүл едік,

Жерге бақыт, елге бақыт тіледік.

Отан-ана отқа күйіп жатқанда

Біздер ме едік үй бағатын тірі өлік [3].

1943 жылдың шілде айында Калинин майданы 54 атқыштар бригадасына жіберілген ол өзін нағыз жауынгер ретінде көрсеткені тарихтан белгілі. Ол тамаша соғыс шебері, мерген, барлаушы, сапер, автоматшы, керек кезінде қол бастаған командир міндетін де атқарған. Алты рет барлауға шығып, «қажетті тілді» әкелген. Шабуыл кезінде сегіз рет қайталанбас ерлік көрсеткен, мергендікпен немістің унтер офицерін жайратқан. Сол жылдың тамыз айында 2-ші Прибалтика майданының 22-армиясында 54-атқыштар бригадасында ұрысқа қатысады. Сол жылдың қазан айының басына дейін-ақ Әлия 32 фашистің көзін құртқан.

...Әлия өз қорғанысының алдыңғы шебіндегі атыс орнында жатыр, жау шебінен көзін айырмайды. Бұл жерде кеше де, бұрнағы күнде жатты. Бұл оның алғашқы атысы болатын. Өзірге нәтижесіз. Фашистер сақтанып қалған. Алайда Әлияның шыдамы жетеді. Қол-аяғы қатып қалды, бірақ ол суықты да жеңеді. Тек жүйке шыдасын! Содан шыға бастаған гитлершілдердің бағытын нысанаға алып Әлия біреуін өткізіп жіберді де, екіншісін көріне бергенде қағып түсірді. *«Бір жау да болса кеміді»*, – дейді Әлия ішінен, жатқан орнын өзгертіп жатып. Фашистер абыр сабыр болып совет снайперін іздеп, беталды мина тастады, снаряд жіберді, бірақ Әлия басқа жерге ауысып үлгерген еді. Ол өз-өзіне риза: өлтірген бірінші жау, бірінші жеңіс. Қолы қалт жібермеді. Жүрек соғып, қол винтовка ұстауға жарап тұрғанда ол жауларын қыра бермек. Кешінде жауынгер жолдастары Әлияны бірінші жеңіспен құттықтады.

Бұл айтылғандардан басқа бір маңызды мәселе – **оңтүстік уездердің солтүстікке экономикалық жағынан тәуелді екенін естен шығаруға болмайды.** Ол Торғай облысының егін екпейтін, астықсыз уездерінің халқын және бұған қоса Сырдария облысынан жазғы жайылымға көшіп келуші қазақтардың барлығын астықпен қамтамасыз ету мәселесі. Олар күн көру үшін солтүстік уездерде егін салады, не болмаса дайын өнім сатып алады. Мысалы, 1908 жылы Торғай уезінде және 1911 жылы Ырғыз уезінде Переселен басқармасының жүргізген санақтарының деректерінде аталған уездерде халықтың астықты тұтынуы Торғай бойынша – 869826 пұт, Ырғыз бойынша 1030449 пұт болып көрсетіледі.

Қорытындысында 1912 жылы Орынборда өткен Орынбор губерниясы мен Торғай облысы ветеринарлық дәрігерлерінің съезін еске сала кеткенді жөн санаймын. Онда Торғай облысындағы мал шаруашылығын жақсарту мәселесін талқылау барысында жазғы жайылымдарды сақтаудың қажеттілігі айтылады...

Тұтас бір аймақтың көшпелі елі мен оның мал шаруашылығы үшін қауіпті шешімді бюрократ Мемлекеттік кеңес қабылдамағанда мал басының күрт кемуі етек алмас еді. Сондықтан Кеңес өкіметіне сайланған халық қалаулылары бұл мәселені саналы түрде шешеді деп ойлаймын [8].

Қорыта келе айтпағымыз: Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, т.б., көтерген жер мәселесі күні бүгінге дейін өмірлік маңызын жойған жоқ. Өйткені жер мәселесі – елдік мәселе, әлеуметтік-экономикалық, ұлттық мәселе болып қала береді.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе архивных источников рассматривается деятельность представителя казахской интеллигенции Ахмета Байтурсынова, а так же участие его в решении земельного вопроса.

The article on the basis of archival sources examines the activities of the representative of the Kazakh intelligentsia Akhmet Baitursynov, as well as his participation in the decision of the land issue.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Өтеген Исенов.** «Қазақ» газеті: ұлт мүддесі. // «Қазақ тарихы» ғылыми әдістемелік журнал. №3, 2019. – 22-32-бб.
2. Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ) – 81-қ., - 1-т., - 1652-іс.
3. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты (ҚРПМ) – 813-қ., - 1-т., - 27-іс.
4. Ресей Федерациясы Орынбор орталық мемлекеттік мұрағаты (РФ ОрОММ) – 17-қ., - 4-т., - 397-іс.
5. **Т.И. Тугай.** Оренбургский путь Ахмета Байтурсынова. / Тугай Т.И. – Оренбург: ООО ИПК Университет, 2018, – 253 с. Изд-ие 2-е доп.
6. РФ ОрОММ – 21-қ., - 9-т., - 4-іс.
7. **Өтеген Исенов.** Дәстүрлі қазақ қоғамы: тұлғалар тұғыры. Монография. / – Қостанай, Шапақ ЖШС баспасы, 2016. – 355-б.
8. ҚРОММ - 14 қ., - 1-т.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫ – ұлттық кадрлар дайындаудың ірі ошағы

Ләззат РСЫМБЕТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Эльмира МЫРЗАҚҰЛОВА (Мырзакулова), оқытушы,
Айжан ТАЛМАН,
оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

1918 жылы маусымда Ташкент қаласында Халыққа білім беру жөніндегі Өлкелік комитет таратылып, оның орнына Түркістан Халық ағарту комиссариаты құрылды. Мұндай құрылымдық жаңару нәтижесінде өлкедегі білім беру ісі тың қарқынмен жүргізіле бастады. Түркістан Республикасы Ағарту халкомы алқасының 12 қараша 1918 ж. мәжілісінде Ташкент қаласында Қырғыз педагогикалық курстарын ашу жөнінде қаулы қабылданды. Қаулыда курсты 20 қарашадан кешіктірмей ашу, курсанттардың саны 60-тан кем болмауы сияқты мәселелермен бірге оқу орнының қаржылық жағдайлары да ойластырылды [1, 4-п.]

Қазақ педагогикалық курсы аталған мерзімде ашылып, бұрынғы кадет корпусының ғимаратына орналасты. Алғашқы кезде курсқа 30 тыңдаушы тартылды. Оқу орнының шешілмеген көптеген мәселелерінің қатарында оқытушылар құрамының жетімсіздігін атауға болады. Курс меңгерушісі Иса Тоқтыбаев 22 қараша 1918 ж. Ағарту халкомына жазған хатында «*Өлкелік қырғыз курстарына мұғалімдікке Перовскіден Қоңырқожа Қожықов, Хиуадан Әбділазиз Байсейітов, Шымкенттен Сегізбай Айзуновтардың шақырылғандығын*» [1, 37-п.] хабарлайды.

Қысқа мерзімде оқытушылар құрамы мен тыңдаушылар санын жинақтай алған оқу орнында оқу-тәрбие ісін жолға қою үшін 2 желтоқсан күні педагогикалық алқа құрылады. Алқаның төрағасы және курстың уақытша меңгерушісі болып И.Тоқтыбаев, ал мүшелері болып Хайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов, Қоңырқожа Қожықов, Фазыл Құлтасов, Емберген Табынбаев сайланды [1, 29-п.].

Алқа мүшелігіне сайланған бұл азаматтардың бәрі де Түркістан жұртқадамдық саяси өміріне белсене араласып, жұртшылыққа кеңінен танылып үлгерген тұлғалар еді. Уфадағы Ғалия, Хусаиния медреселерінде білім алған «Бірлік туы» газетінің редакторы Х.Болғанбаев ұлттық идеялар көтерген мақалалармен танылған көсемсөзші болатын. Ол оқу орнында қазақ тілінен сабақ берді. Ал өзге алқа мүшелері Ташкенттегі мұғалімдер семинариясының түлектері еді. И.Тоқтыбаев география пәнінен, С.Өтегенов орыс тілінен, С.Қожанов математикадан, Е.Табынбаев педагогикадан сабақ берген.

Педагогикалық курсты 1919 ж. 20 мамырда алғашқы лекпен 15,28-мамырда 2-лекпен 27 түлек бітіріп, оларға қазақ мектебінің мұғалім-басшысы деген біліктілік берілді. Бұл цифрлар курсты бітірген түлектердің толық санын білдірмейді. Көптеген тыңдаушылар түрлі себептермен сынаққа қатыса алмаған, оқу орнының педагогикалық кеңесінің ше-

шімімен сынақтан өте алмағандар оқуын одан әрі жалғастыруға қалдырылған [1, 203, 203 б.п.]. Тыңдаушылардың нақты саны жөнінде И.Тоқтыбаевтың Денсаулық сақтау комиссариатына Өлкелік Қырғыз педагогикалық курстарының 150 тыңдаушысының Ташкент уезіне ұзақ мерзімді саяхатқа шығатындығы туралы баяндаған хаты арқылы біле аламыз [2, 8-п.]. «Қазақ мектебінің мұғалім-басшысы» деген біліктілік уақыт талабынан туындаған қажеттілік еді. Олардың қызметі бастауыш қазақ мектептерін ұйымдастыру және сауат ашу болып белгіленді.

Алғашқы педагогикалық курста жоғарыда аталған оқытушылармен бірге Түркістан ұлттық элитасының басқа да өкілдері сабақ берді. Олар: «Шуро-и Улема» қоғамының басшысы, белгілі шығыстанушы Сералы Лапиннің қыздары Райхан, Хадишамен бірге інісі Жағыпар Лапин, Сара Есова, Шамғали Сарыбаев, Тәңірберген Отарбаев және т.б. Алғашқы түлектердің қатарында қысқа мерзімде қайраткерлік қызметімен Түркістан жастарының жетекшісіне айналған Ғани Мұратбаев пен ұлттық кәсіби театрдың негізін қалаушылардың бірі Құрманбек Жандарбековтерді ерекше атауға болады.

Ағарту халкомы алқа мәжілісінде (10 қараша 1920 ж.) И.Тоқтыбаев Халкомның нұсқаушылар бөліміне нұсқаушы болып, сонымен бір мезгілде Қырғыз педкурстарының меңгерушілігіне тағайындалады. Ол осы қызметті 1920 ж. тамызына дейін атқарды. Республика Ағарту халкомының алқасы осы жылғы 20-тамыздағы мәжілісінде Қырғыз Ағарту институтының комитетін құру туралы шешім қабылдағанда И.Тоқтыбаев комитеттің төрағасы, Б.Есенов орынбасары, мүшелері болып Х.Досмұхамедов, Қ.Қожықов, Н.Көшербаевтар бекітілді [3, 59-б.п.]. Бұл комитеттің алдына үкімет қойған басты міндет – Қырғыз ағарту институтын ашуға дайындық жасау болды.

Мұндай оқу орнын ашу үшін Ташкент қаласында біршама дайындық жұмыстар жүргізілді. Жоғарыда аталған педагогикалық курстар арнайы білім беруді ұйымдастырудың алғашқы баспалдағы болды. Осы бағыттағы атқарылған екінші бір үлкен жұмыс – Қазақ педагогикалық училищесінің ашылуы еді. Түркістан коммунистік партиясы Мұсылмандар бюросының 1918 ж. 15 қазандағы қаулысы бойынша Халық Ағарту Кеңесінің бекітуімен 20 қазанда Ташкенттегі орыс педагогикалық училищесінің жанынан Қырғыз педагогикалық бөлімі ашылды. Бұл бөлім 1919 ж. 1 шілдесінде дербес педагогикалық училище болып бөлінді. Жоғарыдағыдай дайындықтың барысында аталған оқу орны 1920 ж. 1 қазанда құрамына 4 негізгі, 3 дайындық сыныбы және үлгілі мектепті

біріктірген Өлкелік Қырғыз Ағарту институтына (Ки-ринпрос) айналды [4, 5-п.].

Жаңа оқу орнын ашу билік құрылымдары мен қаржы мекемелерінің қалыптасып бітпеген жағдайында аса ауыр болғандығын оқу орнын ұйымдастыру жөніндегі уақытша комитет мәжілістерінің хаттамалары мен жоғары органдарға жазған қатынас қағаздарының мазмұнынан аңғарамыз. Комитеттің 15 тамыз күні Қ.Қожықовтың төрағалығымен өткен мәжілісінде комитет мүшесі Х.Досмұхамедовтың Қырғыз педагогикалық училищесі ғимаратының санитарлық жағдайы бойынша жасаған баяндамасы талқыланды. Дәрігердің қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жоюдың шараларын ұсынған қаулыны төраға жоғары органдарға арнап мынадай үзілді-кесілді талаппен аяқтайды: *«Жоғарыда аталған шараларды барынша шұғыл және өте қажетті деп тауып, осы жағдайды пайдалана отырып, аталған талаптарды орындамауды менің алдағы оқу жылында барлық пәтершілердің тап болатын қолайсыздықтары үшін ешқандай жауапкершілікті мойныма алмайтындығымды мәлімдеймін»* [5, 5-п.]. Бұл мазмұндағы талап атқарушы билікті қанағаттандырмады, бәлкім басқа да себептері болуы мүмкін, Ағарту халкомы Алқасы 21-тамызда Ағарту Институтын құру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын өзгертіп, төрағалыққа И.Тоқтыбаевты бекітті [5, 6-п.].

Қазақтан мұғалім кадрлар дайындау үшін арнайы ашылған Қырғыз Халық ағарту институты 1920 ж. 2 қазанда өз жұмысын бастады. Оқу орнының құрылымы негізгі бес жылдық педагогикалық курстарды, бір жылдық курстар, мектепке дейінгі тәрбие курстары, мектептен тыс білім беру курстары, кітапхана, дене тәрбиесі курстарымен бірге бірінші сатылы тәжірибелік еңбек мектебі және балабақша бөлімдерін қамтыды.

Оқу орнының алдында тұрған ең күрделі мәселе, материалдық-техникалық базадан бұрын оны оқытушылармен қамтамасыз етудің жайы еді. Осыған байланысты Ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қырғыз Өлкелік Ағарту комиссарына оқу орны үшін бірнеше тәжірибелі маман жіберуді сұраған. Осындай ұсыныс Түркістанның өзге қалаларына да жолданған.

Архив құжаттарынан азамат соғысы аяқталып, халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінің әлеуметтік-экономикалық қиындықтары оқу орнының қызметіне де ауыр із қалдырғанын көреміз. Оқытушылар мен тыңдаушылар үшін қарапайым тұрмыстық жағдайлардың болмауы, оның үстіне азық-түліктің жетіспеуі мәселені тым күрделендіріп жіберген. Соған байланысты, тыңдаушылардың басым көпшілігін құраған далалық жерлерден келген жастардың жағдайына алаңдаған комитет төрағасы республика ағарту халкомына арнайы хат жолдап, жағдайды түзетуді сұрайды. Атап айтқанда, бес жылдық негізгі курстың тыңдаушыларымен бірге өзге курстар тыңдаушыларын азық-түлікпен жабдықтауда қызыл әскер пайегіне, онда да тылдағы емес, майдандағы нормамен теңестіруді сұрайды [6, 28-б.п.]. Осындай қиын жағдайларға қарамастан оқу орнында 1920 ж. 202, ал 1921 ж. 178 тыңдаушы білім алды. ТАКСР Халкомкеңесінің жанынан Халықағарту ісіне көмектесу жөнінде бюро құрылып, оның Мәдени кеңесінің құрамына қазақ, өзбек, түркімен халықтарынан лауазымды қызметтердегі өкілдер енгізілген. Қазақтар атынан Ішкі істер халкомы Беғайдар Аралбаев, Даниял Ысқақов, Халел Досмұхамедовтер осы комиссияның мүшелігіне тағайындалған. Мәдениет пен ағартудың белсенді қайраткерлерінің арасынан қазақтардан Қаржы халкомының алқа мүшесі Н.Көшербаев, өзбектерден

Ағарту халкомының алқа мүшесі Мұнауар Қары, түркімендерден белгілі шығыстанушы-ғалым Иомудский, ОАМУ ректоры Бродский, Шығыстану институтынан Шмидт енгізілді [7, 62-п.]. Халықағарту ісінің алдында тұрған міндеттерді шешуге жұмылдырылған бұл комиссиялар өз өкілеттіктері шеңберінде қызмет етіп, жергілікті халықтардың білім ісінен көптеп тартылуына ықпал жасай алды.

Оқу орны басшыларының бастамасымен, үкіметтік мекемелердің қолдауымен оқытушылар құрамын толықтыру үнемі назарда болған. Атап айтқанда, Ағарту институтына 1921 ж. ортасында 57 штаттық бірлік болған, олардың арасында 22 пән мұғалімдері болды [8, 14-сп.]. Ол оқытушылардың көпшілігі Орынбордан және Сырдария облысының уездерінен алдырылды. Шығармашылық элитаның көрнекті өкілі, алашшыл ақын М.Жұмабаевтың Орынборды тастап Ташкентке орнығуына осы шақыру негіз болған. Осындай шақырумен әр кезеңдерде Орынбордан А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, А.Байтасовтар да Ташкенттегі Ағарту институтының оқытушысы болып қызмет істеді және қаладағы саяси-мәдени жұмыстарға белсене араласты. Ұлттық шығармашылық элитаның қуатты тобы 1922 ж. өзінде ұлт мүддесіне қызмет жасаудың негізгі бағыттарын айқындап, өскелең міндеттерді іске асыруға кірісіп те кетті. Атап айтқанда, Ағарту институтының жастар ұйымы «Жас Алаш» газетінің шығуына мұрындық болды. Сонымен қатар, «Алаш намысы» журналын шығару мәселесі де күн тәртібіне қойылды. Институт оқытушылары мен тыңдаушылары өлкеге кең таралған «Ақ жол» газеті мен «Шолпан», «Сана» атты журналдарды шығаруға да белсене араласты. Осы жерде Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының қызметіне қатысты есімі жиі аталатын Абдолла Байтасовқа тоқтала кеткен орынды болар. 1900 ж. Ақмола облысы Көкшетау уезі Айыртау болысында туған А.Байтасов мұғалімдер семинариясын бітіріп, 1920 ж. бастап осы мамандығы бойынша қызмет істеген. 1923 ж. 28-қарашада қызмет істейтін мекемесінің берген мінездемесінде [9, 28-28-б.п.] оның әскер қатарында болмағандығы, ешқандай саяси ұйымға мүше емес, өз қызметіне сай екендігі жөнінде қорытынды жасалған. А.Байтасов 1923-1925 жж. Казинпроста ана тілінен сабақ берген [10, 15-п.]. Қырғыз халық ағарту институтының 5 сыныбында 1921-22 оқу жылында 105 қазақ, қырғыз, қарақалпақ жастары оқыған. Олардың арасынан кейіннен қоғамдық-саяси қызметімен елге танылған көптеген азаматтар шыққан. Солардың бірі жоғарыда аталған әдебиетші-ғалым – Әлібек Қоңыратбаев, ендігі бірі – партия-кеңес қызметкері Досмұхамед Қарманов [11, 36-39 п.]. Әлібек Қоңыратбаев – Қалжан Қоңыратбаевтың туған інісі, ол да ағасымен бірге 1937 ж. саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған. Ал Досмұхамед Қарманов 1937 ж. Алматы облысы Балқаш аудандық партия комитетінің хатшысы болып тұрған кезде саяси айыптаулармен тұтқынға алынған.

Кирипросқа оқуға қабылдаудың жеңілдетілген жүйесі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайдан туындағаны белгілі. Олай дейтініміз, институтқа білім деңгейіне қарай талапкерлер әр курсқа қабылданды. Сондай жолдармен институтты 4 жылдың орнына 2-3 жылда бітіруге мүмкіндік жасалды. Ташкентте жұмыс істеген педагогикалық институттардың куәлігі Кирипросты қысқартылған мерзімде бітіруге мүмкіндік берді. Қаладағы педагогикалық училищелердің түлектері де осындай жеңілдіктерді пайдаланған.

Қырғыз педагогикалық институты мен педаго-

гикалық училищелерде оқитын жастардың саны 1926 ж. 306-ға жетті. Осы оқу орындарда оқытушы, тәрбиеші болып 49 қызметкер еңбек еткен. Солардың арасында Х.Досмұхамедов пен Айша Асфендияровалардың есімдері аталады [12, 7-10-п.].

Алғашқы педагогикалық оқу орны болғандықтан да оның басты міндеттерінің бірі өлкедегі білім беру жүйесін оқу бағдарламаларымен, оқулық және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету болатын. Мемлекеттік ғылыми кеңестің қолдауымен 1920 ж. оқу орнының мұғалімі А.Байтұрсыновтың «Қырғыз әліппесі», И.Тоқтыбаевтың «Алғашқы басқыш мектептеріне арналған бастапқы география», Х.Досмұхамедовтың «Табиғаттану», Ө.Диваевтың «Қырғыз ертегілері» жарық көрді. Одан кейінгі кезеңде С.Қожанов пен К.Жәленовтың авторлығымен «Есеп құралының» I-II бөлімдері, Х.Досмұхамедовтың «Адам анатомиясы мен физиологиясы», Османовтың «Қазақ тілінің сөздігі», М.Жұмабаевтың «Қазақ тілінің теориясы» еңбектері жарық көрді [13, 315-б.п.].

20-ғасырдың бас кезінде Х.Досмұхамедов Халық ағарту комиссариатының Білім комиссиясын басқарып тұрған кезінде бір топ қазақ зиялыларына қазақ тілінде жоғары оқу орындары мен ұлт мектептеріне арналған әртүрлі ғылым саласында оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға тапсырма беріп, ұсыныс жасады. Алғаш рет қазақ топырағында Мағжан Жұмабаев қазақ тілінде «Педагогика» оқулығын, Жүсіпбек Аймауытов «Психология» оқулығын жазды. Бұл оқулықтардың бүгінгі күнге дейін өз мәні жойылған жоқ. Ол оқулықтар бүгінде баспадан қайта басылып, қазақ студенттерінің оқу үрдісінде қолданатын оқу құралдарына айналды.

Халел Досмұхамедов – Жаратылыстану цикліндегі пәндер бойынша алғашқы қазақ мектептеріне арналған оқулықтардың авторы. Оның қаламынан, әсіресе, I және II сатыдағы қазақ мектептеріне арналған «Өлі табиғат» оқулығы (1920), «Жануартану» (3 бөлімнен тұрады), «Табиғаттану» (1922), «Оқушылар гигиенасы» (1925), «Адамның тән тіршілігі», «Денсаулығыңды сақта» және т.б. оқулықтары мен оқу құралдары кезінде жаңадан ашылып жатқан қазақ мектептеріне өте қажетті оқулықтар болған болса, ұлттық оқулықтарды қалыптастырушы ретіндегі өз мәнін бүгінгі күнінде жойған жоқ. Өйткені, осы оқулықтарда аталған пәндердің негізгі ұғымдарының ұлттық терминологиясы қалыптасты.

Х.Досмұхамедовтың ғылыми мұрасының ең негізгі бағыттарының бірі – қазақ тіл білімі мен әдебиеті, ұлттық тарих және этнография мәселелері. Оның «Қазақ әдебиеті», «Аламан», «Мұрат ақынның сөздері», «Шернияз шешен», «Исатай-Махамбет», «Жалаңтөс батыр шежіресі», «Диуани лұғат ат түрік», «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы» атты ғылыми еңбектерін жазуы қайраткер ғалымның жан-жақты терең, энциклопедиялық білімін аңғартады.

1923 ж. Мәскеуде өткен бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне 100-ге жуық кітаптар мен материалдар жинақтары жіберілген. Солардың арасында И.Тоқтыбаевтың «Түркістанның географиялық очерктері», Т.Рысқұловтың «Жетісу мәселелері» кітаптары да болды.

Өлкедегі баспа ісінің жедел қарқынмен дамуы шығармашылық элитаның дайындаған кітаптарын көптеп шығаруға мүмкіндік берді. 1922 ж. өзінде Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік баспасы 622 атаумен кітап және кітапша шығарды. Олардың 36,3% өзбек тілінде 33,7% қазақ тілінде жарық көрді [14].

Бұлаталған оқулықтарды ұлттық мектептердегі

ана тілінде жазылған оқулықтардың қарлығашы деп бағалаған орынды болар. Осы ізбен кейінгі жылдары жоғары және арнаулы оқу орындарына арналған алғашқы оқулықтарда жарық көре бастады. Атап айтқанда, М.Жұмабаевтың «Педагогикасы», Ж.Аймауытовтың «Жантану негіздері», С.Асфендияровтың «Қазақстан тарихы» оқулықтарын айтуға болады. М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты оқулығы алғаш рет 1922 ж. Орынборда жарық көрді. Ташкент қаласында 1923 ж. қайта басылды. Оқулық жалпы педагогика, педагогика бөлімдері, жан көріністерін тап-тапқа бөлу, ішкі сезім, яғни көңіл көріністері деп аталатын бөлімдерден тұрады. Бала тәрбиесінің мәселелері жан-жақты қамтылған оқулықтан М.Жұмабаевтың саясаттандырылмаған, бала жүрегін жараламайтын адамгершілікке құрылған педагогикалық көзқарасын танимыз.

Осы жерде ұлт мүддесіне қатысты үлкен бас-тама деп бағалауға болатын мына мәселеге көңіл аудару қажет: 1920 ж. 10 қазанда ұйымдастыру комитетінің Е.Табынбаев төрағалығымен өткен кеңейтілген мәжілісі орыс тілінен өзге жалпы білім беретін пәндерді қазақ тілінде жүргізуге рұқсат беру туралы шешім қабылдаған [15, 31-п.]. Бұл шешім екі түрлі тарихи ақиқатты айғақтайды: **біріншіден**, ана тілінде білім алуға деген халықтың ұмтылысын білдірсе, **екіншіден**, осындай ұмтылысты қанағаттандыруға кадрлық және оқу әдістемелік мүмкіндіктің қалыптасқандығы. 1925 ж. 15 тамызынан бастап, Ташкент қаласында «Қазақтың жоғары педагогикалық институты «Казпедвуз» деген атпен ашылып, жұмыс жасауға кіріскен болатын.

Бұл педагогикалық институттың оқу жоспарын жасау үшін арнайы комиссия құрылып, оның оқытушылық құрамына Ташкент қаласындағы белгілі әдіскерлер мен профессор ғалымдар шақырылды. Шақырылғандардың ішінде доктор Х.Досмұхамедов, профессор Н.А.Димо, профессор Шмидт, профессор В.И.Романовский, профессор Н.Н.Фиолетов, доцент Д.М.Барботкин, профессор Н.Л.Лаппо-Данилевский және басқалар болды [16, 26-п.].

Барлық күш-жігерін осы іске бағыттаған ұлт зиялылары тарихи қысқа мерзімде кеңестік биліктің іске асырған реформаларына сай қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізін қалыптастыра алды. Сонымен бірге ұлт зиялыларының бастамашылығымен Ташкент қаласында қазақ облыстарының әлеуметтік дамуына тың серпін берген ғылыми және мәдени мекемелер қалыптасты. Бұл мекемелер біртұтас қазақ мемлекеттігі орнаған кезде ұлттық дамудың ортақ арнасына қосылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ӨРОМА. Р-34-қ., 1-тіз., 97-іс.
2. ӨРОМА.372-қ., 1-тіз., 13-іс.
3. ӨРОМА.372-қ., 1-тіз., 407-іс.
4. ӨРОМА.372-қ., 1-тіз., 60-іс.
5. ӨРОМА.372-қ., 1-тіз., 17-іс.
6. ӨРОМА.372-қ., 1-тіз., 7-іс.
7. ӨРОМА. Р-17-қ., 1-тіз., 1727-іс.
8. ӨРОМА.372-қ., 1-тіз., 29-іс.
9. ӨРОМА. Р-372-қ., 1-тіз., 55-іс.
10. ӨРОМА.Р-372-қ., 1-тіз.,70-іс.
11. ӨРОМА. Р-34-қ., 687-іс.
12. ӨРОМА. 372-қ., 1-тіз., 13-іс.
13. ӨРОМА.34-қ., 1-тіз., 16-20-іс.
14. Туркестанская правда. 15 февраля 1923 г.
15. ӨРОМА.Р-34-қ., 1-тіз., 19-іс.
16. ҚРОМА. 81-қор, 1-тіз., 1210-іс, 26-п.

БАЗАР ЖЫРАУ ТӨЛҒАУЛАРЫ: жанрлық сипаты мен көркемдік ерекшеліктері

Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің профессоры, «Қорқыттану және
өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, ф.ғ.д.

Қазақ халқының қастерлейтіні, қадір тұтатыны сөз өнері десек, өздерінің шығармаларымен Сыр елінің ғана емес, бүкіл қазақ жұртының руханият дүниесінен ерекше орын алатын Сыр сүлейлерінің басында Базар жырау Оңдасұлы тұр (1841-1911).

Базар жыраудың шығармалары Сыр өңірінен шыққан ақын-жыраулардың ішінен алғашқылардың бірі болып Ә.Диваев, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаевтардың назарын аударған. С.Сейфуллин «Бұхар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы – Базар жырау», – десе, М.Жұмабаев: «Асса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойына терең бойлаған», – деп, Базар жыраудың ақындық қабілетін жоғары бағалаған. Базар жырауды атақты Тұрмағамбет шайыр Ізтілеуовтің өзі ұстазым деп ұлықтап өтсе, М.Байділдаев: «Кеншімбай, Оңғар, Жиенбай, Жорықбай, Кете Жүсіп, т.б. ақын, әнші жыраулар Базар жыраудың мектебінен үлгі алған түлектер», – деп Базар жыраудың бағасын асыра түседі.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті классиктерінің бірі А.Тоқмағамбетовтің «Жыр күмбезі» романы Базар жыраудың өмірі мен өнерін қамтып жазылғаны және бар. Бұл романда дәстүрлі жыраулық өнердің қырсыры Базар жырау бейнесін сомдау арқылы ашылған.

Базар жыраудың шығармалары Кеңестік кезеңде «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды», «Алдаспан», «ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» жинақтары мен «Базар жырау шығармалары» (А., «Жазушы», 1986) кітабына еңсе, егеменді ел болған тұста «Жәмиғи қазақ бір туған», «Назбедеу» жинақтары күйінде және «Сырдария кітапханасының» құрамында бір том болып жарық көрді.

Базар жыраудың әдеби мұрасы филолог мамандар даярлау барысында курстық, дипломдық жұмыстарға, магистрлік, кандидаттық, докторлық диссертацияларға зерттеу нысаны болып келе жатқанына да көп болды.

Сыр сүлейлерінің шығармашылығы – қазақ әдебиеті делінетін үлкен өнердің құрамдас бөлігі яки бүтіннің бөлшегі. Әдебиетіміздің басқа кезеңдерімен салыстырғанда толық хатталуға жақын қалды деп жүрген ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі кез келген мәселені, демек, Сыр сүлейлерінің шығармаларынсыз зерттеп-зерделеу дұрыс бола бермейді. Сондай-ақ Сыр сүлейлері шығармаларының әдебиет тарихындағы өзіндік орнын, ерекшеліктерін бүгінгі әдебиеттанудың талапталғамына сәйкес айтып та отыруымыз қажет.

Негізінен ескіше (арабша) сауатты болған Сыр сүлейлері өздерінің шығармашылықтарында шығыстың классикалық әдебиеті дәстүріне шындап ден қойған болатын. Шығыстық өркениетпен аралас-құралас дамуға Кеңестік Республикалардың әдебиеті

мен өнеріне саналы түрде тосқауыл қойылды. Ұлттық көркем өнеріміздің өркениетті елдердің әдебиетімен, өнерімен шығармашылық байланыста болып, сырттай түлеп, іштей түрленіп өсуіне қойылған бұндай тежеуді Сыр сүлейлері шығармашылықтары да бастан кешті. Діни сюжетті, шытырман оқиғаға толы, негізінен, гуманистік идеяларды насихаттайтын қисса-дастандардың талайының өмірі қысқарды. Көзі қарақты, көңілі ояу адамдардың қолында қалып, күні бүгінге дейін сақталып келген осындай қисса-дастандардың мазмұнында адам миын улайтындай, рухани дүниесіне теріс әсер ететіндей еш нәрсе жоқ. Керісінше, шығыстық өркениет пен әдебиет дәстүрін меңгере отырып жазылған бұндай шығармаларда мұсылман дінінің гуманистік идеялары, адамгершілік сапалар насихатталады. Бұл айтылғандардың Ешнияз сал, Базар жырау, Қарасақал Ермбет, Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет Ізтілеуовтердің шығармашылықтарына тікелей қатысты екенін айтсақ, ақиқат ауылынан алыс кетпейміз.

Базар жырау – дәстүршіл ақын. Есін білгелі ел аузындағы жыр термелерді, толғау-дастандарды жаттап өсу жыраудың балалық шағына тән базарлы уақыты, ал халық ауыз әдебиетінің мол қазынасы, тарихи әдебиеттің тағлымды мұралары, өзі өмір сүрген өнер ортасы – бұлар оның өмірлік те, өнерлік те оқулықтары еді.

*Құлаштап дүние сені қармансам да,
Керімі келген шығар ер Қорқыттың,* –

дейді Базар жырау [1,10-б.]. Бұл жолдардағы Қорқыт есімін жай ғана атала салған деп ұғынбағанымыз жөн. Бір қызығы Сыр сүлейлерінің барлығы да өздерінің жыр, толғауларында Қорқыт есімін атап отырады, өздерінің туындыларын Қорқыт дәстүрінің жалғасы деп меңзейді. Демек, Сыр сүлейлерінің шығармаларын Қорқыт дәстүрінен бастау алатын, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі ақын-жыраулар шығармаларымен тығыз байланыста дамып келіп, әдебиет тарихына алтын қор болып қосылған құнды дүниелер деп есептейміз. Базар жырау шығармалары да өзінен бұрынғы әдебиетпен табиғи тамырлас болып келіп, әдебиеттің ұлттық дәстүрін жалғастырған. Ұлан-байтақ территориямыздың кеңдігіне, баспа ісінің кешеуілдеп келуіне қарамастан, әдебиет дәстүрінің еліміздің әр жерінде қанатын кең жайып, тарап, мықтап орнығуы, тарихи әдебиет туындыларының қара тастай ұлттық дәстүрге берік болуы – бұл енді ғажайып құбылыс. Әдебиет туындыларының ұлттық дәстүрге тұрақтылығы қазақ көркемөнерінің дәстүрлілігінің ұзақ ғұмырлылығын және мәуелеген жемістей жасампаздығын дәлелдейді.

Өнердің мұраты – адамзатқа қызмет ету. Өнердің тақырыбы – адам тағдыры. Жанрлық тұрғыдан алғанда қазақ поэзиясының дәстүрлі түрі толғаудың

да туу, қалыптасу, даму арналарының болатыны секілді, бұндай процесті әрбір әдебиет өкілдерінің шығармашылығы да басынан өткереді және әрбір әдебиет өкілінің ұлттық әдебиет дәстүріне қосқан үлесі оның суреткерлік қарым-қабілеті, таланты, өмірлік тәжірибесі мен білім-білігіне тікелей байланысты болады. Осы тұрғыдан келгенде Базар жырау ұлттық әдебиет дәстүрін жалғастырушы ғана емес, оны байытушы.

Базар жырау шығармашылығында, біздіңше, адам, адам тағдыры туралы айту ерекше орын алды. Адам туралы жаппай айтудан толғау үлгілі өлеңіміздің тарихында алғаш рет нақты айту, мораль, адамгершілік сапалар мен адамдық қасиеттерді көркем шығарма нысанына нақты адамды ала отырып жырлау жүзеге асты. Кез келген мәселені нақты, деректі жырлауы арқылы Базар жырау шығармалары толғаудың жанрлық мүмкіншілігін жетілдіре түсті, көркем шығарманың өзі өмір сүріп отырған дәуірдің ділгір мәселелерін көтеруін, уақытпен үндесуін, реалистік сипатының артуын жолға қойды. Кез келген өнер туындысының бойынан адам бейнесі, оның жан-жақты жасалуы, сомдалуы неғұрлым айқын көрінсе, бұндай ерекшелік әдебиеттің соғұрлым нәтижелі даму жолына түскенін, есейіп келе жатқанын дәлелдей түседі. Демек, поэзиямыздың тарихындағы барынша жетілген, өмір құбылыстарының философиялық мәні мен маңызын, адам өмірінің саяси-әлеуметтік мәселелерін терең жырлайтын Базар жырау толғауларын өз заманының үздік туындылары болды деп нық айтуға болады. Мысал үшін жыраудың *«Әр кемелге бір зауал»* толғауында адам, аң-құс, жануарлар бейнесі типтендіріле отырып, өмір құбылыстарының мәні ашыла түседі, дүниенің жалғандығы мен өткіншілігі, өзгермелілігі *«батыр – бір оқтық, бай – бір жұттық»* дегендейін ыңғайда жырланады. Желге жеткізбес жүйрік аң – кер құлан, назбедеу тұлпар, қыран бүркіт, бай мен батыр – Базарша айтқанда бәріне де зауал бар, мәңгілік еш нәрсе жоқ. *«Әлі де сенде арман жоқ»* делінетін толғауда да сондай:

*Көзі ақықтай сүзілген,
Маржандай тісі тізілген,
Келімі келген кермиық,
Сағағынан үзілген,
Белгілі ару қор болып,
Кімдерден жылап қалған жоқ,—*

делініп ару жайында, одан әрі тұлпар ат, батыр туралы айтылып кетеді [2, 219-б.]. Образды ойлаудың бейнелілігі, көркем тіл дәстүрлі қазақ поэзиясын осы тұста да Базарлық анық ақындық қолтаңбамен байыта түскенін байқау қиын емес. Қазақ әдебиетінің дәстүріне өзіндік мәнерімен ендіріп жіберген осындай үздік үлгілі толғауларын Базекең одан әрі түрлендіре түседі.

«Ел жақсыларында Сыр өңірінің мынадай айтулы тұлғалары жырланады: Өткелбай сыпа, Бекетай молда, Құлбарақ батыр, Самырза, Көбек, Басықара билер, Бекмырза, Бәймен, Төртқара, Үмбеттер. Өрқайсысының есіміне Сыр елінің әр жерінен жер-су атаулары берілген бұндай тарихи тұлғаларымызды жырау басқаларға үлгі ете жырлайды. **Осы бағыт «Сұм дүниеден» одан әрі жалғаса түседі. Сұм дүниеден бәрі өткен.** Олар: *Әбілқайыр, Нұралы, Есім, Тәуке, Жәнібек, Абылай мен Жәңгір хандар*, олар: *Баба түкті шашты Әзиз, Сейтпембет, Мағзам, Марал ишан, Софы Әзиз әулиелер*, олар: *Жабағы, Сыпа, Өтеген, Ақмырза, Қуан, Көшермен батырлар*, олар: *Қазыбек, Төле, Әйтеке, Мөңке, Көбек, Өтетілеу, Сарытай, Тампыш, Мұрат, Киікбай билер*, олар: *Жанқожа, Есет, Қыстаубай, Қасым, Сейіл, Бұхарбай, Малайсары, Жантайлақ, Сәмет, Тоғанас, Қарадос, Өске, Бұдабай, Серәлі, Садыр, Орынбай, Шернияз,*

Шыман, Өтеген, т.б. батырлар мен билер, ақындар мен жыраулар. Бұл айтылғандар – Сыр өңіріне ғана емес, бүкіл қазақ жұртшылығына танымал есімдер.

Базар жыраудың ақындық орбитасының кең де кемелдігіне таң қаласыз. Осыншама тарихи тұлғаларды қамтып жырлау, олардың өмірін өзгелерге үлгі ете отырып толғану Базар жырауға дейінгі ешбір жырауда болған емес. **Өз өлкесі мен елінің елеулілерінің есімдерін елеп, өмірлерін көркем шежіреге айналдыра отырып жырлау – Базар жыраудың дара қолтаңбасы.** Бүгінгі сырбойылықтардың жоғарыда аталған есімдерге бей-жай қарай алмайтыны, ата-бабаларының атын есітіп, жанын түлетіп, санасын жаңғыртатыны өнердің арқасы, Базар арқылы бізге жеткен мағыналы мағлұмат, құнды деректің әсері екенін айтуымыз керек. Аталған толғаулардағы осыншама адамдардың аттарының аталуы, оларға бірде тікелей, кейде жанама түрде болса да мінездеме, сипаттама жасалуы, сөйте отырып әділ биліктің, көшелі ой мен пайымды парасаттың, сұлулық пен батырлықтың, отансүйгіштің, туған жерге, елге адалдық, т.б. адамгершілік қасиеттердің насихатталып отыруы Базар жырау тұсындағы толғау үлгілі поэзиямыздың өскен өрелі биігі, жеткен жетістігі болып табылады. Адамдық бітім-болмысқа, адамгершілік қасиеттерге қатысты нысанаға алынған, мысалға келтірілген кісі аттары, толғау кейіпкерлері бір қарағанда екінші жоспарда, негізгі мәселенің фонында ғана жырланып, өтетіндей болып көрінгенімен, шынтуайтында бұндай ерекшелік толғау жанрының уақыт пен кеңістік алдындағы мүмкіншілігін молайта түсіп, өлең өміріне адам кейпінің, бейнесінің дендей түсуіне жағдай жасап отыр. Базар жырау өзі көтеріп отырған мәселенің мәні мен маңызын осы кейіпкерлерінің адамдық мінез-құлқы мен адамгершілік қасиетін ашу арқылы дәлелдеп береді. Дәл осындай жанрлық сипат толғаудың әдебиет туындысы тұрғысынан негізгі қызметі өмір мен адам танытушылық функциясын толық атқарып шығуына мүмкіншілік жасайды. Толғау өлең өміріне әдеби кейіпкерлерді молынан енгізе отырып, жанр жүгін деректі, нақтылы тарихи адамдар туралы айтудан ауырлата түсу – Базар жыраудың суреткерлік тұрғыдағы қазақ өлеңіне қосқан үлкен жаңалығы.

Демек, Базар жырау туындылары өз кезі үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де көркем шығарма ретіндегі қызметін мінсіз атқарған құнды дүниелер болды деп айта аламыз. Екіншіден, толғау жанрының үздік үлгілері күнінде әдебиет тарихына үлкен үлес болып қосылған Базар жырау толғаулары өз кезіндегі әдебиет өкілдерінің шығармашылықтарының дамуына игілікті әсер етті, бұл бағытта жетекшілік рөл атқарды, қазақтың кәсіби жазба әдебиетінің қалыптасып, дамуына толық алғышарт бола аларлықтай жағдайда болды. Жауыннан кейінгі көктей дүр ете қалып, бірден кәсіби әдебиеттің даңғыл жолына түсіп, дамуға бет алған қазақ әдебиетінің құнарлы топырағы Базар жырау сияқты сирек таланттарымыздың шығармашылығы болғанын түйіндер едік. Ақырында Базар жырау толғаулары өлкеміздің тарихынан мол мағлұмат беретін ғылыми дерек көзі ретінде де аса бағалы. А.Тоқмағанбетовтің Сыр өңірінің көркем шежіресін жасаған *«Жыр күмбезі»*, *«Көтерілген күмбез»* романдарының материалы Сыр сұлейлерінің шығармашылығы болғаны көп жайды аңғартса керек.

Кез келген көркем туынды өмір құбылыстарының күнгей жақтарымен бірге, көлеңкелі тұстарын да көрсете алуымен құнды. Базар жырау толғауларындағы негізгі тақырыптар: өткінші дүние, өзгермелі өмір, адам өмірінің қысқалығы, т.б. жырланғанда адамдық мінез-құлықтың жақсы жақтарының айтылуымен бірге, жағымсыз тұстары да сыналып отырады. Оның: *«Нарманға»*, *«Лепес тура-*

лы», «Маутанға», «Қаражан болысқа» толғаулары – осы бағыттағы туындылар. «Қаражан болысқа» – 220 жолдан тұратын көлемді туынды. Базар жыраудың осындай көлемі жағынан ұзақ толғауларының кейінгі ұрпаққа жетуінің бір сыры олардың сол кездің өзінде-ақ хатталып отырғанынан болу керек.

Базар жырау «Қаражан болысқа» толғауында:

Баласы батыр Қабақ, молда Қисық,

Қолыңа қалам алып жазшы хатқа,

Себеппен азын-аулақ айтып толғау,

Жаздым сөз жақсыларға сынаппаққа, – дейді [1, 117-б.].

Ұзақ толғауды айтылған заматта хаттап үлгіруге қаншалықты мүмкіншіліктің болғанынан бейхабар біз қалай болғанда да түйдек-түйдегімен беріліп отыратын орамды ой, кестелі сөз, ойлы образдарды талантты, шығармашылық қарым-қабілеті, импровизациялық қуат-күші жағынан жазба әдебиеті үлгілерімен таластыра алатындай туынды «Қаражан болысқа» сияқты дүниелердің жарыққа шығуында тоқсан толғану, күрделі шығармашылық акт, процесс жүріп өтетінін ескерсек, Базар бабамыздың тума таланттылығына тағы да ден қоя түсеміз.

«Қаражан болысқаның» тақырыбы – тойына арнайы шақырып, жырлатып, астына арық ат мінгізген болысқа Базар жыраудың ренжігені, ал **идеясы** – сараңдықты сынау, адамгершілік мәселесі. Міне, осы мәселені Базар жырау 220 жол көлемінде ұзақ толғаған. Толғаудың композициялық құрылымы, сюжеттік желісі негізгі ойды, идеяны ашу үшін шебер қиюластырылған. Базар жырау бірден Қаражанның сараңдығын бетке баса жөнелмейді, оқырманын ойға шақырып, тыңдарманын тебіреніске түсіріп, адам болмысындағы мінез-құлықтар сырын ұзақ толғап кетеді. «*Біреу – мәрт, біреу – жомарт, біреу – нә-мәрт*» дегендей сыңайлы адамдар арасындағы алыс-беріс қарым-қатынастардың қазақы тұрмыстағы орнын, маңызын жырлай отырып, оларды жіктеп-жіліктеп тастап отырады. Тыңдарманын еріксіз баурайтын толғаудың әр жолы – ойлы, тұжырымды, әр сөзі – алтын, бейнелі, үлгілі.

Ойды ашып отыруда:

Арғымақ шаба алмайды тер қатқан соң,

Арық ат қисаңдайды ер батқан соң [1, 117-б.], –

дегендей поэтикалық контраст құрайтын жолдарды жиі қайталап отыру – Базар жырау стиліне тән ерекше әдіс. Базар жырау толғауларындағы ой мен сезімнің белгілі оқиға сілемімен, сюжеттік желімен беріліп отыратынына «Қаражан болысқадағы»:

Сыпалар тыңдап сөзді мен айтқан соң,

Еміреніп есіткендер судай тынды,

Көңіліне жағып Кеңес ұнатқан соң,

Ұлықсат еттің болыс таң атқан соң [1, 114-б.], – делінетін жолдар дәлел. Осындай баяндаулар арқылы негізгі идеяны бірнеше қырынан келіп қайталап отыру тақырып ашудағы кәсіби шеберліктің жарқын мысалы болатынын жоққа шығара алмаймыз. Болыстың сараңдығын айтпас бұрын Қаражанның руы Кетеден шыққан игі жақсыларды, атақты адамдарды: Бекмырза, Пірен, Тұңғышбай, Дәуімшар, Қитар, Жұбанбай, Нысанбай, Бекет, Аман, Барақ батыр, Садыр молда, Мыңжасар, Ешанияз, Мырзабектерді жақсы жақтарынан атап өтеді. Домбыраның құлақ күйін келтіргендей осыларды термелеп атап алғаннан кейін:

Қаражан асып тудың Жиенбайдан,

Мен сені кем көрмеуші ем Атымтайдан,

Дүниенің қызығына түсемін деп,

Талайлар құр қалып жүр абыройдан,

Өзі арық, өзі жауыр, алжыған көк,

Қолыңа қапелімде түсті қайдан, –

деп бір түйреп кетеді [1, 117-б.]. Осындай мазмұндағы тирадалар ұзақ толғаудың өн-бойына бірнеше рет

қайталанып отырады. Мақтамен бауыздағандай сараңдықтың сырын сызылта отырып түйрей беру сөз түсінетін адамға оңайға соқпасы анық. Базар жырау Қаражанды сөз өнерінің құдірет-күшімен осылайша тірілей өлтіргенге ұқсайды.

Толғау үлгілі поэзиямыздағы оқшау үрдіс – жырауларымыздың өз бейнелерін сөзбен сомдауы, жырмен жасауы. Жалпы өлең сөздің теориясында ақындық «мен», жыраулық «мен» делінетін ұғымдардың маңызы зор.

Суреткердің стильдік даралығы, көркем шығарманың жанрлық сипаты, ерекшелігі, т.б. қисын-қағидаларды жыраулық немесе ақындық «мендер» яки суреткердің өнердегі өз бейнелерін жасау арқылы түсіндіруге болатынын естен шығармаған ләзім. Басқаларды айтпағанда ХҮ-ХІХ ғасырлар арасын қамтитын поэзиямызда осындай өнерлік ұғымға қатысты жыраулық бейнелердің не бір әсем үлгілерін кездестіруге болар еді. Жыраулар үшін шабыт шақыруға, әруақтануға тиесілі көрінетіндей осы бір авторлық бейнелердің, ақындық шығандаулардың сөз өнеріміздің теориясында өзіндік орны бар.

Әлім менен Шөменнің,

Мен едім даңқты шайыры,

Екі енені тел емген,

Күшпек санды күреңмін,

Төсімнен тартса жетпейтін

Жуандықтан айылы,

Өзімдей-ақ ұл туар,

Бір адамның зайыбы.

Қабыл алмай алдымнан,

Қазақ халқы кеткен жоқ,

Сөзімнің келсе қайымы [3, 48-б.].

Базар жыраудың шалқар шабытын, әруақты ақындығын, талантының тегеурінділігін дәлелдейтін бұндай өлең жолдарының үздік үлгілілігі өз алдына, жыраудың осындай жолдарды саналы түрде қайталап отыруы, тыңдаушыларының назарын өзіне үнемі аударып отыруға ұмтылуы ерекше деп қоюға тұрарлық жағдай.

Саф алтындай жарқыраған, қарапайым да қатпарлы, мазмұнды әрі мағыналы, нақты, затты, көркем, бейнелі, шырайлы ана тіліміз, сөз мәйегі мен асылы – Базар жыраудың әдеби мұрасының айрықша сипаты. Тіл шұбарланбаған, мөлдіреген сұлу сөз дала жырауларының соңғы өкілі Базар жыраудың шығармашылығында тұнып тұр.

Ашығын айтсақ, Базар жыраудан кейінгі Сыр сұлейлерінің шығармаларында тіл шұбарлау элементтері кездеседі, араб-парсы сөздерінің орынды-орынсыз қолданылулары ұшырасады.

2011 жылы Базар жыраудың туғанына 170, дүниеден озғанына 100 жыл толды. Базар жыраудың 150 жылдығы еліміз бойынша кезінде аталмай, Өзбекстанда тойланғанын ескере отырып, Қызылорда қаласының төрінен батырлықты қастерлеп Жалаңтөс баһадүрге монумент орнатқанымыз секілді, Базар жырауға да ескерткіш қойсақ, бұнымыз сөз өнерін қадір тұтатын қазақтық, ұлттық ерекшелігіміздің жарқын үлгісі болар еді. Базар жырау тұлғасы бұл құрметімізге барлық жағынан лайық.

Базар Оңдасұлы – Сыр сұлейлерінің көшін бастап кеткен даңғайыр жырау, саңлақ суреткер. Жыраулық поэзияның дамуындағы қол жетпестей биіктікпен ғана белгіленер оның шығармалары қазақ халқының қандай ұрпағының болмасын жанына сәуле, рухына қуат құя беретініне ешқандай күмән жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Базар жырау шығарм. «Фолиант» баспасы. Астана, 2008 ж.

2. Бес ғасыр жырлайды II том. «Жазушы» баспасы. Ал., 1984 ж.

3. Базар жырау шығарм. «Арыс» баспасы. Алматы, 2014 ж.

АКАДЕМИК РАМАЗАН СҮЛЕЙМЕНОВ

және қазақ Шығыстану институтының қалыптасуы

Ләззат СЕРІКОВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты
Бақытгүл МЫРЗАБАЕВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың аға
оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Қазақ шығыстану ғылымының қалыптасуы мен дамуы аса көрнекті ғалым, Ш.Уәлиханов атындағы Республикалық мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі Р.Б.Сүлейменовтің есімімен байланысты. 1979 жылы 16 наурызда Қазақ КСР ҒА Президиумының шешімімен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының жанынан Шығыстану бөлімі құрылды. Оның алдына Шығыстың іргелес елдерінің тарихын, олардың Қазақстанмен өзара қарым-қатынасын зерттеу міндеті қойылды [1, 13-п.].

Жаңадан құрылған бөлімнің меңгерушісі міндетін атқару Қазақ КСР Ғылым академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры А.Н.Нүсіпбековтің 1979 жылғы 14 наурыздағы №41 «к» бұйрығымен сол кезде Кеңестік Қазақстан мәдениеті тарихы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған тарих ғылымдарының докторы Р.Б.Сүлейменовке жүктеледі [2, 117-п.]. Қазақ КСР Ғылым академиясы Президиумының 1980 жылғы 12 маусымдағы №115 қаулысымен Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Рамазан Бимашұлы Сүлейменов Мәдениет тарихы бөлімінің меңгерушілігі қызметінен босатылып, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Шығыстану бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады [2, 120-п.].

Бастапқы кезеңінде бөлімде 15 қызметкер жұмыс істеді. Бөлімнің аға ғылыми қызметкерлері қатарында тарих ғылымдарының кандидаттары К.Ш.Хафизова, В.А.Моисеев және заң ғылымдарының кандидаты В.Н.Федоров болды. Сонымен қатар бөлімде 3 кіші ғылыми қызметкер және 8 зертханашы қызмет етті. Бөлімнің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты «ХУІІІ-ХІХ ғғ. қазақ-қытай қатынастары» тақырыбы аясында жүргізілді. Бұдан басқа, Қазақстанның Ресейге қосылуының 250-жылдығына арналған шығыстану мәселелері бойынша мақалалар жинағын шығаруға дайындық жұмыстары өткізілді [3, 13-п.].

Бөлімнің жоғарыда аталған жоспарлы тақырыбының негізгі орындаушылары ғылым кандидаттары, қытайтану саласының мамандары К.Ш.Хафизова, В.А.Моисеев, В.Н.Федоров болды да, жүргізілетін жұмысқа жетекшілік ету Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі Р.Б.Сүлейменовке жүктелді. Тақырыпты зерттеудің күрделілігі, қажетті материалдардың Алматы қаласы кітапханаларында болмауы, Қытай деректерімен жұмыс істеудің өте қиындығы қажымай еңбектену мен көп уақытты, әрі күш-жігерді талап ететіндігі, бөлім қызметкерлерінің Қытай жөнінде шығатын бірде-бір ғылыми журналды ала алмауы қиындықтар туғызып, шешімін табуға тиісті мәселелерді күн тәртібіне қойды. Рамазан Бимашұлы КСРО ҒА Шығыстану институтының директоры академик Е.М.Примаковпен [4, 38-п.] осы институт директорының

орынбасары КСРО ҒА корреспондент-мүшесі Г.Ф.Киммен [4, 12-п.] КСРО ҒА Қиыр Шығыс институтының директоры, КСРО ҒА корреспондент-мүшесі М.И.Сладковскиймен [5, 6-п.], КСРО ҒА Шығыстану институтының Ленинград бөлімшесінің директоры С.И.-Кляшторныймен [5, 14-п.] келіссөздер жүргізіп, жаңадан ашылған Шығыстану бөлімін қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етуге, жас мамандардың жетекші шығыстану орталықтарында тәжірибеден өтуіне қол жеткізді. Жоспарда белгіленген жұмыстарды ойдағыдай орындап шығу үшін бөлім қызметкерлерін ұзақ мерзімдік іс-сапарларға Мәскеу, Ленинград қалаларына жіберіп отырды. Шығыстану бөлімі жұмысының табысты жүргізілуіне Тарих, археология және этнография институтының директоры, академик А.Н.Нүсіпбеков пен директордың орынбасары Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі Г.Ф.Дахшлейгер көп көмегін тигізді.

Бөлімнің алғашқы меңгерушісі және ұйымдастырушысы ретінде Рамазан Бимашұлына көптеген жұмыстар атқаруына тура келді. Өйткені, XX ғасырдың 70-жылдары республиканың шығыстану ғылымы әлсіз болатын, жоғары оқу орындары шығыстанушы мамандар даярламайтын. Сондықтан бөлім құрамы Ташкент, Душанбе, Ленинград, Владивосток, Мәскеу қалаларындағы арнайы шығыстану мектептерін бітірген мамандармен толықтырылды. Олардың қатарында Е.Д.Мучкина, М.Х.Әбусейітова, А.К.Сұлтанғалиева болды [6, 14 п.].

1981 жылы Алматы қаласында Шығыстану секциясы құрылды. Шығыстану секциясының төрағасы болып Қазақ КСР мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамы Орталық Кеңесінің мүшесі, Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі Р.Б.Сүлейменов тағайындалады. Секция қызметінің негізгі мақсаты республикадағы шығыстық ескерткіштерді анықтау, тізімін жасау, зерттеу, қорғауға алып, насихаттау болды. Тарихи және мәдени ескерткіштердің шығыстық ұғымына тек Қазақстан аумағынан табылған және Қазақстан халқы жасаған ескерткіштер ғана емес, Қазақстандағы мәдениет тарихын зерттеуге немесе тарихи процесс пен мәдениеттің дамуында өзіндік маңызы бар Қазақстанмен іргелес елдердегі орналасқан ескерткіштер де енді. 1981 жылы 10 қарашада Қазақ КСР тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы Шығыстану секциясының мәжілісінде Қазақстанның өз аудандарында және шеткері жерлеріндегі қазақ халқының тарихы мен мәдениетінен хабар беретін Шығыстық қолжазбалардың фото көшірмесін, микрофильмін алу үшін археографиялық экспедиция жасақталды.

Осындай бірінші археографиялық экспедиция 1981 жылы 13 қарашада бір ай мерзімге Душанбе қаласына аттанды. Экспедиция құрамын Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институты Шығыстану

бөлімінің қызметкерлері құрады [7, 278-279-бб.]. Экспедиция қызметінің нәтижесінде мынадай жұмыстар атқарылды: шығыс қолжазбаларының каталог-картотекасы жасалды; қолжазбалардың мазмұнымен танысып, Қазақстанның тарихы мен мәдениеті бойынша хабар беретін беттерінен көшірмелер алынды; микрофильмдер мен фотокошірмелерге тапсырыстар беріліп, ол қоғамға жіберілді. Экспедицияның есебі 1981 жылы 23 желтоқсанда шығыстану бөлімінің мәжілісінде тыңдалды. Экспедиция жұмысы туралы М.Х.Әбусейітованың есебін тыңдай келе, Рамазан Бимашұлы: *«Өте жемісті сапар. Жанкешті еңбегі үшін экспедиция мүшелеріне алғыс айту қажет. Біз қазір деректік базаны жасақтау үстіндеміз. Қазақстан ескерткіштерін қорғау Қоғамымен үйлесімді жұмысты күшейту керек. Қоғамға алғыс хат жолдау қажет. Түрік қолжазбалары сақталған Әзербайжан және Қазан қалаларына бару керек деп ойлаймын»*, – деді [8, 26-п.].

Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының тапсырмасы бойынша 1982 жылғы желтоқсан – 1983 жылғы қаңтар айларында Шығыстану бөлімінің қызметкерлері – В.А.Моисеев, А.Сұлтанғалиева, Ж.Жапбасбаева, Н.Меркурьева, Х.Әбдіқадырова – Мәскеу қаласына археографиялық экспедицияға шығып, кітапханалар мен мұрағаттарда жұмыс істеді. Нәтижесінде бөлімге «Сборник географических, топографических и статистических материалов по Азии», «Труды Оренбургской ученой архивной комиссии», «Материалы Туркестанского военного округа», «Памятная книжка Семипалатинской области» сияқты орыс тіліндегі революцияға дейінгі сирек басылымдардың, Ло Шуфудың ағылшын тіліндегі «Взаимоотношения Цинской империи с Западом» жинағының фотокошірмелері жеткізілді. 1983 жылы маусым-шілде айларында бөлім қызметкерлері М.Бекмагамбетов және А.Н.Федоров Қазан қаласында, В.А.Моисеев және И.В.Ерофеева Тюмень және Тобыл қалаларына археографиялық экспедицияға барды. Экспедиция мүшелерімен аталған қалалардың мұрағаттары мен кітапханаларындағы татар, араб, парсы, қытай және орыс тілдеріндегі библиографиялық каталогтары қарастырылды. Мәселен Тобыл мұрағатында Абылай хан және Березовқа жер аударылған Ғұбайдолла Уәлиханов, Абайдың досы Е.Михаэлис туралы материалдарға, Қазақстанның ескі карталарына тапсырыс берілді [9, 39-41-пп.]. Жалпы айтқанда, археографиялық экспедициялардың нәтижесінде зерттеулердің деректемелік негізі кеңейді, қазақ халқының тарихи дамуы, салт-дәстүрі жөніндегі деректердің белгілі бір бөлігі ғылыми айналымға енді.

Рамазан Бимашұлы отандық шығыстанудың халжағдайы, міндеттері, алдағы кезеңде атқаратын жұмысы туралы бүкілодақтық шығыстанушылардың бас қосқан жиындарында, конференцияларда сөз сөйлеп, шығыстануға арналған ғылыми еңбектерді редакциялауға қатысып отырды. Атап айтсақ, бөлім қызметкерлері К.Ш.Хафизова және В.А.Моисеевпен бірге 1982 жылы 28-30 қаңтарда Мәскеу қаласында өткен КСРО қытайтанушыларының II Бүкілодақтық конференциясының жұмысына қатысып, Р.Б.Сүлейменов пен К.Ш.Хафизова конференцияның пленарлық отырысында «Қазақстан тарихын зерттеуге орыс және кеңес синологтарының қосқан үлесі» тақырыбында баяндама жасады [10, 24-п.]. Рамазан Бимашұлы 1983 жылы мамыр айында Баку қаласында өткен шығыстанушылардың II Бүкілодақтық конференциясының жұмысына қатысып, Қазақ КСР-гі шығыстанудың жағдайы және міндеттері туралы баяндама жасады [9, 24-п.]. 1984 жылы Р.Б.Сүлейменов Галле қаласында (ГДР) өткен Қазақстан мен Орта Азия та-

рихына арналған халықаралық конференцияда Орта Азия республикалары және Қазақстандағы мәдени революция тарихы мәселелері бойынша баяндама жасады [11, 18-п.].

Жемісті еңбектерінің нәтижесінде Шығыстану бөлімінің ғылыми қызметкерлері 1984 жылы «ХVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай қарым-қатынастары» тақырыбы бойынша орыс, қытай, моңғол, түрік, ағылшын тілдеріндегі құжаттар мен материалдарды жинақтауды аяқтады. **Шығыс мұраларын игеруде қомақты істер жүргізіп отырған Шығыстану бөлімінің орнына Қазақ КСР ҒА Президиумының 1984 жылғы 1 қыркүйектегі №188 қаулысымен екі бөлімнен тұратын Шығыстану секторы құрылды:** 1) Шығыстың мәдени мұраларын зерттеу бөлімі (меңгерушісі – Р.Б.Сүлейменов, құрамында 11 қызметкер); 2) Іргелес Азия елдерінің тарихы бөлімі (меңгерушісі – Бутин, құрамында 11 қызметкер) [12, 13-14-пп.].

Бөлім қызметкерлері 1981 жылы 28-30 қыркүйек аралығында Алматы қаласында Қазақстанның Ресейге қосылуының 250-жылдығына арнап КСРО ҒА мен Қазақ КСР ҒА ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақстан халықтарының тарихи тағдырындағы Ресейдің прогрестік рөлі» атты Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияны дайындауда және өткізуде белсенділік танытты. Оның жұмысына Мәскеуден, РСФСР, Украина, Белоруссия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан, Грузия, Қарақалпақстан, Башқұртстан, Дағыстан сияқты одақтық және автономиялық республикалардан ғалымдар қатысты. Конференцияның «Халықтар достығы және Орта Азия мен Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің гүлденуі» секциясының жұмысын Рамазан Бимашұлы басқарып, «Расцвет казахской социалистической нации – торжество ленинской национальной политики КПСС» тақырыбында баяндама жасады [6, 12 п.]. Қазақ КСР Ғылым академиясы президиумы 1981 жылғы 8 қазандағы №141 қаулысымен конференцияны дайындауға белсене қатысқаны үшін және мазмұнды ғылыми баяндамасы үшін Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі Р.Б.Сүлейменовке алғыс жариялады [2, 127-п.].

Жалпы алғанда, Рамазан Бимашұлының басшылығымен құрылған Шығыстану бөлімі шығыс халқының тарихы мен мәдениетін баяндайтын мұралардың ғылыми айналымға енуіне, тарих ғылымының деректемелік негізінің кеңеюіне зор ықпалын тигізді.

Бөлім қызметінің ірі жетістігі жоспарлы тақырыпты уақытылы аяқтауы болып табылады. Нәтижесінде 1984 жылы 46 б.т. көлеміндегі «Цинь империясы мен Қазақстан» атты құжаттар жинағы даярланды. Жинақ сарапшылар КСРО ҒА Шығыстану институтының т.ғ.д. Б.П.Гуревичтің, КСРО ҒА Қиыр Шығыс институтының бөлім меңгерушісі В.С.Мясниковтың, Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының т.ғ.д. В.Я.Басиннің жоғары бағасын алды [11, 16-п.]. Бөлім жинақтаған құжаттар 1989 жылы Москва қаласында екі том болып «Международные отношения в Центральной Азии XVIII-XVIII вв.», Алматыда «Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в.» деген атпен Р.Б.Сүлейменовтің редакциясымен жарық көрді.

1983 жылдың жазында Қазақстан ғылымы ауыр қазаға ұшырады. Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтын ширек ғасыр бойы басқарған академик А.Н.Нүсіпбеков пен оның орынбасары, Қазақ КСР ҒА корреспондент-мүшесі Г.Ф.Дахшлейгер бірінен соң бірі дүние салды [13, 41-б.]. Қазақ КСР ҒА Президиумының 1983 жылғы 5 қазандағы №156 қаулысымен институт басшылығына академик Б.А.Төлепбаев, орынбасарлық қызметке Р.Б.Сүлейменов та-

ғайындалды. Келер жылы Б.А.Төлепбаевтың өз өтінішіне байланысты қызметінен кетуіне орай Қазақ КСР ҒА Президиумының 1984 жылғы 31 мамырдағы №107 қаулысымен **директорлық қызмет Р.Б.Сүлейменовке тапсырылды** [2, 182-184-пп.].

Осылайша, қысқа мерзім ішінде Қазақстан ғылымының тағы бір іргелі саласы – шығыстану қалыптасты. Р.Б.Сүлейменовтің іскер ұйымдастырушылық қызметімен Қазақстандық шығыстанушылар Мәскеудегі, Ленинградтағы, Ташкент және Душанбедегі, Баку мен Новосибирсктегі әріптестерімен шығармашылық байланыстар орнатып, күрделі зерттеулерді жүзеге асыратын дәрежеге қол жеткізді.

Р.Б.Сүлейменов басшылығындағы шығыстану бөлімінің табыстары Қазақ КСР ҒА басшылығы тарапынан қолдау тауып, ол 1984 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты құрамындағы шығыстану секторы болып қайта құрылды. Ендігі кезекте атқарылатын зерттеулер ауқымын кеңейту көзделді. 1985 жылдың қарсаңында Қазақ КСР ҒА вице-президенті академик З.А.Ахметовке жазған ісқағазында Р.Б.Сүлейменов шығыстанулық зерттеулерге жыл сайын 40 б.т. көлемінде жоспарлы басылымға рұқсат беруді сұрайды. Бірақ 1985 жылы Қазақ КСР ҒА құрамында ұйғыртану институты құрылды да, іргелес Азия елдерінің тарихы бөлімі соның қарауына беріліп, Шығыстың мәдени мұраларын зерттеу бөлімі Қазақстан мәдениет тарихы бөлімі болып қайта құрылды. Бұл бөлім Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты құрамына кірді. Оның меңгерушісі болып Р.Б.Сүлейменов тағайындалды. Мұнда да шығыстанушылық зерттеулерін жалғастыра берді [7, 282-287-бб.].

Рамазан Бимашұлының жігерлі еңбегі мен іскерлік қабілетінің арқасында 1992 жылы 13 ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының төралқасы Ұйғыртану институтының жанынан **Шығыстану орталығын құру туралы қаулы қабылдады. Орталық жетекшісі болып Р.Б.Сүлейменов тағайындалды.** Екінішке орай, Орталықты басқару Рамазан Бимашұлының тағдырына жазылғанымен, ұзаққа созылмады.

Ғалым еңбегінің өтеуі ретінде **Орталыққа 1994 жылы Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің есімі берілді.** 1996 жылы Орталық институтқа айналды [13, 160-б.].

Қазіргі уақытта Институт Қазақстанның ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі шығыс елдерімен мемлекетаралық өзара ықпалдастық мәселелерімен жүйелі түрде шұғылданатын жетекші ғылыми мекеме болып табылады. Институт құрылымында 5 бөлім, 3 орталық қызмет етеді. Институт директоры филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсатар қажы Дербісәлі.

Институттың іргелі зерттеулерінің нәтижелері сынаудан өтіп, мамандар мен жұртшылықтың қалың тобының игілігіне айналуда. «Қазақстан шығыстану зерттеулері» сериясымен материалдар жариялануда. Институт бес тілде (қазақ, орыс, ағылшын, француз және неміс тілдерінде) халықаралық ғылыми «Shygys» (Orient, Восток) журналын шығарады. «Shygys» журналының негізгі тақырыптық бағыты шығыстанудың тарих, филология, саясаттану, экономика, дін, мәдениет және өнер секілді әртүрлі салалар бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулерін жариялайды.

Институттың маңызды жұмыстарының бірі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. 2004-2006 жылдар аралығында институт «Қазақстан тарихы туралы түркі, парсы, араб, қытай, моңғол деректемелерінің» 21 томын (қазақ және орыс тілдерінде) шығарды.

Халықаралық ғылыми байланыстарды нығайту және ұлғайту, бірлескен ғылыми-зерттеушілік жұмыстар жүргізу мақсатында Рамазан Бимашұлы Сүлейменов атындағы Шығыстану институты шетелдік көптеген ғылыми-зерттеу мекемелерімен және орталықтарымен бірлесіп жұмыс атқарады. Академиялық ғылым және қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау тұрғысынан 2006-2009 жылдары Қытайдың Бірінші Тарихи Мұрағатымен бірлесіп жүзеге асырған «Цин кезеңіндегі қазақ-қытай қарым-қатынастары жөніндегі мұрағат құжаттарының жинағы» атты Қазақстан-Қытай халықаралық жобасының маңызы зор.

Шетелдік институттармен ынтымақтастық жөнінде ғылыми байланыстар орнатуда Шығыстану институтының «Халықаралық Академиялар орталығының» (International Union of Academies) 2006 жылы Бельгияда Брюссель қаласында, 2007 жылы Норвегияда Осло қаласында өткен сессияларының жұмысына қатысуы елеулі қадам болды. Халықаралық Академиялар орталығымен бірлесіп «Х ғасырға дейінгі Жерорта теңізі әлемі мен Қытай» ғылыми-зерттеу жобасы зерделенді.

Иран Ислам Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құжаттама және дипломатия тарихы орталығымен бірлесіп Институт 2001 жылдан «Дешті Қыпшақ пен Иранның тарихи-мәдени байланыстары: тарих және қазіргі заман» атты тұрақты жұмыс істейтін семинар жүргізіп келеді.

Орталық Азия елдерінің ғалымдарымен бірлесіп Орталық Азияның жалпы тарихын жазу жөніндегі «Орталық Азияның тарихы және мәдениеті: ежелгі заман, ортағасырлар және қазіргі кезең» атты халықаралық ғылыми-зерттеушілік жоба дайындалды. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ресей, Франция зерттеушілері қатысты. Соңғы жылдары халықаралық ғылыми конференциялардың өткізілуін және олардың материалдарының жариялануын да Шығыстану институтының жетістіктері деп санауға болады.

РЕЗЮМЕ

Авторы подчеркивает роль академика Р.Б.Сүлейменова в создании отдела Востоковедения и его дальнейшем развитии. В статье рассматривается необходимость преобразования данного отдела в институт и показан вклад академика Р.Б.Сүлейменова в деятельность института Востоковедения.

The author emphasizes the role of academician R.B.Suleimenov in the creation of the Department of Oriental Studies, and its further development. The article discusses the need for transformation of the department of the institute, and shows the contribution of academic activities in the Institute of Oriental Studies.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР ҒҒМ ҒК "Ғылым Ордасы" мұрағаты. 11-қ., 1-т., 1396-іс, 13-п.
2. FOM 11-қ., 1-т. ж/і, 372-іс, 117-п.
3. FOM 11-қ., 1-т., 1396-іс, 13-п.
4. FOM 11-қ., 1-т., 1564-іс, 38-п.
5. FOM 11-қ., 1-т., 1481-іс, 6-п.
6. FOM 11-қ., 1-т., 1563-іс, 14-п.
7. **Әбжанов Х.М.** Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. - Алматы: "Елтаным баспасы", 2014.
8. FOM 11-қ., 1-т., 1562-іс, 26-п.
9. FOM 11-қ., 1-т., 1714-іс, 39-41-пп.
10. FOM 11-қ., 1-т., 1629-іс, 24-п.
11. FOM 11-қ., 1-т., 1787-іс, 18-п.
12. FOM 11-қ., 1-т., 1789-іс, 13-14-пп.
13. **Әбжанов Х., Исабек Б.** Академик Рамазан Сүлейменов. - Алматы, 2007.

МАТЕРИАЛЫ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В АРХИВАХ ОРЕНБУРГА

(Первая четверть XX века. Перспективы проекта Елбасы «Архив – 2025»)

Куаныш АКАНОВ,
магистр гуманитарных наук, младший научный
сотрудник отдела Евразийства и политических
исследований Института истории государства
Комитета науки МОН РК

21 ноября 2018 года в СМИ была опубликована программная статья Елбасы Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой Степи», предопределившая основные направления научного поиска историков одним которых стал проект «Архив – 2025». Базовой основой проекта был успех ранее действовавшей программы по изучению культурного наследия Казахстана «Мәдени мұра».

В числе результатов данной программы можно назвать выпуск ряда сборников архивных документов, позволявших исследователям изучить историю Казахстана через призму материалов арабских, русских, персидских, западных и др. источников. Однако как справедливо указывал Елбасы, многие документальные сведения, хранящиеся в архивах разных стран мира, еще остаются не введенными в научный оборот и ждут исследователей [1, с. 1-2].

Одним из таких примеров, можно назвать документы архивов Оренбурга: Государственный архив Оренбургской области (ГАОО) и Оренбургский государственный архив социально-политической истории (ОГАСПИ) с документами которых автору статьи довелось работать в период выполнения научного проекта «Оренбург в истории становления государственности Казахстана» и подготовки текста PhD диссертационного исследования по истории столиц Казахстана в XX-XXI вв.

Изучение отдельных периодов истории Казахстана через призму документальных материалов архивов Оренбурга является актуальным научным направлением, как среди казахстанских, так и зарубежных ученых, в особенности из Российской Федерации.

У отечественных исследователей особенно выделяются исследования по тому времени, когда город Оренбург играл роль центра действия представителей казахской интеллигенции, либо был столицей Казахстана. К примеру, в статье Е.Б.Касенова, часть материалов которой основывается на архивных документах ГАОО, содержащих информацию о деятельности редакции газеты «Казак» и ее редакторе А.Байтурсынове. По отчету исследователя данные материалы сообщали сведения о полицейском контроле жандармерии Оренбурга над А.Байтурсыновым и деятельностью газеты «Казак» в отношении которых неоднократно применялись штрафные санкции и формировались особые дела [2]. М.О.Абсеметов исследуя опыт работы видного казахского деятеля С.Сейфуллина в качестве Председателя совета народных комиссаров, использовал документы фондов ГАОО содержащих такие виды документов, как: мандаты делегатов съездов, постановления о налоговом законодательстве и данные о хозяйственно-финансовом секторе республики и др. [3, с. 24, 81].

Весьма полезным источником для исследователей являются сборники материалов конференции проходящих в Оренбурге. Например, Боль-

шаковские чтения, где казахстанские ученые часто апробируют определенные результаты своих исследований, полученные на основе данных из местных архивов. Хронология научного поиска обычно охватывает XIX – XX века. В числе таких научных направлений выделяются работы связанные с использованием архивных данных: отделов образования (Р.Л.Абдрахманова) [4], отчетов поисковых историко-географических обществ, как например: Оренбургской ученой архивной комиссии (Ж.С.Бегимбаева) [5], Оренбургский отдел Русского географического общества (А.М. Тогызбаева) [6].

Переходя к работам зарубежных ученых, отметим, что здесь особого внимания заслуживают исследования, посвященные теме пребывания города Оренбурга в качестве столицы Казахстана (1920-1925). В.В.Дорофеев публиковал сведения из фондов ГАОО содержащих информацию о размерах жилого фонда города и количестве муниципальных домов выделенных для проживания неимущих слоев населения [7]. В работах российских исследователей данные из ГАОО использовались при: составлении сводок по системе образования и результатов работ по ликвидации неграмотности; о мероприятиях в области культуры, в виде организации музея им. В.И.Ленина, выставок портретов советских руководителей, о публикациях литературно-художественных и научно-публицистических журналов, анкет посетителей культурных учреждений и т.д. (В.М.Войнов) [8]. Важные сведения представляет статья Е.А.Артамоновой – сотрудника ГАОО, где содержатся данные как о характере производственной и культурной важности Оренбурга для Казахской советской автономии, так и о мероприятиях, проводимых в городе в сферах: образования, здравоохранения, борьбе с голодом 1921 года, спорта, общереспубликанских праздников [9].

В трудах российских ученых встречаются также сведения из партархива Оренбургской области, до недавнего времени именуемого как, Центр документации новейшей истории Оренбургской области, ныне называющегося, как Оренбургский государственный архив социально-политической истории. Материалы ОГАСПИ способствовали исследователям при выявлении данных о следующих темах истории взаимосвязи Оренбурга и Казахстана:

- инфраструктура города, особенности и результаты ее развития [10];

- протоколы заседаний губернских комитетов, где ставился вопрос о присоединении Оренбурга к Казахстану (Киргизии) в качестве столицы автономии (Л.И.Футорянский) [10];

- характер докладов большевистских деятелей, требовавших предоставления малым народам прав на самоопределение, роли города Оренбурга, как поликультурного центра Киргизской (Казахской) АССР в борьбе коммунистов за привлечение симпатии народов Востока и местного мусульманского насе-

ления (Р.Р.Магомедов и Г.Г.Косач) [11; 12].

Разноплановый характер материалов обоих архивов располагающихся на территории города Оренбурга способствовал автору статьи в подготовке параграфа связанного с тем временем, когда данный город был выбран в качестве столицы Киргизской (Казахской) АССР (1920-1925 гг.). Из фондов ГАОО исследователем были отобраны следующие:

- Ф. Р.-454 «Оренбургский губернский отдел по делам печати и зрелищ (гублит) при губернском отделе народного образования г. Оренбург (декабрь 1924 – июль 1928 гг.)». Наибольшее внимание привлекает документ «История и основания Казахстана его природные богатства» составленный в форме энциклопедического материала, на страницах которого рассматриваются такие данные как: время основания советского Казахстана и декреты, сопутствующие учреждению Казахской АССР; численность и национальный состав Первого Учредительного Всекиргизского (Всеказахского) съезда, наименования органов государственного аппарата автономной республики с указанием фамилии руководителей, административно-территориальное деление Казахстана, характеристика состава населения, природные условия, ресурсы и мн. др. [13];

- Ф. Р.-1 «Исполнительный комитет Оренбургского губернского Совета рабочих, крестьянских и казахских депутатов, г. Оренбург Оренбургской губернии (1918-1928 гг.)». Находящиеся в фонде документы представляют сведения: о порядке проведения советских мероприятий [14], деталях процесса присоединения г. Оренбурга и Оренбургской губернии к Казахстану [15], об открываемых школах-коммунах на казахском языке обучения [16];

- Ф. Р.-301 «Союз кредитных и ссудо-сберегательных товариществ «Крестьянское дело» Оренбургского уезда и губернии. 1918-1920 годы», где хранятся материалы, связанные с изданием республиканской русскоязычной газеты «Известия Киргизского Края» (предшественницы современной казахстанской газеты «Казахстанская Правда») и научного журнала «Вестник Киргизского Края», где издавались видные общественные деятели Казахстана: А.Байтурсинов, Б.Каратаев, С.Аржанчиев, А.Кенжин и др.[17];

- Ф. Р.-450 «Отдел народного образования Оренбургского губернского исполнительного комитета Совета рабочих, крестьянских и красноармейских депутатов (губоно), г. Оренбург, 1918-1928 годы)». В данном фонде имеются документы Первого съезда работников народного просвещения, 12-18 июня 1924 года. В частности резолюция, в которой были освещены основные проблемы политики в области культуры по отношению к коренному населению в дореволюционный период и поставлены задачи культурного строительства, стоявшие перед руководством казахской республики в советских условиях [18];

- Ф.Р.-460 «Отдел народного образования Каширинского уездного исполнительного комитета Совета рабочих, крестьянских, казахских и красноармейских депутатов с. Исаево-Дедово Оренбургской губернии (1922-1928 гг.)», где содержатся документы съездов губернских и уездных отделов народного образования. Особо отметим материалы о проведении первых мероприятий руководства Казахстана в области науки

и образования: о необходимости изданий учебных пособий по литературе на двух языках, составлении учебников политической литературы, оформлении терминологии казахского языка и пр. [19];

Не менее важный исторический материал хранится в фондах ОГАСПИ, из которых наибольшего на наш взгляд внимания заслуживают следующие:

- Ф. 7924 «Отдел истории партии Оренбургского губкома ВКП (б)» где исследователю, предоставляются отдельные номера казахстанского журнала «Известия», первоначально издававшегося в Оренбурге. Среди участвовавших в издании журнала общественных и политических деятелей встречаются фамилии: Айтиева, Асылбекова, Бочагова, Кенжина, Кульджановой, Мендешева, Сайфуллина (Сейфуллина) и др. [20; 21].

- Ф. 1 «Оренбургский губернский комитет РКП (б) – ВКП (б) (1919-1928 гг.)» в котором наибольший интерес вызывает дела:

а) Д. 10 – документы III Оренбургской губернской конференции РКП (б) (17-27 ноября 1919 г.), где обсуждались проблемы и способы вовлечения киргизов (казахов) в коммунистическое движение [22];

б) Д. 14 – рассматривается история обороны Оренбурга в июле-августе 1918 г. и обсуждается факт значимости города – как центра для мусульманского Казахстана и Башкирии [23];

в) Д. 168, содержащее материалы I Всекиргизской партийной конференции РКП (б) в Оренбурге (10-18 июня 1921 года). В ходе проведения данного заседания обсуждались вопросы строительства советского аппарата в Казахстане, условиями формирования которого ставились: ликвидация остатков национального неравноправия, привлечение местных жителей в государственные и партийные структуры [24];

г) Д. 427 – где находятся документы о вопросах организации кадровой политики, направленной на активизацию процесса привлечения представителей казахского населения в советские органы в 1920-х годах [25];

Ценным иллюстративным, а иногда и текстовым историческим материалом обладают документы фотофонда 7931 «Коллекция фотодокументов по истории областных, партийной и комсомольской организации». В числе таковых наиболее ценных источников отметим следующие:

Д. 1 – содержит фотографии документов отображающих политические события периода Гражданской войны и первых лет установления Советской власти, а также политических деятелей: писем, извещений, организованных инициативными группами на смерть В.И.Ленина, в том числе и от представителей Казахстана, маршрута пути А.Джангильдина, руководившего доставкой вооружения Туркестанской армии на Оренбургский фронт в сентябре 1918 г., фотографии общественных деятелей боровшихся за установление власти большевиков в г. Оренбурге и Оренбургской губернии: М.И.Калинина, В.В.Куйбышева, В.А.Радус-Зеньковича, С.С.Пестковского, А.Т.Джангильдина, С.Мендешева, И.А.Акулова, П.А.Кобозева и др. [26];

Д. 15 – содержит фотографии политических деятелей советского Казахстана: С.В. Пестковского – председателя революционного комитета по управлению Киргизским Краем (1919-1920 гг.), В.А.Радус-

Зеньковича – председателя Совета Народных Комиссаров Киргизской (Казахской) АССР (1920-1921 гг.), Ф.И.Голощекина – первого секретаря ЦК Коммунистической Партии КазАССР (1925-1933) [27].

Д. 51 (б) – содержит фотографии видного казахского деятеля, члена Киргизского революционного комитета, Председателя ЦИК Киргизской (Казахской) АССР С.Мендешева [28].

- Д. 101 – фотографии делегатов 3-й Всекиргизской (Всеказахской) партийной конференции (из казахов – Джангильдин, Кенжин, Мендешев – председатель ЦИК, Садвокасов, Нурмаков) [29];

- Д. 119 – в данном деле находятся отпечатки газет выходящих в свет в Оренбурге напечатанных арабским шрифтом. Среди них газеты: «Степь», «Урал» и др. свидетельствующие о наличии в Оренбурге возможностей для выпуска печатных изданий на языке мусульманского населения России [30].

Таким образом, можно сделать вывод о наличии весьма ценных, а зачастую уникальных материалов по истории Казахстана в Государственном архиве Оренбургской области и Оренбургском государственном архиве социально-политической истории, находящихся в городе Оренбурге. Многие из приведенных выше документов могли бы стать ценным дополнением к работам исследователей по советскому периоду истории Казахстана, в частности по начальному этапу, вместилищу в себя время пребывания города столицей Киргизской (Казахской) АССР. В 1925 году после проведения национально-государственного размежевания, административный центр Казахской АССР был перенесен из города Оренбурга в город Ак-Мечеть (Кзыл-Орду), куда впоследствии было передано 40 архивных фондов [8, 190-191]. Однако многие важные и ценные документы так и остались в фондах архивов Оренбурга и ожидают своих исследователей.

ТҮЙІН

Мақала ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстанның тарихы жөнінде құнды мәліметтер сақталған Орынбор мұрағатының қорын зерттеуге арналған. Сондай-ақ Қазақстан тарихы бойынша өз жұмыстарында Орынбор мұрағаттарының құжаттарын пайдаланған қазақстандық және ресейлік зерттеушілердің еңбектеріне қысқаша тарихнамалық шолу жасалды.

The article is devoted to research of funds of archives of Orenburg city, storing the valuable insights about history of Kazakhstan in the first quarter of the XX century. Also the short historiographical review of the works of Kazakhstan and Russian researchers, who use in their works on history of Kazakhstan the documents of Orenburg archives.

СПИСОК ИСТОЧНИКОВ И ЛИТЕРАТУРЫ

1.Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи // «Казахстанская Правда» – 21 ноября 2018 года – № 222 (28852) – С.1-2

2.Касенов Е.Б. Материалы государственных архивов Томской и Оренбургской областей по истории движения Алаш. Сайт образовательного проекта «Articlekz.com»

[электронный ресурс] // URL: <https://articlekz.com/article/8433> (Дата обращения: 28.04.2019)

3.Абсеметов М. Сакен Сейфуллин – председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана: г. Оренбург, 1922-1924. – Астана, 2006. – 416 с.

4.Абдрахманова Р.Л. Архивные и иные письменные источники Оренбурга как материал для исследований развития системы образования Западного Казахстана // Девятые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен: сборник статей международной научно-практ. конф.; науч. ред. С.В. Любичанковский. – Оренбург: Изд-во ОГПУ, 2018. – 412 с.: – С. 64-65

5.Бегимбаева Ж.С. Эволюция научной деятельности Оренбургской ученой архивной комиссии: от учреждения до взаимодействия научных обществ // Девятые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен: сборник статей международной научно-практ. конф.; науч. ред. С.В.Любичанковский. – Оренбург: Изд-во ОГПУ, 2018. – 412 с.: – С. 358-361

6.Тогызбаева А.М. Оренбургский отдел Русского географического общества в изучении этнографии казахского народа во второй половине XIX века // Восьмые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен: сборник статей международной научно-практической конференции; науч. ред. С.В. Любичанковский. – Оренбург: Изд-во ОГПУ, 2016. – 376 с.: – С. 309-311

7.Дорофеев В.В. Над Уралом рекой. Челябинск: Юж.-Урал. кн. изд-во, 1988. – 272 с.

8.Войнов В.М. Не только одеть и накормить // Оренбург. Челябинск: Южно-Уральское книжное изд-во, 1993 – 270 с. – С. 185-192.

9.Артамонова Е. Оренбург – столица Казахстана // Оренбуржье № 5-6. 10 января 2002 года. С. 21.

10.Футорянский Л.И. Оренбург – столица Казахстана // Оренбург. Челябинск: Южно-Уральское книжное изд-во, 1993. – 270 с. – С. 180-185.

11.Магомедов Р.Р. Оренбуржцы-большевики о мировой революции и о роли Оренбурга в ее развитии в первые годы Советской власти // Оренбург вчера, сегодня, завтра: исторический и социокультурный опыт. Материалы и тезисы Всероссийской научно-практ. конф., посвященной 160-летию Оренбурга. – Оренбург: печатный дом «Димур», 2003. – 384 с. – С. 113-115.

12.Косач Г.Г. Оренбург и Башкирская автономия: «государственный» город в начале советской эпохи // Восьмые Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен: сборник статей международной научно-практ. конф.; науч. ред. С.В. Любичанковский. – Оренбург: Изд-во ОГПУ, 2016. – 376 с. – С.88-93.

13.ГАОО РФ, ф. Р-454, Оп. 1, Д.18-А, Л. 3-148.

14.ГАОО РФ, ф. Р-1, Оп.1, Д.95, Л. 45-45 об.

15.ГАОО РФ, ф. Р.-1, Д. 91, Л. 174-177.

16.ГАОО РФ, ф. Р.-1, Оп.1, Д. 626, Л. 248-248 об.

17.ГАОО. ф. Р-301, Оп.2, Д. 13, Л.103-104, 147 об.

18.ГАОО РФ, ф. Р.-450, Оп. 1, Д. 102, Л. 39-40.

19.ГАОО РФ, ф. Р.- 460, Оп. 1, Д. 19, Л. 87-97.

20.ОГАСПИ РФ, ф. 7924, Оп.1, Д. 243, Л.1-40.

21.ОГАСПИ РФ, ф. 7924, Оп.1, Д. 238, Л.1-24.

22.ОГАСПИ РФ, ф.1, Оп.1, Д.10, Л. 1-7.

23.ОГАСПИ, ф.1, Оп.1, Д.14, Л.1-6.

24.ОГАСПИ, ф. 1, Оп.1, Д. 168, Л.1-82.

25.ОГАСПИ РФ, ф.1, Оп.1, Д. 427, Л.14, 15.

26.ОГАСПИ РФ, ф. 7931, Оп. 1, Д.1, Л.1-10.

27.ОГАСПИ РФ, ф. 7931, Оп. 1, Д.15, Л.9, 14-15.

28.ОГАСПИ РФ, ф. 7931, Оп. 1, Д.51 (б), Л.1-3.

29.ОГАСПИ РФ, ф. 7931, Оп. 1, Д.101, Л.1-13.

30. ОГАСПИ РФ, ф. 7931, Оп. 1, Д.119, Л. 3-10.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНҒА БЕЛОРУСТАРДЫҢ ЖЕР АУДАРЫЛУЫ (1950 жылдар)

Арайлым МҰСАҒАЛИЕВА,
тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің профессоры
Баршагүл ИСАБЕК,
тарих ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университетінің профессоры

Отан тарихындағы күрделі мәселелердің бірі – КСРО кезіндегі Қазақстанға басқа республикалардан әртүрлі халықтардың жер аударылуы. Жер аударылу 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында басталған болатын. Қазақстан жері бұл тарихи үдерістің негізгі орталықтарының біріне айналды. Әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде күштеп қоныс аудару күшейіп кетті. Соғыс аяқталғаннан кейін халықтарды Қазақстанға сталиндік жер аудару жалғастырылды. Әрине, соғыстан кейінгі жылдары (1948, 1949 жж.) да халықтардың жер аударылғаны белгілі.

Бірақ, 1950 жылдардың басында, яғни 1954 жылға дейін (КСРО Министрлер Кеңесінің «арнайы қоныс аударушылардың құқықтық жағдайындағы кейбір шектеулерді алып тастау туралы» қаулысы) жер аударулар жалғасты. Бұл жылдардағы жер аударуларды тарихшылар аз зерттеді. Қазіргі Қазақстанда 1951, 1952, 1953 жылдардағы жер аудару бойынша деректер туралы ақпараттар өте аз. Белгілі ресейлік тарихшы П.М.Полян мен Н.Л.Поболь кітабында бұл тарихи оқиғалар туралы аздаған деректер бар.

1951 жылғы 27 наурызда КСРО Ішкі Істер Министрінің «УКСР, БКСР, МКСР, Латвия, Литва және Эстон КСР-нан арнайы қоныс аударушыларды айдауылдауды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар туралы» бұйрығы шықты [1]. Оларды «арнайы қоныс аударушылар» («спецвыселенцами») деп атады. Арнайы қоныс аударушыларға өздерімен бірге өздеріне тиесілі мүлкін, азық-түліктерді, үй заттарын, құрал-саймандарды және отбасына салмағы 1500 кг. дейінгі ұсақ құрал-жабдықтарды алып кетуге рұқсат етілді. 1952 жылдың көктемінде Батыс Белоруссиядан кулактар бойынша жекелеген қаулылар қабылданды: солардың бірімен 1952 жылдың 18-22 сәуірі аралығында Иркутск облысына және Қазақстанға шамамен 6 мың адам көшіріп жіберу бойынша операция жүргізілді.

Тағы бір ресейлік тарихшы В.Земсков жазғандай: «көбею, бірінші кезекте 1949-1952 жж. арнайы қоныстандыруға келесі жаңа контингенттерді жіберу есебінен болды: мүлкі тәркіленген және Балтық жағалауынан, Батыс Украинадан, Батыс Белоруссиядан, Молдавиядан көшірілген шаруалар; «андерсовтіктер» (поляк Андерстің бұрынғы әскери қызметшілері отбасыларымен бірге)» [2]. Сонымен, одақтасардың әскері құрамында соғысқан Андерс поляк армиясы ардагерлерінің отбасы мүшелері жер аударылды. Сондай-ақ, бұл Белоруссиядан «кулақтық» жер аударудың жалғасы. Қазақстан Белоруссияның күштеп қоныс аударған халықтарының орналасу орындары қатарында болды.

Қазақстан тарихшыларының ішінде аталған та-

қырыппен айналысушылар өте аз. Бұл кезеңдегі тарих басқа облыстардан Оңтүстік Қазақстанды игеруге қоныс аударылған корей халқының оңтүстік өңірдегі мақта шаруашылығымен айналысатын колхоздарды құру туралы жазылған еңбектер ғана кездеседі [3]. Ал осы жылдарда күштеп жер аударылған басқа халықтар туралы мәліметтер жоқтың қасы.

Әрине, белорустардың Қазақстандағы жер аудару географиясы кең болды. 1952 жылы республиканың барлық облыстары қоныс аударушыларға арналған орындарға кірді.

Бірақ, Оңтүстік Қазақстанға арнайы қоныс аударушыларды жіберу осы жылдары өзекті еді. 1940 жылдардың аяғы – 50 жылдардың басында КСРО Министрлер Кеңесінің нұсқауы бойынша мақтаға деген сұраныстың артуын қанағаттандыру үшін Қазақстанның оңтүстігіндегі Жетісай алқабы игеріліп жатты. Қызылқұм шөліне көршілес жатқан, бір кездері жансыз иен дала жерін алдағы уақытта игеру керек болды [4]. Кеңес өкіметі осындай кең көлемдегі реформаларды тегін жұмысшы күшін пайдалану арқылы шешетін.

1950 жылғы 19 қаңтардағы КСРО Министрлер Кеңесі мен ВКП (б) ОК-нің «Қазақ КСР-нің Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында мақта шаруашылығын әрі қарай дамыту жөніндегі шаралары туралы» [5] қаулысы негізінде жаңа қоныс аудару басталды. Мақта шаруашылығы колхоздардың ақшалай табысының негізгі көзі, олардың экономикалық нығаюының, колхозшылардың бай және мәдени өмірінің негізі болатын. Оңтүстік Қазақстан облысының колхоздарындағы ақшалай табыстардың басым бөлігі жыл сайын мақта шаруашылығынан [6] келіп түсетін, Жетісай алқабын игеру мақсатымен халықтарды көшіру жоспарланды.

Белоруссиядағы арнайы қоныс аударушылардың көпшілік бөлігін Жетісай алқабына жіберді. Олар бұл аймақта мақтаны игерумен жұмыс жасады. Қонысаудару жоспары бойынша 1952 жылы Қазақстанның оңтүстігіне келесі адамдар саны жіберілді: «30 лет Октября» кеңшарына – 300 шаруашылық, «Қазпереселенстрой» трестіне – 200 шаруашылық. Бірақ, 1951 жылдың өзінде-ақ арнайы қоныс аударушылар Оңтүстік Қазақстанға келген. Осылайша, 1950, 1951, 1952 жылдары арнайы қоныс аударушыларды Жетісай алқабына, Киров, Қызылқұм, Пахта-Арал аудандарына, «30 лет Октября» кеңшарына және «Қазпереселенстрой» трестіне қабылдады.

Арнайы қоныс аударушылар қиын жағдайда өмір сүрді. Қоныс аударушы колхозшылар азық-түлікпен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмегендіктен, нәтижесінде араларында әр түрлі аурулар та-

рай бастады. Жетісай алқабының қоныс аударушы колхозшылардың барынша көп қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселесі, әсіресе, тауар арқылы беру шешілмеді. Қоныс аударушыларға тұрғын үйлер салуға 2000 колхозшының орнына 250 колхозшы бөлінді.

1953 жылы 26 ақпанда Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің «Жетісай алқабында қоныс аударушыларды шаруашылық-тұрмыстық орналастыру туралы» [7] қаулысы шықты. 1953 жылдың 5-31 наурыз аралығында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақ қоныс аудару басқармасы Оңтүстік Қазақстан облыстық қоныс аудару бөлімінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, Жетісай массивінде шаруашылық-тұрмыстық құрылым бойынша кемшіліктер мен шараларды жою үшін жаппай тексеру жүргізді. Қоныс аударушылардың шаруашылық-тұрмыстық құрылымы жақсармағаны, бұрынғыдай қалғаны расталды. Мәселен, ирригациялық желінің жұмысы, үздіксіз сауда, сумен қамтамасыз ету, қоныс аударушы колхоздарға жайылымдық-шабындық жерлерді беру, қоныс аударушыларға сату үшін өнімді мал сатып алу, шығару орындарында [7, 15-б.] тапсырылған қоныс аударушылардың малға, картопқа және астыққа берілген түбіртектерді тауарландыру сияқты мәселелер шешілген жоқ.

1953 жылы 7 сәуірде Қазақстан КП Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің хатшысы З.Жарқынбаев Пахта-Арал аудандық партия комитетінің хатшысы Тұрғынбаевқа төмендегідей хат жазды: *«Қазақстан КП облыстық комитетінде бар деректерден, сіздің ауданыңызда «1952 жылы Ильичев, Пахта-Арал және облыстың басқа да аудандарына келген арнайы қоныс аударушылардың ауыр тұрғын үй-тұрмыстық және материалдық жағдайлары туралы» Қазақстан КП облыстық комитеті бюросының 1953 жылғы 7 сәуірдегі қаулысын толық орындалмағанын байқауға болады»* [7, 25-б.]. Хатта көрсетілгендей, аудандық партиялық және кеңестік мекемелер, бөлінген несиелерге қарамастан, әлі күнге дейін үйлер мен сиыр ұстауға мұқтаж арнайы қоныс аударушылардың нақты санын анықтамады, қоныс аударылғандардың шаруашылық құрылымына үкіметтен бөлінген қаражаттың мөнін партиялық колхоздық активке түсіндірмеді, осының салдарынан, облыс колхоздарының жеке басшылары қоныс аударылғандарға қажетті үйлерді иемденуге және сиыр ұстауға арналған құжаттарды рәсімдегенде, Ауыл шаруашылығы банкі берген несиелерді өтеу бойынша өзіне міндеттеме алуды қабылдамайтындығы жайлы фактілер бар [7, 25-б.].

1950-1952 жж. Жетісай алқабы колхоздарының аумағына 5069 отбасы көшірілді, олар Ильичев ауданының 17 колхозына орналастырылды. 1952 отбасы шығып кетті, 1953 жылы 1 сәуірде 4117 отбасы қалды [7, 13-б.].

1953 жылдың бірінші тоқсанында Ауыл шаруашылығы банкінің Ильичевка бөлімшесі арқылы Жетісай алқабының қоныс аударушы-колхозшыларына тек 4 колхозына ғана несие берілді: Каганович атындағы колхозға – 60000 руб., Тельман атындағы колхозға – 100000 руб., «Путь Ильича» атындағы колхозға – 27000 руб., «Коммунизм» колхозына – 50000 руб., тұрғын үй құрылысына – 1000 руб.

1953 жылы 7 сәуірде Қазақстан КП облыстық комитеті бюросының «1952 жылы Ильичев, Мақта-Арал және облыстың басқа да аудандарына келген арнайы қоныс аударылғандардың ауыр тұрғын үй-тұрмыстық және материалдық жағдайлары туралы» қаулысы шықты. Қаулыда жазылғандай, *«аудандық партиялық және кеңестік*

мекемелер, бөлінген несиелерге қарамастан, әлі күнге дейін үйлер мен сиыр ұстауға мұқтаж арнайы қоныс аударушылардың нақты санын анықталмады, қоныс аударылғандардың шаруашылық құрылымына үкіметтен бөлінген қаражаттың мөнін партиялық колхоздық активке түсіндірілмеді, осының салдарынан, облыс колхоздарының жеке басшылары қоныс аударылғандарға қажетті үйлерді иемденуге және сиыр ұстауға арналған құжаттарды рәсімдегенде, Ауыл шаруашылығы банкі берген несиелерді өтеу бойынша өзіне міндеттеме алуды қаламағаны туралы фактілер бар» [6, 13-б.].

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде елімізге жер аударылған халықтармен салыстырғанда, әрине, соғыстан кейінгі жылдарда қоныс аударушылардың жағдайы аса қиын болмады. Бірақ, ең қиын мәселе антисанитарлық жағдайдың төмендігі мен азық-түліктің жетпеуінен жұқпалы аурулардың таралуы болды. Осыдан соң, арнайы қоныс аударушылар қатарында өлген адамдар саны көбейді. Сонымен қатар, әкімшілік қадағалаудан да бұл кездегі арнайы қоныс аударушылар тез құтылды.

1954 жылдың 5 шілдесінде КСРО Министрлер Кеңесінің «Арнайы қоныс аударушылардың құқықтық жағдайдағы кейбір шектеулерді алып тастау туралы» [7, 15-7-б.] қаулысы шықты. Арнайы қоныс аударушыларға жаңа құқықтық жағдай жарияланғаннан кейін, Қазақстан аумағында басқа қоныс аударушылармен бірге, белорустарда да өзгерістер басталды.

1955 жылы 20 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысының ИМБ қызметкері Попов Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданы бойынша КСРО Министрлер Кеңесінің «арнайы қоныс аударылғандардың құқықтық жағдайын өзгерту туралы» қаулысының орындалуына тексеру жүргізді. Оңтүстік Қазақстан облыстық комитеті Коммунистік Партиясының хатшысы Шаяхметовке жазылған баянхатта белорустар туралы былай жазады: *«...аудан аумағында тұрып жатқан қоныс аударылғандар, барлығы колхоздар, МТС және басқа да шаруашылық мекемелеріне бекітілген, қоныс аударылғандардың белорус контингенті ішінен жеке тұлғалар колхоздарда жұмыс істейді, алайда бұл қоныс аударушыларға оларды колхоздарға қабылдау жайлы ауыл шаруашылық ережесінде көзделген жеке арыздар бермеген, олардың қоныс аударғанға дейін, Беларусь КСР аумағында тұрып, колхоздардың мүшелері болғандығымен ынталандырды, бұрын кулак элементтері болып табылғандықтан, кейін колхоздардан шығарылды, сол себепті, қоныс орындарында тұрып, колхоздарға өтініш жазудан бас тартты»* [7, 72-б.]. 25 қаңтарда Қызылорда ауданынан құрамында 6 адам бар 1 отбасы аттанды [7, 33-б.]. 1955 жылдың 29 қаңтарында Шымкент қаласына 71 белорус келді. Құрылыс мекемесі Келес ауданының колхоздарынан 56 арнайы қоныс аударылғандарды, оларға жаңа құқықтық жағдай таралмағанына қарамастан әкеткен [7, 20-б.].

Осылайша, аз жылдардың ішінде арнайы қоныс аударушылар, белорус халқының өкілдері Оңтүстік Қазақстанның экономикалық тарихында орын алды. КСРО-ның жер аудару саясаты алуан халықтарды елімізді қоныстануына әсер етті. Белорустардың Оңтүстік Қазақстанға жер аударылу мәселесі жаңа тақырыптардың бірі және терең зерттелуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Сталинские депортации. 1928-1953. Сост. Н.Л.Поболь, П.М.Полян. Москва: Материк, 2005. 904 с. С.756.

2. **Земсков В.** Спецпоселенцы в СССР. Москва: Наука, 2005. 306 с. С.20.

3. **Ким П.Г.** Корейцы Республики Узбекистан (история и современность). Ташкент: «Узбекистон», 1993; Ким Г. Социально-культурное развитие корейцев Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1989.; Кыдырбаева Б.М. Вклад корейских переселенческих колхозов в развитии хлопководства в Казахстане // Известия корееведения в Центральной Азии. 2010. №9 (17). С.29.

4. **Ким П.Г.** Корейцы Республики Узбекистан (история и современность). Ташкент: «Узбекистон», 1993.

4. **Ким Г.** Социально-культурное развитие корейцев Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1989. С.31.

5. **Кыдырбаева Б.М.** Вклад корейских переселенческих колхозов в развитии хлопководства в Казахстане // Известия корееведения в Центральной Азии. 2010. №9 (17). С.29.

6. Түркістан облысының қоғамдық-саяси архиві, 40-қор, 9-тізімдеме, 2661-іс, 20-п.

ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫ ТУРАЛЫ (XX ғасырдың 50-жылдары)

Аққайың БАЛЫҚОВА,
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Соғыстан кейінгі бірінші онжылдықтың оқиғалары Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени дамуын түбегейлі өзгертті. Республикадағы жалпы демографиялық ахуалдың өзгеруіне әкелген басты фактор көші-қон үрдісі болды. XX ғасырдың 30-жылдарынан басталған Қазақстандағы көші-қон экспансиясы жалғасын таба берді. Республика халық саны екі көші-қон ағымы – тың және тыңайған жерлерді игеру мен ұйымдастырылған халық көші-қоны есебінен арта түсті.

Барлық облыстарда ірі өнеркәсіп нысандары салына бастады. Мысалы, 1954-1958 жылдары 730 жаңа өнеркәсіп кәсіпорындарының құрылысы салынып, пайдалануға берілді [1, 652-б]. 1954-1960 жылдары елімізге 300 мыңнан астам адам келді [2, 36-б]. 1953 жылдан бастап халықтың көші-қон құбылыстары арта түсті. 1956 жылы өзге республикалардан Қазақстанға 2298 отбасы жіберілді. Ақтөбе облысына 537 отбасы, Қарағанды облысына 236, Көкшетау облысына 585, Солтүстік Қазақстан облысына 404 отбасы, Талдықорған облысына 445, Оңтүстік Қазақстан облысына 77, Қостанай облысына 17 отбасы жіберілді. Ақтөбе, Қарағанды, Көкшетау облыстарына Белоруссиядан, Солтүстік Қазақстанға Литвадан, Талдықорған мен Оңтүстік Қазақстан облысына Молдовадан келген қоныстанушылар көптеп орналасты [3, 294-б]. 1958 жылы халық шаруашылық жоспары бойынша 18700 отбасын көшіру белгіленді. Өзге республикалардан 13500 отбасы, республика ішінде 5200 отбасы көшіру жоспарланды. Өзге республикалардан 12030 отбасы немесе 89,1 пайыз, республика ішінде 5428 отбасы немесе 104,4 пайыз қоныстанушылар келіп орналасты [4, 23-б]. Сонымен бірге, колхоздар мен совхоздарға 1878 отбасы жоспардан тыс келді, 1958 жылы 833 отбасы Қытайдан репатриацияланған азаматтар келді. Олардың көпшілігі ауыл шаруашылық саласында көптеп еңбек етті.

1958 жылы 1 қазанда Қазақстан колхоздары мен совхоздарына барлығы 20169 отбасы келді [4, 24-б.]. Жоспар бойынша 1958 жылы 18700 отбасы көшіру қарастырылса, шын мәнінде 20717 отбасы көшірілді. Колхоздарға 8820 отбасы, совхоздарға 11897 отбасы орналастырылды. 1958 жылы өзге республикалардан жоспар бойынша 13500 отбасы келу жоспарланды. Украинадан 6781 отбасы, Белоруссия Республикасынан 3965 отбасы,

Молдовадан 801 отбасы, Литвадан 702 отбасы келді. Қазақстан Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысына 569 отбасы, колхоздарға 168, совхоздарға 401 отбасы көшірілді (кесте 1).

1-кесте.

1958 жылғы қоныс аударушылар есебі [5, 14-б.].

Орналасу аймақтары	Қабылданған отбасы саны	Олардың арасында			
		Басқа республикалардан келгендер	Қазақстанның облыстары ішінде	Өзі келгендер	Қытай Хал. Рес.-сынан
Алматы	1019	-	511	19	489
Ақтөбе	1559	1208	183	168	-
Ақмола	1209	681	273	255	-
Ш.Қазақстан	874	474	337	63	-
Гурьев	319	-	319	-	-
Жамбыл	1596	1145	323	113	15
Б.Қазақстан	880	475	405	-	-
Қарағанды	1044	417	599	28	-
Қызылорда	260	-	260	-	-
Көкшетау	944	689	158	97	-
Қостанай	2782	1987	317	478	-
Павлодар	1192	721	294	177	-
С.Қазақстан	1763	1424	209	130	-
Семей	622	295	269	58	-
Талдықорған	689	-	340	20	329
О.Қазақстан	3417	2514	631	272	-
Қорытынды	20169	12030	5428	1878	833

1955-1958 жылдары Қытай Халық Республикасынан репатриацияланған 11892 отбасы кеңес азаматтары келді. Ал, тұтастай осы уақыт ішінде елімізге 80708 отбасы көшірілген екен. Олардың арасында 160 мың адам еңбекке қабілетті жастағылар болатын [4, 23-б.]. 1954-1958 жылдары Қытайдан Қазақстанға 10950 отбасы Кеңес азаматтары репатриацияланды (кесте 2). 1954 жылы 2531 отбасы, 1955 жылы 7586 отбасы, 1958 жылы 833 отбасы көшірілген. 1953-1958 жылдары Қазақстанға 66960 отбасы жұмысшыларын қоныстандыру қарастырылғанмен, шын мәнінде, 68200 отбасы келген.

2-кесте. 1958 жылы 1 қазанда Қазақстанға Қытай Халық Республикасынан репатриацияланған Кеңес азаматтарының келуі, қабылдануы, ішкі қоныс аударуы туралы ақпарат [4, 29-б.].

Облыстар атауы	Қоныстану жылы және отбасы саны			Барлық қабылданған	1/Х-1958 ж. барлық отбасы саны	Өз ұсынысы бойынша қоныстанушылар	
	1954	1955	1958			Облысқа келгендер	Облыстан кеткен
Алматы	110	250	389	849	2695	1846	-
Ақтөбе	278	305	-	583	180	-	403
Ақмола	-	501	-	501	129	-	372
Ш.Қазақстан	113	86	-	199	769	570	-
Гурьев	-	-	-	-	-	-	-
Жамбыл	193	398	15	606	225	-	381
Б.Қазақстан	1	692	-	639	60	-	633
Қарағанды	211	603	-	814	604	-	210
Қызылорда	-	79	-	79	-	-	79
Көкшетау	271	918	-	1189	361	-	828
Қостанай	250	1100	-	1350	684	-	666
Павлодар	254	1204	-	1458	433	-	1028
С.Қазақстан	247	319	-	566	100	-	466
Семей	146	400	-	546	1269	-	-
Талдықорған	107	300	329	736	4250	3514	-
О.Қазақстан	350	431	-	781	83	-	698
Барлығы	2531	7586	833	10950	11842	6653	5761

1959 жылы колхоздар мен совхоздарға 17400 отбасын көшіру жоспары қарастырылса, барлығы 17655 отбасы көшірілген. Облыс арасында көшіру жоспары 5000 отбасы болғанмен, 5088 отбасы көшірілді. Республика аралық көшіру жоспары 12400 отбасы болса, 12567 отбасы көшірілген. Қытайдан 6680 отбасы репатриацияланған [6, 1-б.]. Республика аралық қоныстандыру жоспарларының орындалуы мынадай болып отыр: жоспар бойынша 12400 отбасы көшіру қарастырылса, 12567 отбасы көшіп келді. Украинадан 5000 отбасы, Белоруссиядан 5000 отбасы, Молдовадан 1016 отбасы, Литвадан 403 отбасы көшірілген. Украинадан келген қоныстанушылар Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл облыстары, Батыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Павлодар облыстарына көптеп орналасты. Белоруссиядан келген қоныстанушылар Ақмола, Шығыс Қазақстан облысы, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай облысына орналасты. Молдовадан келген қоныстанушылар Павлодар облысына орналасты. Литвадан келген қоныстанушылар Солтүстік Қазақстан облысына орналасты [6, 1-б.]. Қазақстанға Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен жұмысшылар тобы ұйымдасқан жұмыстарға көптеп келді (кесте 3).

3-кесте. 1959 жылы өзге республикалардан келушілердің жоспары [6, 6-б.].

Республикалар	Жоспар бойынша	Жіберілген жұмысшылар
Украина КСР	28200	29544
Белоруссия КСР	3800	4602
Өзбек КСР	6000	5346
Литва КСР	1800	2411
Молдава КСР	4000	3881
Барлығы	43800	45784

1953-1959 жылдары арасында қоныстанушылар жоспары бойынша 84360 отбасын көшіру жоспарланса, барлығы 93373 отбасы келген екен.

Республикаға ең ірі көші-қон дүрмегі уақыты бойынша ірі өнеркәсіп құрылыстарымен сәйкес келетін тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты жүрді. Осы кезеңде Қазақстанға астық шаруашылығын жедел өркендету ісіне басты рөл беріліп, соған байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің материалдық-техникалық базасы құрыла бастады. Жаңа колхоздарды, совхоздар мен МТС-тарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету міндеті өткір мәселеге айналды. Тың және тыңайған жерлерді игеруге Қазақстанға

1954-1962 жылдары 2 млн-ға жуық адам келді [1, 652-б.].

Тың игеру негізінен басқа республикалардың жұмыс қорларын тарту арқылы жүзеге асқан еді. 1960-1965 жылдардағы Солтүстік Қазақстан халқының 61 пайызға артуы республика аралық көші-қон есебінен жүзеге асты. Нәтижесінде бұнда қоғамдық өмірді интернационалдандыру үрдісін жеделдетуші этносаралық, әлеуметтік-мәдени аймақ қалыптасты. Сонымен қатар, көші-қон легінің тым ауқымды, әрі бақылаудан тыс болуы келеңсіз жәйттарды да туғызды. Мәселен, жұмыс күші жеткілікті көші-қон легінің аудандары өз азаматтарын тың игеруге жіберіп, уақыт өте келе олардың өздері де жұмыс күшінің тапшылығын сезіне бастады. Сонымен бірге, бақылаудан тыс көші-қон Қазақстанның ұлттық құрамында қазақ халқының үлесін 30 пайызға төмендетті. Соның салдарынан қазақ тіліне, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени өміріне қауіп төніп, демографиялық проблемалар ушықты.

Көші-қон ауыл тұрғындарының, әсіресе, тыңның орталығы – Солтүстік Қазақстан облыстарында жедел өсуіне әсер етті. Халықтың механикалық өсімі 1953 жылмен салыстырғанда 1955 жылы Целиноград облысында 96 есе, Қостанай облысында 23 есе ұлғайды. Жалпы, 1959 жылғы халық санағы бойынша республикадағы ауыл тұрғындарының саны 19 пайызға, ал тың өлкесінде осы уақыттың ішінде – 83 пайызға артты. Ал Қазақстан халқының жалпы санындағы ауыл тұрғындарының үлес салмағы 56,3 пайызға дейін төмендеді (кесте 4) [1, 653-б.].

4-кесте. 1950-1960 жылдардағы Қазақстан халқының саны [7, 5-б.].

Жыл	Халық саны, мың адам	Оның ішінде		Барлық халыққа шаққанда %	
		Қала халқы	Ауыл халқы	Қала халқы	Ауыл халқы
1940	6148	1833	4315	30,0	70,0
1950	6522	2463	4059	37,8	62,2
1951	6733	2657	4076	39,5	60,5
1952	6987	2807	4180	40,2	59,8
1953	7084	2929	4155	41,3	58,7
1954	7252	3050	4202	42,1	57,9
1955	7596	3169	4427	41,7	58,3
1956	8174	3345	4829	40,9	59,1
1957	8457	3532	4925	41,8	58,2
1958	8748	3768	4980	43,1	56,9
1959	9654	4037	5117	44,1	55,9
1960	9678	4302	5376	44,5	55,3

XX ғасырдың 50-жылдарындағы көші-қон үрдістерінің нәтижесінде Қазақстан көп ұлтты республикаға айналды. 1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағының деректері бойынша қазақ халқының саны небәрі 474 мыңға көбейіп, республиканың ұлттық құрамында үлес салмағы 30 пайызды құрады. Бұл уақыттың кең ауқымдағы көші-қон экспансиясының мезгілі деп сипаттауға болады. Соның салдарынан жергілікті халықтың үлесі күрт азайып, негізінен еуропалықтардың, әсіресе, орыстардың саны еселеп артты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы. 4-том. Алматы: Атамұра, 2010. 652-б.
2. Базанова Н.Ф. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. Алма-Ата, 1987. С. 36.
3. ҚР ОММ. 1987-қор. 1-тізбе. 66-іс. 294-б.
4. ҚР ОММ. 1987-қор. 1-тізбе. 92-іс. 23-б.
5. ҚР ОММ. 1987-қор. 1-тізбе. 91-іс. 14-б.
6. ҚР ОММ. 1987-қор. 1-тізбе. 102-іс. 1-б.
7. Народное хозяйство Казахстана в 1968 г. // Статистический сборник. Алма-Ата, 1968. С. 5

КСРО ТІЛ САЯСАТЫ – ҰЛТ САЯСАТЫНЫҢ БӨЛІГІ

Айман ЖҰМАНОВА,
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының доценті, PhD

Тіл – бірегейлендірудің негізі, әрі этникалық нышан ретінде қарастырылады. Мәдениетте әрбір феномен этникалық нышан сипатына ие болуы мүмкін. Орыстарда ұлттық символ ретінде Георгий Победоносецтің бейнесі қалыптасады, қазақтарда Алаш бейнесі, солтүстік ирландиялықтарда – Арарат. Алайда көбінесе ұлттық мәдениет, идеология мен сезім тілде жинақталады. Тіл этностар арасындағы айырмашылықтың басты белгісі ретінде түсіндіріледі және басты этникалық құндылық. Бірегейлік пен мәдениеттілікті зерттеу мақсатында КСРО кезінде одақ республикаларында, оның ішінде РСФСР автономдық республикаларында жүргізілген этноәлеуметтік зерттеу этникалық бірегейлік ретінде тілге аса көп мән берілетіндігін анықтады [57].

XX ғасырдың 70-80-жылдарында «КСРО ұлттарын дамытудың және жақындастырудың әлеуметтік-мәдени жағдайларын оңтайландыру» жобасы бойынша КСРО ҒА этнографиясы институтының ғалымдары жүргізген зерттеулер бойынша эстондардың, грузиндердің, өзбектердің, молдавандардың, қазақтардың 70-80 %-дан астамы тіл белгісі бойынша өздерін бірегейлендірген [58].

Тілдің рөлі психологиялық факторды шоғырландырушы ретінде және халыққа санақ жүргізу нәтижесінде бекітілген. Халықтың барлық одақтық санағында қолданылған «ана тілі» ұғымы нақты тілдік мінезіне әсер етті. Атап айтқанда, этникалық өзін-өзі тану элементі ретінде, яғни өзінің этникалық тұтастығының тілі ретінде көрсетілді. Бұл ретте халықтың көпшілігі үшін ана тілі туралы деректер тұрақты түрде қалып отырды. КСРО кезінде адам тарихында болып көрмеген эксперимент жүргізілді. Кеңес одағы құлдырау сәтінде 1991 жылдың соңында 15 ұлттық мемлекеттен – одақтас республикадан тұрды және титульды этностардың саны бойынша мынадай динамиканы құрады (1-кесте).

1-кесте. Титульды этностардың саны.

Барлық тұрғындар Титульды этностар	Жылдар			
	1959	1970	1979	1989
1	2	3	4	5
Орыстар	114,1	129,0	197,4	145,1
Украиндықтар	37,3	40,8	42,3	44,2
Белорустар	7,9	9,1	9,5	10,0
Молдавандар	2,2	2,7	3,0	3,4
Литвалықтар	2,3	2,7	2,9	3,1
Латыштар	1,4	1,4	1,4	1,5
Эстондар	1,0	1,0	1,0	1,0
Әзербайжандар	2,9	4,4	5,5	6,8
Армяндар	2,8	3,6	4,2	4,6
Грузиндер	2,7	3,2	3,6	3,9
Өзбектер	6,0	9,2	12,5	16,7
Қазақтар	3,6	5,3	6,6	8,1
Тәжіктер	1,4	2,1	2,9	4,2
Түркімендер	1,2	1,6	1,8	1,9
Қырғыздар	1,0	1,5	1,9	2,5

1959, 1970, 1979, 1989 жылдары Бүкілодақтық санақ негізінде есептелген. Кеңес өкіметінің Ресей империясы-

нан мұра ретінде тұрғылықты халықтың жерлерін зорлықпен тартып алған отаршылдық мұрасы қалды. Қысқаша айтқанда КСРО-дағы ұлттық-мемлекеттік құрылыстың негізгі кезеңдері келесідей:

1. 1918-1922 жылдар. Бұл кезеңде Ресей империясының аумағында тәуелсіз ұлттық мемлекеттер қатары қалыптасты, РСФСР аумағында ұлттық мемлекеттік білім құрылды. Польша, Финляндиядан бөлек дербес мемлекет ретінде Украина, Белорусь, Армян. Әзербайжан, Грузин, Латыш, Эстон, Хорезм, Бұхар республикалары болды.

РСФСР құрамында автономдық республикалар пайда болды – Түркістан, Карель, Горск, Дағыстан, Чуваш. Удмурт.

1922 жылдың соңында КСРО құрылды, оның құрамына РСФСР, УССР, БССР, Закавказье Федерациясы.

2. 1923-1924 жылдары Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік шекаралар межеленіп бөлінді, Түркістан автономды республикасының базасында Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан одақтас республикалары және 2 автономды облыс құрылды. Осы өңірлерде ұлттық өзін-өзі тану өсімінің нәтижесі болды.

1936 жылға дейін ұлттық мемлекеттік құрылымдар пайда болып, саны артып, олардың мәртебелері өзгерді.

Дәл осы кезеңде заманауи Қазақстанның солтүстігінде, шығысында, батысында және оңтүстігінде Қазақ жерлері белгіленіп, РСФСР құрамында Қырғыз автономды республикасы пайда болды.

1936 жылы 5 желтоқсанда КСРО Конституциясының қабылдануы КСРО-да ұлттық саясаттың жаңа кезеңдерін белгіледі. Қазақстан одақ республикасы болып қайта құрылды, бұл Қазақстан халқы үшін тарихи маңызды кезең болды. Сонымен қатар осы жылдары әкімшілік аумақтық құрылымда және мәдени саясатта ұлттық ерекшелік есебіне арналған курс ұлттық өмірді бірегейлендіру курсымен ауыстырылды, оның салдарының бірі – орыс тілінің күшейюі. Орыс тілі рөлінің күшеюіне және кеңеюіне байланысты саяси және мәдени өмірде одақтас республикалардың титульды этностарының рөлін күшейту процесі қатар жүрді. Нақты өмірде мықты әскерге дейінгі елді индустрияландыру, шығыс өңірлерін, оның ішінде Қазақстанды өнеркәсіптік дамыту, елді орталықтандыру талабы орыс тілінің жоғары қажеттілігіне әкелді, сонымен қатар бір уақытта қазақ тілінің қолданысын тарылтты.

Мансаптық өсу үшін орыс тілін еркін білу талабы мәдениетте, білімде одақтас республиканың тұрғылықты этностары тілдерінің қолданысын екінші орынға ысырды, кейін олардың мүлдем жойылып кету қаупі де туындады.

3. 1930 жылдың екінші жартысынан бастап 50-жылдардың ортасына дейінгі жиырма жылда Қазақстан ұлттық-мемлекеттік дамыту саласында Қыр Шығыстан корей тұрғындарының, КСРО-ға Украина және Белорусияның батыс аймақтарының қосылғаннан кейін поляк халықтарының Қазақстанға жер аударылуымен ерекшеленеді. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанға гитлерлік Германиядан басып алған аумақтарынан 180-нен астам өнеркәсіптік кәсіпорын, 630-дан астам бейбіт халық көшірілді. Осы жылдары Қазақстанға

Поволжьяның немістері, Солтүстік Кавказдың мұсылман халқы, Қырым тұрғындары жер аударылды. 1956-1957 жылдары қоныс аудару нәтижелері аздап жойыла бастады. Осы кезеңде Қазақстан орыс тілді халықтың мықты толқынын бастан кешірді. Тыңды игеруге жүз мыңдаған жастар келді, олардың бәрі отбасын құрып, Қазақстанның солтүстік аумағының тұрғындарына айналды. Сонымен қатар орыс тілді және басқа тілді халықтың көптеп келуі 1959 жылғы Бүкілодақтың санақ кезінде анықталды. Сол кезде қазақтар республика тұрғындарының бар болғаны 29%-ын құрады, халықтың этнодемографиялық құрылымының осылайша түбегейлі өзгеруі қазақ тіліне өз әсерін тигізбей қойған жоқ.

4. 1956-1957 жылдары және 1980 жылдардың соңына дейін ұлттық саясатта соғыс алды жылдарының үрдістері өз салтанатын құрды. Саяси ырықтандыру аясында одақтас республиканың титульды этностарының мәдениеті мен тілдерін «тежеу» үрдісі жалғасын таба берді. Әсіресе, бұл мектептік және жоғары білім беруге айрықша әсерін тигізді. Осы жылдары орыс тілін оқытуды жақсарту туралы ОК мен Үкіметтің қаулысы шықты.

5. Ахуал қайта құрудың басталуымен, әсіресе, 1980 жылдардың аяғынан және КСРО ыдырағаннан кейін түбегейлі өзгере бастады. Ахуалдың түбегейлі өзгеруі одақтас республиканың титульды этностардың тілдері мен мәдениетінің рөлін күшейту саясаты басым болды. Бұл туралы Қазақстанда 1989 жылы қабылданған «Тілдер туралы заң» растайды. Басқа одақтас республикалардағы сияқты Қазақстанда мемлекеттік тіл туралы заң қабылданды. Осы кезеңде Қазақстанды этносаяси дамытудың ерекшелігі этникалық басымдылыққа әдепті дау-дамайсыз бағдарлану болып табылады, Бұл Г.К.Колбиннің орнына келген Қазақстан басшылығының саяси, мәдени сауаттылығын, көрегендігін дәлелдейді. Қазақ тілінің болашағы туралы қамқоршылық таныту, оған мемлекеттік мәртебе беру Қазақстанда тұратын барлық этностар тілдерінің қолданысы мен дамуына қолдау көрсетіп сақтау туралы Н.Ә.На-

зарбаевтың президенттік өкілеттігінің басталған сәтінен бастап өз нәтижесін берді. Бұл жағдай мемлекеттік тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Қазақстандағы тіл саясатының іргетасына айналды.

Ұлттық саясат мемлекеттің тиісті саяси құжаттары мен құқықтық актілерінде бекітілген ұлттар мен этникалық топтардың өзара қарым-қатынасын реттеу жөніндегі мақсатқа сай қызмет болып саналады [59].

РЕЗЮМЕ

Языковая политика для новых постсоветских стран стала важнейшей частью национально-государственного строительства. В бывших советских республиках языковая политика реализовывалась различными путями. Например, в прибалтийских республиках (Латвия, Эстония, Литва), несмотря на малочисленность коренного населения, языки титульных этносов преобладали и применялись во всех сферах общественной жизни.

Language policy for the new post-Soviet countries has become an important part of the national-state construction. In the former Soviet republics, language policy was implemented in various ways. For example, in the Baltic republics (Latvia, Estonia, Lithuania), despite the small number of indigenous population, the languages of the titular ethnic groups prevailed and were used in all spheres of the public life.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жумашев Р.М., Ныгметулы Д. Из истории языковой политики в Казахстане в XX в. // Матер. междунар. науч. форума «Языковое образование в условиях социокультурной трансформации современного общества». – Караганды, 2016. – С. 284-286.

2. Оптимизация социально-культурных условий развития и сближения наций в СССР / под ред. Ю.В. Арутюняна. – М.: Институт этнографии АН СССР, 1985. – 213 с.

3. Тавадов Г.Т. Политология: учебное пособие. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2000. – 416 с.

«ҚЫЗ АЛЫСПАЙТЫН ЖЕР»

Кеше мынадай бір жағдай болды. Бір тойға жаңа түскен келіннің бетін ашуға барғанмын. Той болатын мейрамханаға барып, той қонақтары жазылған тізіммен таныстым. Отау құрып жатқан жігіт Он екі ата Байұлының ішінде «Шеркеш» руынан екен. Нағашылары – Он екі ата Байұлының ішінде «Ысықтар». Тізімді әрі қарай оқи бастадым. Бір кезде «Жаңақұдалар – Табындар», – деп жазылып тұр екен. Табынның қайсысы екен? – деген ой келді (Табындар бір-бірінен қызалысады). Сонда да сұрастыра бастадым. Бір уақытта Қаражон Табын екені белгілі болды (Бірден бір-екі жігітке хабарласып қойдым. Жаңа құдалары тікелей менің үлкен аталарымнан тараған болса, маған бет ашуға болмайды). Қаражоннан Ысық, Нәдір, Болат үш бала тарайды. Үш атаның балалары кешегі күнге дейін бір-бірінен қыз алмаған. Кейіннен жеті атадан тағы бірнеше ата асып кеткеннен кейін үш атаның балаларына бір-бірінен қызалуға рұқсат етілген. Қаражонның қайсысы деп әріқарай сұрастырдым. Бірақ, анығын білетін адам табылмады. Жаным тыныштық таппай, мейрамханның төменгі қабатына түссем, өзім жақсы араласып жүрген Абай деген (Қаражон Ысық) ағам тұр екен. Амандасып, құшақтасып, хал жағдай сұрасып алдық.

– Қонаққа келдіңіз бе, аға?

– Иә, осында бір қарындасымыз келін болып түсіп жатыр. Қарындасымыз болғанда... маған нағашылығы бар.

Сенің жақын қарындасың. Қаражон Болат Құрман, – деді Абай ағам. Мен болған жайды қысқаша түсіндірдім де, жанталасып бет ашатын адам іздей бастадым. Той басталуға жақын. Асаба, не болып кетті, – деп түсінбей жүр. Мен оны ұятқа қалдырмауым керек. Сасқанда «Бет ашып» жүрген жігіттер де бірден еске түспей жатыр. Бір жерлерден... туған қарындасы болмаса болды емес пе? Аша бермейме? Ақшасын алса болды емес па? – деген сөздер де естіліп қалды. Жоооқ, мен біліп тұрып олай жасай алмаймын. Келін болып түсіп жатқан қарындасымның ата-анасын жақсы танымасам да, жақсы араласпасам да, түптеп келгенде «қызалыспайтын жер» болғасын болды. Содан Ақыл деген досыма тел шалдым.

– Ақыл, қазір боссың ба? Сондай жағдай болып тұр. Өтініш! Келе аласың ба?

– Ол. Иә, босын. Болды, түсіндім. Қазір барамын, – деді. Қуанып кеттім.

PS. Тағы да айтамын. «Мұндайға мән бермесе де боладығой?» дейтіндер болуы мүмкін. Жоооқ олай емес. Мән беру керек. Біздің қазақ халқының мәдениеті осындай салт-дәстүрімізбен, қазақи қағидамызбен ғана ерекше. Біздің басқа елден артықшылығымыз осындай салт-дәстүрімізде. Сыйластығымызда. Ар-ұятымызда.

Қайрат НҰРЛЫҚАСЫМҰЛЫ,
Фейсбук паракшасынан.

КУЛЬТУРА И ЯЗЫКИ НАРОДОВ СЕВЕРОВОСТОЧНОЙ АЗИИ: формирование и поддержание идентичности

К.СМАГУЛОВА,
КазНУ им. Аль-Фараби факультет Международных
отношений кафедра дипломатического перевода
кандидат философских наук, доцент
Л.КОТИЕВА,
кандидат философских наук, доцент

В наши дни довольно редко можно встретить язык, который не претерпевал хотя бы небольшие изменения в период своего формирования. Потребность в установлении и развитии контактов между людьми и группами вынуждает носителей одного языка находить способы общения с другими, тем самым опираясь на культурно доминирующие языки. И чаще всего влияние осуществляется преимущественно в одном направлении. Предположительно, язык страны, преобладающий в определенном регионе, имеет больше возможности оказывать влияние на языки соседних и близ лежащих народов, нежели испытывать на себе их воздействие.

Таким образом, древнекитайский язык **гуйвэнь** (кит. 古文 *gǔwén*), и соответственно китайский литературный язык – **вэньянь** (кит. 文言 *wényán* «культурная речь» или «речь письмен»), использовавшийся в Китае до начала XX века, который также образно называют «латынью Дальнего Востока», на протяжении многих веков играл значительную роль в формировании китайского, японского и корейских языков, а также повсеместно отражался в культуре Китая и соседних стран [1].

Китайский язык (кит. 汉语 *hànyǔ*) – один из самых уникальных и древнейших языков на земле с 4 тысячелетней историей. Он отражает традиционные особенности китайской цивилизации и до сих пор является единственным общепринятым методом записи китайского языка.

В письменном китайском языке (中文 *zhōngwén*) не используется алфавит подобно латинскому языку, но существует иероглифика, где иероглифический знак или иероглиф (汉字 *hànzì*) обозначает слог или слово. И за всю свою многовековую историю китайская иероглифика претерпела значительные изменения.

Древнейшими из всех обнаруженных в наши дни артефактами, свидетельствующими об использовании китайской письменности, являются надписи (甲骨文 *Jiǎgǔwén*) на черепаших панцирях и костях животных, принесенных в жертву, в период Шан-Инь (商朝 *Shāngcháo* или 殷代 *Yīndài*), датируемые XIV–XI веками до н. э. [2].

Со времен образования единственной письменной системы и на ее основе, вэньянь продолжал непрерывно функционировать на протяжении всей последующей истории Китая. Основной причиной формирования различных диалектов являлось то, что символы передавали значения слов, а не звуки, что, тем самым, дало им возможность самостоятельно развиваться в пределах разных государств. Со временем диалекты, образовавшиеся на севере и отличавшиеся от южных значительно большим

единообразием, стали основой для формирования гуаньхуа (кит. 官话 *guānhuà* «чиновничья речь»). Он использовался как официальный язык китайской империи, на котором писались все важные документы, и разговаривали чиновники и правители. А языком простолюдинов назывался байхуа (кит. 白话 *báihuà* «повседневный язык»), использовавшийся только в устной речи, тем самым указывая на четко расставленные границы между высшим и низшим слоями общества [3].

История современного китайского языка вместе с тем тесно связана как с вэньянь, так и с байхуа. И, начиная с эпохи Сун (宋朝 *Sòngcháo*, 960–1279 г.н.э.), эти два языка параллельно сосуществовали. Однако сферы их использования были явно разграничены. Вэньянь, чьей отличительной чертой были точность и лаконичность выражений, предпочтительно использовался в области науки, техники, политики и администрации. Не говоря уже о заметном различии в их использовании в литературе: средневековые философские прозы (古文 *gǔwén*) и новеллы (传奇 *chuánqí*) писались на вэньяне, в то время как для рассказа, драмы и романа использовался язык байхуа [4].

В начале XX века началась кампания за искоренение безграмотности среди населения. К тому времени уже стало ясно, что существующая система письменности слишком сложна для овладения ей всеми слоями населения. И после студенческого движения 4 мая 1919 года байхуа, являясь наиболее близким к разговорной норме китайского языка, вытеснил вэньянь из художественной литературы, а после образования Китайской Народной Республики в 1949 и вовсе из официальных документов, и впоследствии создал лексическую и грамматическую основу для официального современного разговорного и литературного китайского языка – путунхуа (кит. 普通话 *pǔtōnghuà* «общий язык») [5].

Корейский язык (кор. 조선말 *chosŏnmal*; 한국어 *hangugŏ*) – один из самых своеобразных языков, происхождение которого, как и происхождение самого народа, до сих пор неизвестно. Однако его история начинается с первых веков новой эры, в период Самхан (삼한 *Samhan*, 108 г. д.н.э. – 303 г. н.э.) ранних корейских государств (원삼국시대 *Won-samguk Sidae*) и времен образования китайских иероглифов ханча (한자 *hanja*) и классического китайского литературного языка ханмун (한문 *hanmun*). Вследствие распространения буддизма и географически близкого расположения к Корейскому полуострову, их проникновение и укоренение в

корейской письменной литературе были лишь вопросом времени. В то время как сам корейский язык, аналогично байхуа, использовался как язык общенационально вплоть до начала XX века [6].

Подобно тому, как в Китае умение писать на литературном языке вэньянь высоко ценилось среди высшего общества, знание ханмуна стало показателем образованности и благосостояния человека и среди корейского народа. На нем так же писались стихи, художественные прозы, научные и философские трактаты. Для того чтобы его понимать требовалось глубокое знание конфуцианской (или буддистской) литературы, а также и само умение писать сочинения и слагать стихи на ханмуне. Таким образом, письменный китайский язык служил средством общения с внешним миром и открывал доступ к тайнам китайской мудрости.

После распространения китайской письменности, в силу того, что китайские иероглифы в ханмуне несли смысловую, а не фонетическую нагрузку и были сложны для написания и понимания, их было невозможно приложить к устной корейской речи. Вскоре возникла необходимость в создании собственной письменности иду (이두 *idu* «чиновничье письмо»). Письменность иду, состоявшая из сокращенных и видоизмененных китайских иероглифов, которые употреблялись, прежде всего, как фонетические слоговые знаки, использовалась в делопроизводстве и частной переписке. Ее появление стимулировало первый период расцвета корейской поэзии на родном языке – стихотворений в жанре хянга (향가 *hyangga*) [7].

В первой половине XV столетия, во времена культурного и политического расцвета Кореи, по указу короля Сечжон Великого (1418 – 1450 гг.) была создана новая корейская письменность – хунминчонг (훈민정음 *Hunminjeongeum* «правильные звуки для обучения народа»), позволявшая простым людям понимать письменность на своем языке. Корейская письменность более не состояла из иероглифов со значением слов, а представляла собой алфавит из букв, сочетавшихся в слоговые знаки на основе определенных правил. Однако, несмотря на значительный прорыв в истории культуры Кореи, нововведенная письменность, считавшаяся языком бедного слоя общества, так и не нашла своего применения вплоть до конца XIX века. А до тех пор широко использовалась для сочинения песен-сиджо (시조 *sijo* корейские трехстишия), народных повестей, романов и новелл [8].

В конце XIX века, попытки Японии, проводившей политику культурной ассимиляции, распространить своё влияние на Корейском полуострове привели к поднятию национального движения. И, во время реформы Кабо (кор. 갑오개혁 *Gabogaehyeok*, 1894) современная корейская письменность – хангыль (한글 *hangu*l «великое письмо») впервые появилась в официальных документах и стала национальным символом. В это время корейская письменность была смешением двух письменностей, наподобие смешанной японской системы, где лексические корни записывались на ханче, а грамматические формы на хангыле. Однако в 1945 году после получения независимости от Японии хангыль стал использоваться в качестве единственной официальной письменности, а ханча продолжают активно использовать в публикациях, названиях, именах и т.д. [9].

Японский язык (яп. 日本語 *nihongo*) – один из

самых оригинальных языков во всем мире, происхождение которого так же неизвестно. Однако доказано, что его формирование достаточно тесно связано с его отношениями с Китаем и Кореей.

Предположительно в VI в. н. э. под активным влиянием китайской и корейской культур и вместе с приходом государственного устройства, ремесел, буддизма, культуры и искусства, в Японии появляется письменность.

Вследствие значительной разницы в ударении, морфологии, синтаксисе и использовании тонов, китайская письменность в Японии претерпела ряд изменений; и была адаптирована под слоговой формат японского языка. Таким образом, первая форма японской письменности называлась маньёгана (яп. 万葉仮名 *man'yōgana*), в которой японские слова записывались – кандзи (漢字 *kanji* «ханьские буквы») схожими по звучанию китайскими иероглифами. И на ее основе, в VII веке благодаря буддийскому монаху, появляется катакана (片仮名 *katakana* простые усеченные слоговые знаки), а в VIII веке представительница дворянского рода Хэйан создает хирагану (平仮名 *hiragana* скорописные округлые знаки) для записи поэмы, новелл и дневников.

Параллельно с камбуном (漢文 *kanbun* «китайское письмо»), основанный на вэньянь, который читался на японском языке, но, вышедший из употребления в середине XIX века, ведущей литературной формой японского языка был бунго (文語 *bungo* «литературный язык»), ориентировавшийся на грамматические нормы классического японского языка эпохи Хэйан [10].

В эпоху Сэнгоку (戦国時代 *Sengoku Jidai* «эпоха воюющих провинций») в XVI веке Япония, ослабленная внутренними междоусобицами, становится открытой для внедрения иностранных технологий, религий, а также заимствованных слов гайрайго (外来語 *gairaigo*) со стороны португальцев и других представителей европейских государств. И, благодаря политическому деятелю Тоётоми Хидэёси с появлением типографического пресса, начала расти грамотность населения и замечается относительное выравнивание диалектов. Однако после прихода к власти Токугавы Иэясу в 1603 году, Япония становится закрытой страной, и иностранное влияние заметно снизилось.

Вскоре после Реставрации Мейдзи (明治維新 *Meiji Jishin*, 1868–1889) в Японии начал проводиться комплекс политических, военных и социально-экономических реформ. Посредством возобновления отношений с европейскими государствами и бурного развития литературы в японском языке начинают появляться заимствования из английского, немецкого и других европейских языков, адаптируя их произношения под японскую фонологию. И в XX веке окончательно устраняются несоответствия устной и письменной речи, а бунго выходит из употребления за исключением официальных документов, где использовался еще до 1945 г. После поражения во Второй мировой войне предложение со стороны стран антигитлеровской коалиции об упрощении японской письменности и перевод языка на латиницу так и не было введено, но был проведен пересмотр и составлен список нормативных иероглифов [11].

В настоящее время китайский язык известен как самый широко распространенный язык и занесен в Книгу рекордов Гиннеса как один из самых сложных языков мира. Он входит в китайско-

тибетскую (сино-тибетскую) языковую семью. И за всю свою историю китайская письменность и китайские иероглифы эволюционировали значительно изменились.

Далее приведен пример поэтапной эволюции иероглифов.

солнце	☉	日	日	日	日
луна	月	月	月	月	月
огонь	火	火	火	火	火
вода	水	水	水	水	水
баран	羊	羊	羊	羊	羊
лошадь	馬	馬	馬	馬	馬

Картинка (1): Шан-Инь (2 тыс. до н. э.) → Чжоу (1 тыс. до н. э.) →

Хань (III в. до н. э. – III век н. э.) → Цзинь (IV в. н. э.) → Современное написание [12].

Первые попытки ввести систематически упрощенные иероглифы *цзяньтицзы* (简体字 *jiǎntǐzì*) в китайском письме были предложены во время японской оккупации (1930-1940), параллельно с упрощением японских иероглифов *Синдзитай* (新字体 *shinjítai* «новые формы знаков», 1946). Некоторые их новых японских иероглифов были схожи с теми, которые используются в упрощенном китайском письме. Однако большая часть осталась неизменной. Таким образом, современные японские кандзи более близки к традиционным, чем к упрощенным китайским знакам.

Сравнение некоторых традиционных, упрощённых китайских и японских упрощённых форм иероглифов				
	Традиционные	Упрощённые в Китае	Упрощённые в Японии	Перевод
Упрощённые в Китае, но не в Японии	電	电		электричество
	買	买		покупать
	開	开		открывать
	東	东		восток
	車	车		автомобиль
	時	时		время
Упрощённые в Японии, но не в Китае	語	语		язык, речь
	佛	佛	仏	Будда
	惠	惠	恵	услуга
	德	德	徳	добродетель
	拜	拜	拝	молиться кому-либо
	黑	黑	黒	чёрный
	冰	冰	氷	лёд

Упрощённые по-разному в Китае и Японии	聽	听	聴	слушать
	龍	龙	竜	дракон
	賣	卖	売	продавать
	歲	岁	歳	возраст, год
	藝	艺	芸	искусство
	樂	乐	楽	радость, веселье
Упрощённые одинаково в Китае и Японии	氣	气	気	воздух, дух
	聲	声	声	голос, звук
	學	学	学	учить
	體	体	体	тело
	貓	猫	猫	кошка
	會	会	会	мочь; встречать
	國	国	国	страна
	醫	医	医	медицина

Таблица (1): Сравнение некоторых традиционных, упрощённых китайских и японских упрощённых форм иероглифов [13].

В 1956 в официальном предложении упрощения иероглифов (汉字简化方案 *hànzìjiǎnhuàfāng'àn*) список упрощённых иероглифов лишь частично совпадал с синдзитай. А в 1964 г. упрощённые иероглифы получили официальный статус с выпуском «Сводная таблица упрощения иероглифов» (简化字总表 *jiǎnhuàzìzǒngbiǎo*) [14].

Полный словарь китайских иероглифов *Чжунхуацзыхай* (中華字海 *zhōnghuázihǎi* «Море китайских иероглифов») издания 1994 года содержит 85 568 иероглифов. Однако большую часть из них можно встретить лишь в памятниках классической китайской литературы, а для понимания 99% современного китайского текста требуется знание около 2400 основных иероглифов [15].

На сегодняшний день наиболее популярной является алтайская гипотеза, согласно которой японский язык родственен корейскому (в рамках пусских языков), а далее – тунгусо-маньчжурским, монгольским и тюркским языкам. Грамматически японский близок к корейскому языку, а некоторые лексические совпадения приближают японский к другим алтайским языкам.

Корейский язык	Японский язык	Перевод
것 кот	こと кото	вещь
섬 сом	島 сима	остров
밑 мит	下 мото	низ
위 уи	上 уэ	верх
곰 ком	クマ кума	медведь
칼 кхаль	カール кару	нож
불 бум	ブーム буму	стрела

Таблица (2): примеры, свидетельствующие о лексическом сходстве языков [16].

Современная японская письменность состоит из кандзи, наряду с иероглифами японского происхождения – кокудзи (国字 *kokuji* «национальные иероглифы»), в основном для записи имён существительных, основ глаголов и прилагатель-

ных. А также из двух слоговых азбук каны (仮名 *kana* «японская слоговая азбука»): хираганы для записи слов, у которых нет кандзи, например, частиц и суффиксов, и катаканы для записи гайрайго, иностранных имён, онomatопеи и научно-технических терминов и т.д. Также в Японии существует письменность ромадзи (ローマ字 *romaji* «латинские буквы») для написания японских слов латиницей. Чаще всего употребляется в учебниках японского языка для иностранцев, в словарях, на железнодорожных и уличных указателях, а также как метод ввода на клавиатуре (IME) каны и кандзи через ромадзи [17].

Корейский язык делится на северный и южный. Литературный южнокорейский основан на сеульском диалекте, а северокорейский – на пхеньянском. Система стандартизированной орфографии для корейского языка (**한글맞춤법통일안**, хангыльмаччхумбоптонхиран), основанная в 1993 году, использовалась до 1948 года, когда Корея разделилась на две части. Именно с момента издания северокорейских правил орфографии (**조선어철자법** «Чосончольчабоп») в 1954 году, хотя оно вводило совсем небольшие изменения, язык Севера и Юга начал разделяться. И, из-за того, что на Юге и на Севере главенствуют разные политические силы, их словари пополняются разными неологизмами, а различия, например, существующие уже сейчас: фонетические, пунктуационные и лексические, будут только усиливаться в будущем [18].

Юг	Север	Перевод
한반도 (韓半島)	조선반도 (朝鮮半島)	Корейский полуостров
한국전쟁 (韓國戰爭)	조국해방전쟁 (祖國解放戰爭)	Корейская война
초등학교 (初等學校)	소학교 (小學校)	начальная школа
친구 (親舊)	동무	друг

Таблица (3): Разница в словах, вызванная политическими и социальными причинами [19].

Юг		Север		
Корейский	Происхождение	Корейский	Происхождение	Перевод
트랙터	англ. tractor	뜨락또르	рус. трактор	трактор
스타킹	ам. англ. stocking	스토킹	брит.англ. stocking	чулок
폴란드	англ. Poland	폴스까	пол. Polska	Польша

Таблица (3): Разница в заимствованных словах [19].

Ханчао (한자어 *hanchao*) – один из трёх главных источников, из которых формировался лексикон корейского языка (двумя другими являются исконно корейские слова и заимствования из прочих языков, в основном, английского). Аналогично канго (漢語 *kango*) в японском, ханчао составляют около 60 % лексического запаса языка.

Перевод	Хангиль	Ханча	Японские синдзитай (кюдзитай)	Традиционный китайский (упрощённый китайский)
Погода	일기	日氣	天氣 (天氣)	天氣 (天气)
Врач	의사	醫師	医者, (醫者)	醫生 (医生)

Президент	대통령	大統領	大統領	總統 (总统)
Библиотека	도서관	圖書館	圖書館	圖書館 (图书馆)
Телефон	전화	電話	電話	電話 (电话)
Понедельник	월요일	月曜日	月曜日 (月曜日)	星期一, 周一

Таблица (4): Китайские заимствования в корейском и японском языках [20].

С течением времени и постепенным формированием термин «китайский язык» обрел многогранное значение. По мере его использования различными территориальными группами начали образовываться и разнообразные диалекты, модифицировавшиеся в значительной степени, несмотря на относительно близкое друг к другу расположение, но, сохранившие между собой родственную связь.

В наши дни в китайском языке выделяются 10 (7 основных: северная (北, самая многочисленная – свыше 800 миллионов говорящих), у (吳), сянь (湘), гань (贛), хакка (客家), юэ (粵), минь (閩); и 3 общепринятых:) диалектов. Однако путунхуа или *mandarin* («мандаринский») считается единственным официальным китайским языком, а остальные как диалекты. И по статистике Синьхуа на 2017 год около 73% населения КНР владеют им [21].

Традиционно китайцы писали сверху вниз, а столбцы шли справа налево. В настоящее время китайское, так же как и японское, и корейское, письмо пишется горизонтально, слева направо, по образцу европейских языков. Однако вертикальное письмо и дореформенная иероглифика по-прежнему используются в китайских изданиях по истории искусств, арт-периодике и т. п. Изменение стало связано с тем, что вписываемые в документы цифры и английские слова начали порождать хаос по мере внедрения иностранных слов.

Первоначально китайский язык почти не имел прямых заимствований, однако широко пользовался семантическими кальками, например, 電 – электричество, букв. молния, 电脑 – компьютер, букв. электрический мозг, 笔记本电脑 – ноутбук, букв. тетрадь-компьютер. В наши дни фонетические заимствования становятся более привычными, например, 克隆 (*kelong*) «клон». Некоторые новые заимствования начинают вытеснять существующие кальки, например, 巴士 (*bāshì*) «автобус» (от англ. *bus*) вытесняет 公共汽车, букв. общественная газовая повозка [22].

То же самое наблюдается и в традиционном японском языке, в котором использовался китайский вертикальный способ письма, татэгаки (縦書き *tategaki*) – символы идут сверху вниз, а столбцы справа налево. Этот способ продолжает широко использоваться в художественной литературе и в газетах. В научно-технической литературе и в компьютерах чаще всего используется европейский способ письма, ёкогаки (横書き *yokogaki*) – символы идут слева направо, а строки сверху вниз. Это связано с тем, что в научных текстах очень часто приходится вставлять слова и фразы на других языках, а также математические и химические формулы. В вертикальном тексте это очень неудобно. Кроме того, до сих пор нет полноценной поддержки вертикального письма в HTML [23].

Формы вежливости васэй-эйго (和製英語).

Хорошо известно, что многовековая система письменности всех трех языков, в которых сосуществуют древнекитайские иероглифы и система китайской письменности, показала хорошую приспособляемость к различным историческим условиям. Устойчивость этих систем письма обусловлена не только культурными причинами, но и наличием в языках большого числа слов, понятных только в иероглифической записи, и богатством выразительных возможностей иероглифики.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кравцова М. История культуры Китая, Санкт-Петербург-Москва-Краснодар, 2003. – 20 с.
2. Крюков М.В. Язык иньских надписей. – Языки народов Азии и Африки. – Москва, 1973. – 10 с.
3. Е.Б. Астрахан, О.И. Завьялова, М.В. Софронов. Диалекты и национальный язык в Китае. – Москва: Наука, 1985. – 29 с.
4. Зограф И.Т. Официальный Вэньянь. – Москва: Наука, 1990 г. С. – 4 с.
5. Завьялова О.И. Путунхуа и диалекты: новые реалии китайского мира. – Проблемы Дальнего Востока. № 6.2012. – 130–138 с.
6. Fischer, Stephen Roger. A History of Writing. – London : Reaktion Books, 2004-04-04. – P. 189–194.
7. Никитина М. «Классическая поэзия Индии, Китая, Кореи, Вьетнама, Японии», том 16, Москва, 1977.
8. <http://www.dprk.ru>. Особенности корейского языка.
9. Young-Key Kim-Renaud, The Korean Alphabet: Its History and Structure. Honolulu: University of Hawai'i Press, 1997.
10. Михаленко А.О. Об истории японского языка и япон-

ских диалектах, – Интересная лингвистика.

11. Михаленко А. О., Гайрайго, – Интересная лингвистика.
12. <https://lingust.ru/chinese/chinese-lessons/lesson2> «Эволюция китайской письменности».
13. Сравнение некоторых традиционных, упрощенных китайских и японских упрощенных форм иероглифов. Таблица(1).
14. Чжоу Югуан. Модернизация китайского языка и письменности // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1989. – Вып. XXII. Языкознание в Китае. – С. 376-398.
15. Дэниэл Г. Пибл, Структурное представление китайских иероглифов, 29 мая 2007.
16. Иванов А.Ю. Влияние корейского языка на процесс формирования японского языка // Вестник Центра корееведческих исследований ДВГУ (Материалы международной научной конференции «100 лет корееведения в ДВГУ»). – Владивосток, 2000. – С. 52-60.
17. Кадзуаки Судо. «Японская письменность от истоков до наших дней». – М.: Восток-Запад, 2006.
18. Ким Герман. Рассказ 8. Легко ли поймёт сеулчхеньянца? Рассказы о родном языке.
19. <https://www.pri.org/stories/2015-05-19/korean-today-virtually-two-languages-and-thats-problem-north-korean-defectors> Strother, Jason "Korean Is Virtually Two Languages, and that's a Big Problem for North Korean Defectors". – Режим доступа: Lee, Peter H. (2003). A History of Korean Literature. Cambridge University Press. (19 May 2015). pp. 21–25.
20. <https://news.rambler.ru/asia/37858445-73-protsenta-naseleniya-kitaya-vladeyut-putunhua/73> процента населения Китая владеют путунхуа. Синьхуа. Пекин, 9 сентября 2017.
21. <https://anashina.com/ieroglificheskaya-pismennost/> Китайские иероглифы с древности до наших дней. Алпатов В.М. Япония: язык и общество. Институт востоковедения РАН, Москва, 2003.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫМЫЗДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ – ОТАН ТАРИХЫ

Самат ЕСКАЛИЕВ,
Қ.Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік
университеті, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жалғасы ретінде оның жаңа қырларын айқындап, тарихи сананы жаңғыртудың жолдарын көрсетеді [1].

«Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» және «Тарихи сананы жаңғырту» деп аталатын екі бөлімнен тұратын мақалада Елбасы ұлттық тарихымызды ежелгі заманнан қарастырып, оның тұжырымдамасын нақтылауға шақырады. Бұл күрмеуді шешу үшін тарихымызға ғылымның бүгінгі жетістігі тұрғысынан қарап, бұрынғы еуроцентристік көзқарастардан арылып, біздің ұлтымыздың арғы даңқты тарихын талдап оқытуға шақырады. Мәдени мұра, Тарих толқынында, Рухани жаңғыру бағдарламалары басталғалы жастарды ұмытылып бара жатқан өз халқымыздың әлемді таң қалдырған рухани және материалдық мәдениетіміздің үлгілері қызықтыруда. Осының барлығы жастарға эстетикалық және патриоттық тәрбие берудің құралы.

Тарихтың тәрбиелік рөлін ерте түсінген ел-

дің бірі – Германия. XIX ғасырдың басында бұл саяси жағынан бытыраңқы, шаруашылығы мешеу ел болатын. Аз уақытта саяси топтасып, Еуропаның алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуы неміс халқының ұлттық санасының оянуына байланысты еді. Ұлттық идеологияның қалыптасуына неміс халқының ұлттық санасының оянуына байланысты болды. Ұлттық идеологияның қалыптасуына бірде-бір әсер еткен фактор әрине неміс тарихшыларының жанқиярлық еңбегінің арқасы. Неміс мектептеріндегі ұлттық тарихты оқытуды жолға қою, университетті тарихи білімді реформалау іс-шаралары өз жемісін берді. XIX ғасырдың орта шенінде немістің тарих ғылымы бүкіл Еуропадағы алдыңғы қатардағы ғылымдар қатарына көтерілді. Ал енді келесі XX ғасырдың 30-40-жылдары неміс ұлтшылдығы шектен шығып, бүкіл өркениетке қауіп төндіргені мәлім [2]. Сондықтанда тарих пәнінің тәрбие берудегі мүмкіншілігін реттеп отыратын тиімді механизм қажет. Тарих пәнінің бағдарламасы да, оның оқулығы да, бұл пәннен сабақ беретін мұғалім, оқытушылардың біліктілігі, білім деңгейі, ұлттық көзқарасы мемлекеттің

қамқорлығында, бақылауында болуы қажет.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жас ұрпаққа тәрбие беру процесінде оларға тарихи білім беру негізгі міндет болып есептелді. «*Жеті атасын білмеген жетесіз*» деген қанатты сөз осы уақытта туса керек. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «*Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылықтығы. Қара халықтың тарихтан хабардығы мейлінше жоғары болған. Керек десеңіз, білім институттарының дамыған жүйесі бар бүгінгі күннің өзін бұрынғы қазақтардың санасындағы жаппай тарихшылықпен салыстыруға болмайды*», – деп жазды [3].

Тарихи білімі бар азаматтың мәдениетті, білімді, жан-жақты адам болып өсетіндігі белгілі. Өз халқының тарихын білген жас өскін елін сүйген, халқының қамын ойлаған, жерінің жаңаруы, гүлденуі жолында күрескер болып қалыптасады.

Тарихи білім қоғам мүшесінің азаматтық көз-қарасының қалыптасуына әсер етеді. Жаңа жағдайда тарих ғылымының алдындағы мақсаттар мен міндеттер жетерлік. Осы жерде академик М.Қ.Қозыбаевтың: «*Тарихшылардың өз халқы алдындағы қарызы белшеден*» [4] – деген сөзі еске түседі. Ал тарихшылар қоғам алдындағы қарызын да парызын да толығынан өтері анық.

Елбасының аталған мақаладағы ең басты көңіл бөлген мәселесі – тарихи сананы жаңғырту. Тұңғыш президент оны бірнеше ірі жобалар арқылы дамыту қажет деп санайды. Ол жобаларды төмендегіше көрсетіп берген: Архив – 2025; Ұлы даланың ұлы есімдері; Түркі әлемінің генезисі; Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі; Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы; Тарихтың, кино өнері мен телевизиядағы көрінісі.

Бұл аталған жобалар біздің еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан 2003 жылы жарияланған «Мәдени мұра» бағдарламасының жалғасы болып табылады. Елбасының жолдауымен қабылданған «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары – қазіргі Қазақстанның әлемдік өркендеуінің дәлелі.

РЕЗЮМЕ

В статье освещены основные направления программной статьи лидера нации Н.А. Назарбаева. Анализируются исторические, воспитательные, общественно-политические, культурно-просветительские аспекты данной статьи.

Ключевые слова: История, духовная модернизация, идеология, воспитание, историческое сознание.

The article discusses the main directions of the program article of the leader of the nation N.A. Nazarbayev. Historical, educational, socio-political, cultural aspects of this article are analyzed.

Key words: History, spiritual modernization, ideology, education, historical consciousness.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. Егемен Қазақстан. 21 қараша 2018 ж.
2. Коммеджер Г.С. Методологические проблемы истории. / В.Н. Сидорцев и др. Под. общ. Ред. В.Н. Сидорцева. – Мн.: «Тетра Системе» 2006 – с. 139.
3. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – М., 1991. – 28 б.
4. Қозыбаев М.Қ. Ақиқаттар ақтаңдағы. Алматы 1992. 3 бет.

ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ: олардың ұлттық сананы сақтау мен халық бірегейлігін нығайтудағы рөлі

Мәди РАХИМОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің II курс докторанты
Зүлиха МАРДАНОВА,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің профессоры, Қазақстан тарихы
кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын құру туралы: «*Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі*», –

